



**ҚАЗАҚ ӘЛПБИИ
ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА
КӨШІРУДІҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**



**ҚАЗАҚ ӘЛШБІН
ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУДІҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Алматы, 2017

ББК
Қ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Жалпы редакциясын басқарған: филология ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі **Е.З. Қажыбек**

Жауапты редактор: филология ғылымдарының кандидаты
А.Фазылжанова

Жауапты шығарушы: филология ғылымдарының кандидаты, доцент
С.Құлманов

Шығарушылар: Н.Әшімбаев, Н.Шүленбаев, Б.Карбозова,
А.Шормақова, Г.Тілегенова, А.Қожахметова

Пікір берушілер:

Сүлейменова Э.Д. – филология ғылымдарының докторы, профессор
Ахметжанова З.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор
Жұбанов А.Қ. – филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің стратегиялық негіздері. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2017.
– 128 бет, 210 бет слайд.

Кітапта Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында аталған қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру іс-шараларының жалпы стратегиялық негіздері қамтылды. Атап айтқанда: Елбасы мақаласы жөніндегі қолдау пікірлер, лингвистикалық сараптамалық мақала, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жана ұлттық әліпбиге көшірудің тұжырымдамасы, бағдарламасы, әдістемелік ұсыным, жұмыс жоспарларының жобалары, ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, аралық есеп, сондай-ақ қазақ жазуын латын графикасына көшіру жөніндегі баяндамалардың слайдтары енгізілді.

Кітап көпшілік қауымға арналады.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	
Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына орай (Е.Қажыбек)	
Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру бойынша іс-шаралар туралы баяндама (Е.Қажыбек)	
Елбасы тапсырмасын орындау: таңдау, талғау, саралау (Е.Қажыбек, Н.Уәли, А.Фазылжанова)	
Классикалық қазақ әліпбиі (Е.Қажыбек)	
Диграф пен апостроф жөнінде (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің тұжырымдамасы (Е.Қажыбек, Р.Қадыржанов, Н.Уәли, А.Фазылжанова)	
Концепция перехода казахской письменности на новый национальный алфавит на основе латинской графики (Е.Қажыбек, Р.Қадыржанов, Н.Уәли, А.Фазылжанова)	
Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобының қызметін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары (Е.Қажыбек)	
Методические рекомендации по организации деятельности Рабочей группы по переводу казахского письма на новый национальный алфавит на основе латинской графики (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге кезең-кезеңмен көшіру бойынша кешенді ведомствоаралық бағдарлама (жоба) (Е.Қажыбек)	
Комплексная межведомственная программа поэтапного перехода казахского письма на новый алфавит на основе латинской графики (проект) (Е.Қажыбек)	
Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының негізгі ережелерін түсіндіру мен тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша 2017 жылғы іс-шаралардың Республикалық жоспары (жоба) (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Жұмыс жоспары (жоба) (Е.Қажыбек)	
Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру жобасының іске асырылуы туралы ақпарат (Е.Қажыбек)	
Премьер-Министрдің Кеңесіне берілген ақпарат (Е.Қажыбек)	
Латын графикасына көшу бағдарламасына арналған негізгі бағдарлар (Е.Қажыбек)	
Латын графикасына көшкен түркітілдес мемлекеттердің тәжірибесі	

бойынша анықтама (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасына көшіру бойынша ұсыныстар (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасына көшіру мәселесі бойынша баяндамалар (Е.Қажыбек)	
Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобының аралық есебі (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын латын графикасына көшіру бойынша таяу жылдарда қаралатын мәселелер (Е.Қажыбек)	
СЛАЙДТАР – СЛАЙДЫ – SLIDES	
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын таныстыру (Е.Қажыбек)	
Латын графикасына көшу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағдарлары (Е.Қажыбек)	
Латын әліпбиі (Е.Қажыбек)	
The choice of Kazakhstan – The transition of the state language To the Latin graphic system (Е.Кhazhybek)	
Латинский алфавит (Е.Қажыбек)	
Жаңа ұлттық әліпби бойынша жұмыс тобы (Е.Қажыбек)	
Латын графикасына негізделген қазақ әліпби жобаларын тілтанымдық талдау (Е.Қажыбек)	
Қазақ жазуын реформалау (Е.Қажыбек)	
Латын әліпбиі: Ұлттық жоба (Ә.Жүнісбек)	

АЛҒЫ СӨЗ

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсетілген тапсырмаларды орындауға арналған кешенді іс-шаралар қарқынды, ауқымды әрі жоспарлы түрде қолға алынып, нәтижелі атқарылуда.

Бұл іс-шараға «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2017 жылғы 17 сәуірдегі № 462 Жарлығы бастау болды.

Елбасы мақаласында атап көрсетілген қазақ жазуын латын графикасына көшіру жолымен реформалау мәселесіне орай жоғарыда аталған Комиссияға қарасты Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы жасақталды. Жұмыс тобының төрағасы ретінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі Е.Қажыбек тағайындалды. Жұмыс тобының құрамына белгілі лингвист-ғалымдар, қоғам қайраткерлері, IT мамандары, журналистер енгізілді.

Жұмыс тобы латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі жобаларының ұсынылған нұсқаларын салыстыра талдаудың, көптеген талқылаулардың нәтижесінде 2017 жылдың тамыз айында жүзден аса нұсқаның ішінен екеуіне тоқталып, 2017 жылғы 11 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Парламентінде өткен тыңдауда латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиінің бір жобасы таныстырылды.

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес, бұл мәселені талқылау жұмыстары жалпы жұртшылықтың қатысуымен жүзеге асырылды. Бұл нұсқаны талқылауға ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлердің, республикамыздағы жоғары оқу орындары оқытушыларының, жастар мен зейнеткерлердің, шетелдік отандастарымыз бен шетелдік сарапшылардың, жазушылар мен депутаттық корпусстың, компьютерлік ғылым саласы, ағылшын және қазақ тілдерінің мамандары мен түркологтардың, ең бастысы қарапайым жұртшылықтың белсене қатысуының нәтижесінде ұсынылған жобаның кемшін тұстары анықталды.

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбимен ауыстыру жолымен реформалауға кеңестік дәуірдегідей әкімшілдік-әміршілдік жүйенің механизмі емес, жалпы халықтың қатысуымен, демократиялық жолмен жүзеге асыру Ұлт Көшбасшысының дәйекті ұстанымы деп білеміз.

Бүкілхалықтық талқылауға салынып, біраз өңделгеннен кейін «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығымен жаңа қазақ әліпбиі бекітіліп, Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Ұлттық комиссияның құрамына

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры және 2 қызметкері мүше ретінде қабылданды.

Ұлттық комиссия іле-шала өз жұмысын қарқынды түрде бастап кетті. Ұлттық комиссияның 2017 жылғы 7 желтоқсандағы отырысының № 2 хаттамасымен Терминологиялық жұмыс тобы, Әдістемелік жұмыс тобы, Орфографиялық жұмыс тобы және Сараптамалық-техникалық жұмыс тобының ережелері, жұмыс топтарының құрамы және жұмыс жоспарлары бекітілді. Аталған жұмыс топтарының құрамына А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының оннан астам қызметкері мүше ретінде қабылданды.

Институт қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша жұмыстарды үш бағытта ұйымдастырды:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының қағидаларын республика тұрғындарына, қалың жұртшылыққа түсіндіру.

Бұл бағытта жалпы БАҚ-та үш мыңдай материал жарық көрсе, Институт ғалымдарының 100-ге жуық мақаласы жарияланып, сұхбаттары берілді.

2. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі жұмыс тобының қызметін ұйымдастыру.

Бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыру бойынша Институт Жұмыс тобының көптеген отырыстарын, ірі қалалар мен еліміздің өңірлерінде көшпелі әдістемелік семинарлар өткізді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен 20-дан аса іс-шара (конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер және т.б.) өткізіліп, оларға 2000-нан астам адам қатысты.

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты басқа да мекемелермен бірлесіп өткізген 15 жиынға 2000-ға жуық адам қатысты.

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қызметкерлері басқа ұйымдарда («Нұр Отан» партиясының мәжілістерінде, ғылыми-зерттеу институттарында, жоғары оқу орындарында, мұрағаттарда, кітапханаларда, мектептерде және т.б.) өткізілген 50-ге жуық іс-шараға қатысты.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын графикасына қатысты іс-шараларды Астана, Алматы қалаларымен қатар, Шымкент, Тараз, Ақтау, Атырау, Талдықорған, Талғар және т.б. қалаларда ұйымдастырды. Осы ретте А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Е.Қажыбектің Францияның Париж қаласында ЮНЕСКО шеңберінде өткен конференцияда, Түркияның Стамбұл қаласында өткен Халықаралық түркологиялық құрылтайда қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы жасаған баяндамаларының көпшіліктің көңілінен шыққанын баса айтуымыз керек.

3. Қазақ жазуын латын графикасына ауыстыру жолымен реформалау бойынша Қазақстан Республикасының Президенті

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының негізгі қағидаларын іске асырудың ғылыми негіздерін және ғылыми-теориялық, ғылыми-практикалық тұрғыдан сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

Бұл бағыт бойынша Институт төмендегі материалдарды әзірледі:

- Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бағдарламасы;
- Қазақ жазуын латын графикасына көшіру тұжырымдамасы;
- Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру бойынша жұмыс тобының қызметін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар;
- Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру бойынша іс-шаралар жоспары;
- Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдар.

Жарияланымдар:

1. «А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: Зерттеу, жүйелеу, насихаттау». Ғылыми-тәжірибелік мақалалар жинағы;
2. «Тамыры терең әліпби» ғылыми-тәжірибелік мақалалар жинағы;
3. «Түркі ортақ әліпбиі» (авторлары – жұмыс тобының мүшелері) ғылыми-тәжірибелік мақалалар мен нормативтік материалдар жинағы;
4. «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы» атты материалдар жинағы.

«Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру үшін латын графикасын қолданудың бірыңғай стандартын әзірлеу» атты зерттеу жобасы аяқталып, Институт сайтына орналастырылды, нәтижелері электронды нұсқалар түрінде ұсынылды:

- 1 ұжымдық ғылыми монография,
- 2 талдама жинағы,
- 2 кітап,
- 1 қазақ тілінің жаңа латынграфикалы әліпбидегі орфографиялық ережелерінің қанатқақты (пилоттық) жобасы,
- 4 жаңа қазақ нормативтік сөздіктерінің проспектісі,
- 1 қазақ графемаларының жиілік сөздігі.

Бұл кітапқа Елбасының жоғарыда аталған мақаласында айтылған өзекті мәселенің бірі – қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің стратегиялық негіздерін құрайтын құжаттық (тұжырымдама, бағдарлама, жұмыс жоспарлары), анықтамалық-ақпараттық (ақпараттар, анықтамалар, ұсыныстар, баяндамалар, есептер) сипаттағы материалдар, сондай-ақ конференцияларда, семинарларда, дөңгелек үстелдерде жасалған баяндамалардың слайдтары енгізілді. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудің стратегиялық негіздерін құрайтын құжаттық сипаттағы тұжырымдама мен бағдарламаның орыс тіліндегі, сондай-ақ кейбір слайдтардың ағылшын тіліндегі нұсқасы да қоса берілді.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ
Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 12 СӘУІРДЕГІ «БОЛАШАҚҚА
БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» АТТЫ
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚАЛАСЫНА ОРАЙ**

АСА МӘРТЕБЕЛІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ!

Сіздің бағдарламалық мақалаңыз халықтың көкейіндегі үлкен жұмыстарды бастап берді.

Солардың бірегейі – мемлекеттік тілімізді латын әліпбиіне көшіру.

Жаңа өзіңіз атап өткендей, мәселені тікелей бақылауға алып, жұмыс тобының толыққанды қызмет етуіне барлық жағдайды жасағаныңыз үшін жұмыс тобы мүшелерінің атынан Сізге зор алғыс білдіргім келеді.

Біз алғашқы күннен Сіздің тапсырмаңызға сәйкес жан-жақты іске кірістік.

Жұмыс тобының құрылымы бекітіліп, оған бұл салаға қатысы бар барлық салалар бойынша еліміздегі ең мықты мамандар тартылды.

Атап айтсақ, оған жетекші жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары және ғылыми сарапшылық қауымдастық өкілдері қамтылды.

Олардың ішінде қазақ (түркі), ағылшын (еуропа) және кирилл-славян жазулары мен тілдерінің, сондай-ақ, IT-бағдарламалар мен кодтау саласының мамандары бар.

Жұмыс тобының қызметі мен бағыттары Ұлттық комиссияның отырысында 3 рет қаралып, бекітілді.

Біз жазғытұрымнан бері шетелдік және отандық ғалымдардың қатысуымен қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруге арналған көптеген ауқымды шаралар ұйымдастырдық.

Зиялы қауыммен және ғылыми ортамен сан рет кездесу өткізіп, мәселенің мәнін түсіндірдік.

Жиырмадан астам ғылыми-практикалық және әдістемелік іс-шараға үш мыңнан астам ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысып, бәрі де өздерінің қолдауын білдірді.

Қазақстанның тілдік жаңғыру мәселелері шілдеде Стамбұлда өткен «TürkBirDev» түркологиялық Құрылтайында қолдау тапты.

Отандық ақпарат құралдарының жұмысында бұл тақырып кеңінен қамтылды.

Басқосулар мен кездесулер барысында түйгеніміз – тек мамандар ғана емес, барша қазақстандықтар реформаның айрықша маңызын терең түсінеді.

Оны отандық және шетелдік ғалымдар, халық қалаулылары, зейнеткерлер, жастар, отандастар және басқа да қоғам өкілдері бірауыздан қолдауда.

2017 жылғы 11 қыркүйекте болған Парламенттік тыңдау бүкіл Қазақстанды қамтыған жалпыұлттық талқылауды бастап берді.

Алдын ала түсіндіру жұмысы жоспарлы түрде өткізілген соң, сауалдар күрт азайып, дегбірсізденген азаматтар реформаның мән-жайына көз жеткізіп, сабасына түсті.

Ерекше атап өтерлігі, Сіз сұхбатыңызда мәселені қолмен қойғандай етіп, нақты түсіндіріп бергеніңіз халықтың көңіл күйіне айрықша әсер етті.

Бұл мәселе Сіздің тікелей назарыңызда екенін және жұмыстар жоспарлы түрде біртіндеп жасалатынын Сізден естігеннен кейін елдің көңілі бірден орнына түсті.

Сол себепті, пікірталас негізінен жекелеген әріптерге қатысты өрбіді.

Осы орайда, біз латынға бұған дейін көшкен Әзербайжан, Түркіменстан, Түркия, Өзбекстан сияқты түркі тектес елдердің және сан ғасырлық дәстүрлі жазуы бар Франция, Германия, Польша және басқа да батыс елдерінің тәжірибелерін сараптадық.

Бауырлас елдердің жаңа әліпбилеріне төл дыбыстары енбей қалғандықтан, олар біртіндеп айналымнан шығып қалған.

Жұмыс ғылыми негізге сүйенбеген және ең жоғарғы деңгейде бақылауға алынбаған мемлекеттерде реформа ондаған жылдарға созылып, нәтиже бермеуде.

Бізде бұл кемшіліктердің ешқайсысына жол берілген жоқ деп сеніммен айта аламыз.

Сонымен бірге, Еуроодақ елдерінде төл дыбыстарын апострофпен беру кеңінен таралған.

Ондай тәсіл тілдің өз функциясын тиімді атқаруына еш кедергі келтірмейді.

Жұмыс тобы Сіздің ескертулеріңізден қорытынды жасап, халықтың пікірін ескере отырып, қазақтың төл дыбыстарын нақты бере алатын әріптері бар жаңа әліпби нұсқасын жасауда.

Аса мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы!

Өзіңіз айтқандай, тіл реформасы тек әріп алмастыру емес.

Сіз мақалаңызда нақты көрсеткендей, алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізіледі.

Реформа – мемлекеттік тілді дамыту жолындағы ең басты тәсілдердің бірі.

Осынау елдік жұмысты жоғары деңгейде жүргізу үшін бірқатар ұсыныстарымды да білдіруге рұқсат етіңіз.

Шаруаның ауқымы мен қарқынын ескере отырып, келер жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Астанада Бас офисін ашу мәселесі қарастырылса оң болар еді.

Бұған қоса облыс орталықтары мен ірі қалалардағы университеттерде арнайы «Мемлекеттік тілді дамыту» кафедраларын ашып, сертификатталған, әрі нақты салаға бағытталған тіл мамандарын даярлау ісін бір жүйеге түсірген жөн деп ойлаймын.

Аталмыш бағдарламаға сәйкес келер жылдан бастап 2025 жылға дейін әр жылы докторантура мен магистратураға орын бөлінсе деген ұсынысым да бар.

Аса құрметті Елбасы!

Сөзімнің соңында, отандық тіл мамандары Сіз күткен, халық күткен үдеден шығып, ең ыңғайлы, ең дұрыс әліпбидің жобасын жасау үшін және одан кейінгі жұмыстардың бәрін сапалы атқару үшін аянбайтынын айтқым келеді.

Сондай-ақ, жұмыс барысында біз көптеген ғалымдармен, зиялы қауым өкілдерімен, халықпен кездескенімізді жаңа айттым.

Олардың бәрі Сізге сәлем жолдап, ел тарихында бұрын-соңды болмаған Рухани жаңғыру үшін зор ризашылық білдіруде.

Рақмет.

*Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына
көшіру жөніндегі Жұмыс тобының басшысы,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының директоры
Е.З. Қажыбек*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

Қазақстан Республикасының Президенті
Н.Ә. Назарбаевқа

Аса мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сіздің тапсырмаңызға сәйкес ағымдағы жылдың сәуір-мамыр айларында Жұмыс тобының құрамы қазақ тілінің ғалымдарынан, кирилл жазуы, ағылшын тілі, ІТ және компьютерлік лингвистика, тіл символдарын бағдарламалау мен кодтау бойынша мамандарынан жасақталды.

Сонымен қатар Жұмыс тобының:

- Басқарушы Кеңесі;
- Сарапшы Кеңесі;
- Қолдаушы серіктес тобы;
- Өңірлік бөлімшелер құрамы мен қызметтері анықталды.

Жұмыс тобы мамыр-қазан айларында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін латын қарпіне көшірудің –

- «Тұжырымдамасын»;
- «Әдістемелік ұсыныстар нұсқаулығын»;
- «Бағдарламасы» мен «Жоспарын»;
- «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуының модернизациясы» атты кешенді ғылыми-зерттеу Жобаны;
- «Іс-шаралар тізімін»;
- «Ақпараттық-танымдық анықтамалық материалдарын»;
- «Жоба ұсынушы Сауалнамасын» және т.б. құжаттарды даярлады.

Келелі мәселе қалың жұртшылықтың – мемлекеттік қызметкерлер, халық қалаулылары, отандық және шетелдік ғалымдар, зейнеткерлер, отандастар, жастар тарапынан – бірауыздан қолдау тапты.

Латынға бізден бұрын көшкен түркітөктес мемлекеттер мен ЕО елдерінің тәжірибесі мұқият сарапталды. Кемшіліктері ескеріліп, артықшылықтары тізілді.

Мысал ретінде Әзербайжанды алайық.

Әзербайжан шешімді ең алғашқы болып 1991 ж. қабылдаса да, шынайы бұл іске кейінірек кірісті.

Өйткені он жылдан соң да мәселе ойдағыдай болмады.

Мұның салдарынан Гейдар Әлиев 2001 ж. қосымша екі қатаң Жарлықты шығаруға мәжбүр болды – 18 маусымда және 9 тамызда.

Түптеп келгенде, ең жоғары президент деңгейінде 5 шешімді қабылдауға тура келді. Іс осындай тыйымдар мен бұйрықтардың арқасында ғана оңалды.

Бүгінгі күні Әзербайжанда 9 тамыз – Туған тілі мен ұлттық жазу күні.

Бұрынғы кирилл жазуында әзербайжан тілінде төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары түсіп қалған еді. Жаңа латынында олар осы олқылықтың орнын толтырды. Бұрын олар қате *гардаш, гарындаш* деп айтса, енді олар дұрыс: *қардаш [qardaş], қарындаш [qarındaş]* дейтін болды.

Түркіменстанға келсек, түркмендер 1993 жылы Түркия Президенті ресми сапармен еліне келген тұста асығыста шешім қабылдап, әліпбиін дайындықсыз ауыстыра салған.

Нәтижесінде олар бұрынғы орыс әліпбиін айнытпай қайталау ісімен ғана шектеле салды.

Осылайша, тілінде мазмұнды қызмет атқаратын [қ] және [ғ] дыбыстары таңбаланбай қалды. Аталмыш төл дыбыстарды жеке-жеке көрсететін әріптері жиырмасыншы жылдарындағы түркімен латыншасында да, одан бұрынғы араб нұсқасында да болған еді.

Түркияда да Кемал Ататүрік кезінде елін айналдырған жеті-сегіз айда жаңа әліпбиге аударған. Өкініштісі, маңызды төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары таңбаланбай қалды.

Қазір түрік тілінің тұтынушылары *гүзәл [güzäl], қойун [qoyun], қатун [qatun]* орнына – *гүзел [güzel], койун [koyun], катун [katun]* дейтін болды. Яғни төл [қ], [ң] және [ә] дыбыстары айналымнан шеттетілді.

Осының салдарынан, жалпытүркі [а], [ы], [ұ], [о] дыбыстардың жанында тек қана [қ, қ] болу мүмкін деген және [к, к] дыбысының жанында жалғыз [ә], [і], [ү], [ө] болады деген үндесім қағидалық заңдылығы өрескел бұзылды.

Ең көп қиындыққа тап болған ел – Өзбекстан.

1993 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған алғашқы Жарлықта латынға көшу үрдісі бюджеттен тысқары көздерден қаржыландырылады деп көрсетілген. Саяси тапсырыс болмаған соң, іс баяу жүрді. Сондықтан бірінші аяқтау мерзімі – 2000 жылы орындалмады.

Екінші 2005 жылға дейін құрылған жоспар да іске аспады.

Мемлекетте ұлттық парасы (қағаз және металл) және басқа да маңызды ақпарат, БАҚ, теледидар, тысқы реклама екі графикада шығарылады. Біраз ЖОО дәрістері мен оқу-тәрбие жұмысын екі әліпбиде жарыстырып құрастырады.

Өзбекстан тілші-ғалымдарының пайымдауынша, осындай келеңсіз жағдайдың негізгі себебі – реформалары ғылыми негізге сүйенбей жүргізілгендіктен болды.

Еуропа Одағы латын әліпбилі елдердің басым көпшілігі төл дыбыстарын таңбалау үшін ерекше, дәстүрлі латынға қосымша әріптерді пайдаланады.

Мысалы, француз тілінде диакритикалық таңбалар да (*é, è, à, ù, ê, â, ô, î, û, ë, ï, ü, ÿ, ç*), лигатура-диграфтар да (*œ, œ*) баршылық.

Немес тілінде де умлаут (*ä, ö, ü, ß* және кейде – *ae, oe*), поляк (*ć, ś, ź, dz, dź, dż, cz, rz*) және басқа Еуропа одағы елдерінде әр әліпби – төл дыбыстары мен ерекше әріптерімен қамтамасыз етіледі.

Бір маңызды нәрсенің басын ашып алу қажет.

Көпшілік қауым тілдік реформаны әріп алмастыру деп жаңсақ түсініп жүр.

Алфавит қабылдау – айсбергтің ұшы, қыруар жұмыстың бастамасы, алғышарты ғана. «Рухани жаңғыру» бағдарламалы мақалаңызда нақты көрсетілгендей, «алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс».

Атап айтсақ, олар жаңа қазақ жазуының –

- ✓ фонетика-фонологиялық негіздерін жаңадан түзіп шығу;
- ✓ латын графикасы негізіндегі әліпби бойынша қазіргі қазақ жазуының орфографиялық ережелерінің нобайын әзірлеу;
- ✓ жаңа әліпби негізінде терминдік, ономастикалық, ескі жазба кітаби лексикалық бірліктердің заңдылықтарын іріктеп, бекіту;
- ✓ жаңа ұлттық әліпбиді үйретуге арналған оқулықтарды, меңгертуге арналған әдістемелік оқу құралдарды дайындау;
- ✓ тәжірибелік-үйлестіру және біліктілікті арттыру дәрістер жүйесін қалыптастыру;
- ✓ мектепке дейінгі, орта және жоғары білім беру мекемелері, әдістемелік-үйлестіру, ғылыми, білім беру ұйымдарының оқушы-мұғалімдерін даярлау;
- ✓ жазу реформасының ұлттық және мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілінің өміршеңдігі мен болашағына игі әсер ететін механизмдерді анықтап, енгізу;
- ✓ мемлекеттік тіл саясатының тиімділігін арттыру мәселелерін ұйымдастыру;
- ✓ автоматты түрде кирилл жазуынан латын графикасына өзгертін әрі латын жазуын жедел түрде үйретуге бағытталған мобильдік қосымшалардың ІТ бағдарламалар кешенін дайындау;
- ✓ ғылымның әр саласына арналған бір тілді, екі тілді, көп тілді сөздіктерді жасауды және т.б. іс-шараларды зерттеу, сараптау, бекіту, іске асыру және т.б.

Кейбір маңызды іс-шаралады атап өтсек, олар:

Висконсин (АҚШ) және Стамбұл университеттерінің профессорлары және Қазақстанның 14 облыс пен Алматы, Астана қалаларынан тіл саясатына жауапты қызметкерлер мен ғалымдардың қатысуымен Халықаралық «Тамыры терең әліпби» конференциясы;

«Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: Зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты республикалық конференция;

«Латын әліпбиіне көшу: Дайындық барысы» – өңірлік дөңгелек үстелі және т.б.

Төмендегі мекеме-ұйымдармен алқалы басқосулар ұйымдастырылды:

- ҚР Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтымен;
- Назарбаев Университетімен, Қазақ ұлттық әл-Фараби, Абай атындағы және Аграрлық университеттерімен;
- ҚР Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктерімен;

- Республикалық Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту орталығы мен ҚР МСМ Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыстар комитетімен;
- Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамымен;
- ҚР БҒМ Әдебиет және өнер, Тіл білімі, Тарих және этнология, Шығыстану, Философия, саясаттану және дінтану институттарымен;
- Халықаралық Түрік академиясымен;
- ҚР облыс әкімшіліктерімен (Алматы, Астана қалалары мен Алматы, Маңғыстау, Қызылорда облыстары);
- Жалпыұлттық «Қазақстан – 2050» демократиялық күштер коалициясымен;
- «Нұр Отан» партиясы саяси менеджменті Мектебімен;
- «Нұр Отан» партиясы республикалық «Мирас» кеңесімен;
- Қазақстан халқы Ассамблеясымен;
- Республикалық және өңірлік баспасөз ақпарат құралдарымен, телеарналар мен ақпараттық портал-сайттармен және т.б.

2017 жылғы 11 қыркүйекте ҚР Парламентінде тыңдау өтті.

Жалпы жиырмадан астам ғылыми-практикалық және әдістемелік іс-шараларға үш мыңнан астам ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысып, сөз сөйлеп, өздерінің қолдау пікірлерін білдірді.

Ағымдағы жылдың шілде айында Қазақстанның тілдік жаңғыру мәселелері Стамбұл қаласында өткен «TürkBirDev» түркологиялық Құрылтайында қолдау тапты.

Отандық БАҚ-та, теледидар мен радио, ғаламторлық желілерде үш мыңға жуық мақала, сұхбаттар жария етілді.

Парламентте ұсынылған QWERTY-жобаның кейбір тың, көпшілікке үйреншікті емес тәсілдеріне байланысты түрлі ескертпе-тілектердің көптігіне – жұмыс топ мүшелері, негізінен, дайын болды және осыған байланысты тиісті мәселелерді түсіндіру мен үйрету іс-шараларына білек сыбана белсене қатысты.

Осы орайда, ерекше атап өтуді қажет ететін мәселе – түсіндіру жұмыстары ойдағыдай жоспарлы түрде өткізілген соң, қойылатын сұрақ-сауалдардың көлемі күрт азайғанының және кеше ғана біраз дегбірсізденгендердің басым көпшілігі мәселенің анық-қанығына көздерін жеткізгені белгілі болды.

Сондықтан, Сіздің тапсырмаңызға толық сәйкес, Жұмыс тобы өздерінің отырыстарын жоспарлы және тұрақты түрде жалғастыруда.

Қазіргі кезде жұртшылық назары нақты әліпбилік мәселелеріне ауыңқырап отырғанын жоғарыда атап өттік. Дегенмен, еліміздегі тілдік реформамыздың басым бөлігі – әліпбиді ауыстыру ісіне байланысты емес.

Әріп ауыстыру – таза техникалық мәселе. Бұл келелі істі, аса құрметті мәртебелі Нұрсұлтан Әбішұлы, өзіңіздің берген тапсырмаңызға толық сәйкес, қалың көпшілікпен ақылдаса отырып, сапалы әрі тиімді бір пайымға келетініміз жөнінде Сізге кепілдік беруге рұқсат етіңіз. Елге ыңғайлы,

ғылымға негізделген, заман талабына сай нұсқаға тоқтаймыз. Бұл ретте, ең көп орасан зор міндеттер 2018-2020 жылдары аралығында ғылыми-ұйымдастыру, сараптамалық, ереже-әдістемелік іс-шаралар шеңберінде екенін, латын графикасына төл сөздер мен кірме сөздерді бір жүйеге келтіру, жаңа жазу жүйесінің белгілерін тіл білімінің негізгі салалары бойынша қазақ тілінің табиғатына сәйкес дыбыстық жүйесіне бейімдеу бағытында екенін тағы да бір атап өткен жөн.

Тізбектеп шықсақ, олар:

- Сөз мәдениеті, шешендік өнері;
- IT-лингвистика;
- Мемлекеттік тілді дамыту – әлеуметтік лингвистика;
- Интонология, дыбыстану;
- Грамматика, морфология, сөзжасам, синтаксис;
- Сөз, сөз тіркесі, мақал-мәтел, идиома, паремиология;
- Терминтану мен аударма, арнаулы атаулар жүйесі;
- Кісі аттары, жер-су аттары, басқа көптеген жалқы есімдер

топтары;

- Этнолингвистика, архаизмдер, этнографизмдер;
- Түркітану мен алтаистика және т.б.

Жоғарыда көрсетілген әр сала бойынша жаңа әліпбиге икемделген және тіліміздің төл табиғатына негізделген –

- нормативтік заңдылықтарын,
- ортологиялық ережелерін,
- емле тәртібін,
- қолданылу нұсқаулықтарын,
- теориялық және практикалық тұстарын,
- оқулық-сөздіктерін жаңадан жазып даярлау, әсіресе,
- іс-қағаздарды мемлекеттік тілге көшіруге байланысты,
- ұлттық терминологияны қалыптастыру істеріне ғылыми-

әдістемелік негізін қалау – осы сала бойынша ең маңызды әрі ауқымды мақсаты мен қыруар шаруасы.

Жұмыс тобы зерттеу жұмысының алдағы айларда қорытындылау кезеңінде Қазақстанның батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік, орталық өңірлерінде және Алматы мен Астана қалаларында оқыту-тренингтік семинарларын ұйымдастыруды көздеп отыр.

Олардың бәрі жүйелі, кешенді, кезең-кезеңімен, жоспарлы түрде, науқаншылыққа бой алдырмай, белгіленген тәртіппен өтеді.

Үйлестіру, кеңес беру бағытындағы әдістемелік онлайн режимдегі Вебинар жұмысын және ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының порталында орналасқан «Сұрақ-жауап» белсенді ақпараттық қызметінің жүйесін іске қосу үшін қажетті жағдайды қалыптастыруды қолға алмақпыз.

Жоғарыда көрсетілген іс-шараларды Жұмыс тобы мен Тіл білімі институты белгіленген жоспар бойынша іске асыруда.

Сөзімді аяқтай келе, келесі жылдан бастап, мемлекеттік тілді жаңа әліпбиге көшіру жұмыстарының ауқымы мен қарқынына байланысты ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Астанада Бас офисін ашу мәселесін қарастырған жөн болар деп ойлаймыз.

Бұған қоса әр облыс орталығы мен ірі қалаларда орналасқан университеттерде арнайы «Мемлекеттік тілді дамыту» кафедралары ашылып, Тіл білімі институты көмегімен сертификатталған әрі нақты салаға бағытталған тілші мамандарды даярлау ісін біржүйелендірген абзал деп санаймыз.

Осыған орай келесі жылдардан бастап 2025 жылға дейін әр жылы докторантура мен магистратураға аталмыш бағдарламаға сәйкес орын бөлдірген дұрыс болады деп есептейміз.

*Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына
көшіру жөніндегі Жұмыс тобының басшысы,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының директоры
Е.З. Қажыбек*

ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ: ТАҢДАУ, ТАЛҒАУ, САРАЛАУ

«Әлемде ешбір ел өзінің жаңа әліпбиін бүкіл халық болып осылайша талқылаған емес. Біз үшін әрбір адамның пікірін білу маңызды»
Нұрсұлтан Назарбаев

Ұлт көшбасшысы – Елбасы мақаласы жарық көргеннен кейін елімізде рухани жаңғыруға арналған кешенді іс-шарлардың қарқынды, ауқымды және жоспарлы түрде қолға алына басталғаны – маңызы зор тарихи оқиға. Тіл мәселесі – солардың негізі, бастапқысы, бастысы.

Көптеген өркениетті елдің ежелгі тарихнамасынан белгілі, қай халық болмасын алдымен әліпбиін түзіп, жазу-сызуын жөнге салды. Сөйтіп, жазба тіл коммуникацияның теңдессіз құралы ғана болып қойған жоқ, жазу арқылы небір күрделі, сан қатпарлы ой-сезімді жеткізе алатын таңбалар жүйесіне айналып, адамның ойлау қабілетін, қоғамдық санасын жетілдірудің, ой желісін реттеудің тетігіне айналды.

Елбасымыздың жазу-сызуымызды реформалау жөніндегі тереңнен тамыр тартқан идеясы рухани дүниеміздегі ұлы бетбұрыс болды. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті – Елбасы еліміздің жеткіншектерінің жарқын болашағы ана тіліміздің дағдарыстан шығып өркендеуінде деп білді. Сөйтіп, латын әліпбиіне көшу **таңдау кезеңінен** өтті.

Мектеп баласы өз сауатын қазақ тілінде кирилл әліпбиімен ашқанымен, бүгінгі жазуымыздағы *ь, ъ, ю, я, щ, ё, ч, э* тәрізді таңбалар арқылы мәдени-тілдік ассимиляцияға ұшырап, айтылым мен жазылым үлгілерінде әралуан шетелдік сөздерді игерудің тілдік тетігі тоқырап қалғанын Елбасымыз жақсы біледі. Сондықтан жаңа әліпби, біріншіден, тілдің рухына, екіншіден, заман сұранысына, үшіншіден, жаңа технологиялық өрістеуге сай айшықты әліпби болу керек деп талап қойып отыр. Осы талапқа сәйкес жұмыс тобы **талғау кезеңін** де өткерді. Сөйтіп, негізінен болашақ әліпбидің үш жобасы айқындалды.

Әліпбиді реформалауға кеңестік дәуірдегідей әкімшілдік-әміршілдік жүйенің механизмі емес, демократиялық жолмен жүзеге асыру Елбасымыздың дәйекті ұстанымы болып отыр. Әліпби жобаларын талқылау неғұрлым жалпыхалықтық сипат алуына Елбасының баса көңіл қоюуы да сондықтан. Әсіресе *«ғалымдар айтса бопты»*, *«билікке ұнаса бопты»* дейтін самарқау сананы емес, жұртшылықтың белсенді қатысуына айрықша ден қойып, түрткі болды. Сондықтан Жұмыс тобы **саралау кезеңінде** жұртшылық талқысына түскен *тамыздағы, қыркүйектегі, қазандағы* жобаларды селективті әдіспен саралау елегінен өткізіп, құнды пікір-ұсыныстарды жинап алмақ.

Әліпби таңдау процедурасына неғұрлым бұқаралақ сипат беру үшін Жұмыс тобы оқырманы көп, кеңтаралымды еліміздің бас газеті «Егемен Қазақстан» арқылы үш жобамен терілген мәтінді назарларыңызға ұсынып отыр. Әр мәтінді оқып бастаған уақытыңызды тіркеп, біткендегі

уақытыңызға қарап, жұмсалған минут санын шығаруды ұмытпаңыз. Мәтін соңында берілген сауалдарға белсенді жауап берулеріңіз Жұмыс тобының алдағы ісіне әрі Елбасымыз күткендей болашақ әліпбиімізді ел болып таңдауымызға үлкен көмегін тигізеді.

ТАМЫЗ ЖОБАСЫ

№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ		№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ
1	A a	А а		18	O o	О о
2	Ä ä	Ә ә		19	Ö ö	Ө ө
3	B b	Б б		20	P p	П п
4	V v	В в		21	R r	Р р
5	G g	Г г		22	S s	С с
6	Ğ ğ	Ғ ғ		23	T t	Т т
7	D d	Д д		24	W w	У у
8	E e	Е е		25	U u	Ұ ұ/ У у
9	J j	Ж ж		26	Ü ü	Ү ү
10	Z z	З з		27	F f	Ф ф
11	Y y	Й й		28	H h	Х х
12	K k	К к		29	Ş ş	Ш ш
13	Q q	Қ қ		30	I ı	Ы ы
14	L l	Л л		31	I i	І і
15	M m	М м		32	C c	Ч ч
16	N n	Н н				
17	Ŋ ŋ	Ң ң				

ҚЫРКҮЙЕК ЖОБАСЫ

№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ	№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ
1	A a	А а	18	S s	С с.
2	B b	Б б	19	T t	Т т
3	D d	Д д	20	U u	Ұ ұ / У у
4	E e	Е е	21	V v	В в
5	F f	Ф ф	22	W w	У у
6	G g	Г г	23	Y y	Ы ы
7	H h	Х х, Һ һ	24	Z z	З з
8	I i	І і, И и	1	Ae ae	Ә ә
9	J j	Й й	2	Oe oe	Ө ө
10	K k	К к	3	Ue ue	Ү ү
11	L l	Л л	4	Ch ch	Ч ч
12	M m	М м	5	Gh gh	Ғ ғ
13	N n	Н н	6	Ng ng	Ң ң
14	O o	О о	7	Sh sh	Ш ш
15	P p	П п	8	Zh zh	Ж ж
16	Q q	Қ қ			
17	R r	Р р			

ҚАЗАН ЖОБАСЫ

№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ		№	ЛАТЫН	КИРИЛЛ
1	A a	А а		18	O o	О о
2	A' a'	Ә ә		19	O' o'	Ө ө
3	B b	Б б		20	P p	П п
4	D d	Д д		21	Q q	Қ қ
5	E e	Е е		22	R r	Р р
6	F f	Ф ф		23	S s	С с
7	G g	Г г		24	S' s'	Ш ш
8	G' g'	Ғ ғ		25	C' c'	Ч ч
9	H h	Х, һ		26	T t	Т т
10	I i	І і		27	U u	Ұ ұ
11	I' i'	И, й		28	U' u'	Ү ү
12	J j	Ж ж		29	V v	В в
13	K k	К к		30	Y y	Ы ы
14	L l	Л л		31	Y' y'	Ү ү
15	M m	М м		32	Z z	З з
16	N n	Н н				
17	N' n'	Ң ң				

Тамыздағы жоба мәтіні	Қыркүйектегі жоба мәтіні	Қазандағы жоба мәтіні
<p>«Külli jer jüzi bizdiñ köz aldımızda özgerude. Älemde bağıtı äli bulıñğır, jaña tariyhiy kezeñ bastaldı. Kün sanap özgerip jatqan dübirli düniyede sana-sezimimiz ben düniyetanımımızğa äbden siñip qalğan taptawrın qağıydalardan arılmasaq, köş basındağı eldermen terezemizdi teñep, ıyıq tüyistiru mümkin emes. Özgeru üşin özimizdi mıqtap qolğa alıp, zaman aғımına iykemdelu arqılı jaña däwiridiñ jaғımdı jaqtarın bojğa siñiruimiz kerek...</p> <p>...Qoғamdıq sana jañğırudıñ negizgi qağıydaların qalıptastırudı ğana emes, sonimen birge, bizdiñ zaman sınağına layıqtı tötep beruimizge qajetti naqtı jobalardı jüzege asıruımızdı da talap etedi. Osığan baylanıstı, men aldağı jıldarda mıqtap qolğa alu qajet bolatın birneşe jobanı usınamın. Birinşiden, qazaq tilin birtindep latin älipbiyine köşiru jumıstarın bastawımız kerek. Biz bul mäselege neğurlım дәyektilik qajettigin tereñ tüsinip, bayıppen qarap kelemiz</p>	<p>«Kuelli zher zhuezi bizding koez aldımyzda oezgerwde. Aelemde baghyty aeli bulynghyr, zhanga tarihi kezeng bastaldy. Kuen sanap oezgerip zhatqan duebirli dueniede sana-sezimimiz ben duenietanymymyzgha aebden singip qalghan taptawryn qaghidalardan arylmasaq, koesh basyndaghy eldermen terezemizdi tengep, iyq tuejistirw muemkin emes. Oezgerw ueshin oezimizdi myqtap qolgha alyp, zaman aghymyna ikemdelw arqyly zhanga daewirding zhaghymdy zhaqtaryn bojgha singirwimiz kerek...</p> <p>...Qoghamdyq sana zhangghyrwdyng negizgi qaghidalaryn qalyptastyrwdy ghana emes, sonymen birge, bizding zaman synaghyna lajyqty toetep berwimizge qazhetti naqty zhobalardy zhuezege asyrwymyzdy da talap etedi. Osyghan bajlanysty, men aldaghy zhyldarda myqtap qolgha alw qazhet bolatyn birneshe zhobany usynamyn. Birinshiden, qazaq tilin birtindep latyn aelipbiine koeshirw zhumystaryn bastawymyz kerek. Biz bul maeselege neghurlym daejektilik</p>	<p>«Ku'lli jer ju'zi bizdin' ko'z aldımyzda o'zgeri'de. A'lemde bag'yty a'li bulyn'g'yr, jan'a tari'hi'kezen' bastaldy. Ku'n sanap o'zgerip jatqan du'birli du'ni'ede sana-sezimimiz ben du'ni'etanymymyzg'a a'bden sin'ip qalg'an taptay'ryn qag'i'dalardan arylmasaq, ko's' basyndag'y eldermen terezemizdi ten'ep, i'yq tu'i'istiriy' mu'mkin emes. O'zgeriy' u's'in ozimizdi myqtap qolg'a alyp, zaman ag'ymyna i'kemdely' arqyly jan'a day'irdin' jag'ymdy jaqtaryn boi'g'a sin'iry'imiz kerek...</p> <p>... Qog'amdyq sana jan'g'iry'dyn' negizgi qag'i'dalaryn qalyptastyry'dy g'ana emes, sonymen birge, bizdin' zaman synag'yna lai'yqty to'tep bery'imizge qajetti naqty jobalardy ju'zege asyry'ymyzdy da talap etedi. Osyg'an bai'lanysty, men aldag'y jyldarda myqtap qolg'a aly' qajet bolatyn birnes'e jobany usynamyn. Birins'iden, qazaq tilin birtindep latyn a'lipbi'ine ko's'iry' jumystaryn bastay'ymyz kerek. Biz bul ma'selege neg'urlym da'i'ektilik qajettiligini teren' tu'sinip, bai'yppen</p>

<p>jäne oğan kirisuge Täwelsizdik alğannan beri muqijat dayındaldıq...</p> <p>Latinşağa köşudın teren logikası bar. Bul qazirgi zamanğı tehnologialıq ortanıñ, kommunikatsianıñ, sondaj-aq, XXI ğasırdagı ǵılımi jāne bilim beru protsessiniñ erekshelikterine bajlanıstı. Mektep qabırǵasında balalarımız aǵılshın tilin oqıp, latin arıpterin onsız da üyrenip jatır. Sondıqtan, jas bun ushin esqandaj qıyındıq, kedergiler bolmaq emes. 2017 jıldın ajaǵına deyin ǵalımdardıñ kömegimen, barsha qoǵam okilderimen aqıldasa otırıp, qazaq alıpbiyiniñ jaña grafikadaǵı birinǵaj standarttı nusqasın qabıldaw kerek. 2018 jıldan bastap jaña alıpbiydi üyretetin mamandardı jāne orta mektepterge arnalǵan oqılıqtardı dayındawǵa kirisuimiz qajet. Aldaǵı 2 jıldı uyımdastıru jāne adistemelik jumıstar jürgiziluge tiyis...</p> <p>Munıñ bari tutasa kelgende halqımızdın ulttıq biregeyliginiñ mızǵımas negizin quraydı. Biz jat</p>	<p>qazhettigin tereng tuesinip, bajyppen qarap kelemiz zhaene oghan kiriswge Taewelsizdik alghannan beri muqiat dajyndaldyq...</p> <p>Latynshagha koeshwding tereng logikasy bar. Bul qazirgi zamanghy tehnologiayq ortanyng, kommunikatsianyng, sondaj-aq, XXI ghasyrdaghy ghylymi zhaene bilim berw protsesining erekshelikterine bajlanysty. Mektep qabyrghasynda balalarymyz aghylshyn tilin oqyp, latyn aripterin onsyz da uejrenip zhatyr. Sondyqtan, zhas bwyn ueshin eshqandaj qiyndyq, kedergiler bolmaq emes. 2017 zhyldyng ajaghyna dejin ghalymdardyng koemegimen, barsha qogham oekilderimen aqyldasa otyryp, qazaq aelipbiining zhanga grafikadaghy biryngghaj standartty nusqasyn qabyldaw kerek. 2018 zhyldan bastap zhanga aelipbidi uejretetin mamandardy zhaene orta mektepterge arnalghan oqwlyqtardy dajyndawgha kiriswimiz qazhet. Aldaghy 2 zhylda ujymdastyrw zhaene aedistemelik zhumystar zhuergizilwge tiis...</p>	<p>qarap kelemiz ja'ne og'an kirisy'ge Ta'y'elsizdik alg'annan beri muqi'at dai'yndaldyq...</p> <p>Latyns'ag'a ko's'y'din teren' logi'kasy bar. Bul qazirgi zamang'y tehnologi'alyq ortanyng', kommy'ni'katsi'anyn', sondai'-aq, XXI g'asyrdag'y g'ylymi' ja'ne bilim beru protsesinin' ereks'elikterine bai'lanysty. Mektep qabyrg'asynda balalarymyz ag'yls'yn tilin oqyp, latyn a'ripterin onsyzda u'i'renip jatyr. Sondyqtan, jas by'yn u's'in es'qandai' qi'yndyq, kedergiler bolmaq emes. 2017 jyldyn' ai'ag'y'na dei'in g'alymdardyn' ko'megimen bars'a qog'am o'kilderimen aqyldasa otyryp, qazaq a'lipbi'inin' jan'a grafikadag'y biryn'g'ai' standartty nusqasyn qabylday' kerek. 2018 jyldan bastap jan'a a'lipbi'di u'i'retetin mamandardy ja'ne orta mektepterge arnalǵan oqy'lyqtardy dai'ynday'g'a kirisy'imiz qajet. Aldag'y 2 jylda ui'ymdastyry' ja'ne a'distemelik jumystar ju'rgizilu'ge ti'is...</p> <p>Munyn' ba'ri tutasa kelgende halqymyzdyn' ulttyq birgei'liginin' myzg'y'ymas negizin qurai'dy. Biz jat i'deologi'alardyn' a'seri ty'raly ai'tqanda, olardyn'</p>
---	---	---

<p>ideologialardıń äseri turalı aytqanda, olardıń artında basqa halıqtardıń belgili bir qundılıqtarı men mädeniy simvoldarı turǵanın este ustawımız kerek. Tiyisinşe, olarǵa özimizdiń ulttıq qundılıqtarımız arqılıǵana tötöp bere alamız. Qazaqstannıń qasiyetti jerleriniń mädeniy-geografialıq beldewi – neşe ğasır ötse de bizdi kez kelgen ruhanıy jutandıqtan saqtap, aman alıp shıǵatın simvoldıq qalqanımız äri ulttıq maqtanıshımızdıń qaynar bulaǵı. Ol – ulttıq biregeylik negizderiniń bastı elementteriniń biri...</p>	<p>Munyng baeri tutasa kelgende halqymyzdyng ulttyq biregejligining myzghymas negizin qurajdy. Biz zhat ideologialardyng aeseri twraly ajtqanda, olardyng artynda basqa halyqtardyg belgili bir qundylyqtary men maedeni simvoldary turghanyn este ustawymyz kerek. Tiisinshe, olargha oezimizding ulttyq qundylyqtarymyz arqyly ghana toetep bere alamyz. Qazaqstannyng qasietti zherlerining maedeni-geografialyq beldewi – neshe ghasyr oetse de bizdi kez kelgen rwhani zhutangdyqtan saqtap, aman alyp shyghatyn simvoldyq qalqanymyz aeri ulttyq maqtanyshymyzdyng qajnar bulaghy. Ol – ulttyq biregejlik negizderining basty elementterining biri...</p>	<p>artynda basqa halyqtardyn' belgili bir qundylyqtary men ma'deni' si'mvoldary turg'anyn este ustay'ymyz kerek. Ti'isins'e, olarg'a o'zimizdin' ulttyq qundylyqtarymyz arqyly g'ana to'tep bere alamyz. Qazaqstannyn' qasi'etti jerlerinin' ma'deni'-geografi'alyq beldey'i – nes'e g'asyr o'tse de bizdi kez kelgen ry'hani' jutan'dyqtan saqtap , aman alyp s'yg'atyn si'mvoldyq qalqanymyz a'ri ulttyq maqtanys'ymyzdyn' qay'nar bulag'y. Ol – ulttyq biregei'lik negizderinin' basty elementterinin' biri... Memleket pen ult qurys'tan qui'ylyp, qatyp qalg'an du'ni'e emes, u'nemi damyp otyratyn tiri ag'za ispetti. Ol o'mir su'ry' u's'in zaman ag'ymyna sanaly tu'rde bei'imdely'ge qabiletti boly'y kerek. Jan'a jahandyq u'rdister es'kimnen suramai', esik qaqpastan birden to'rge ozdy. Sondyqtan, zamang'a sa'i'kes jan'g'yry' mindeti barlyq memleketterdin' aldynda tur. Synaptai' syrg'yg'an y'aqyt es'kimdi ku'tip turmai'dy, jan'g'yry' da tari'htyn' o'zi si'aqty jalg'asa beretin protsess. Eki da'y'ir tui'isken o'liara s'aqta Qazaqstang'a tu'begei'li jan'g'yry' ja'ne</p>
<p>Memleket pen ult qurıstan quyılıp, qatıp qalǵan dūniye emes, ünemi damıp otıratın tiri aǵza ispetti. Ol ömir süru üshin zaman aǵımına sanalı türde beyimdeluge qabiletti bolıwı kerek. Jańa jahandıq ürdister eşkimnen suramay, esik qaqpastan birden törge ozdı. Sondıqtan, zamanǵa säykes jańǵıru mindeti barlıq memleketterdiń aldında tur. Sınaptay sırǵıǵan waqıt eşkimdi kútip turmaydı, jańǵıru da tariyhtıń özi sıyaqtı jalǵasa beretin protsess.</p>	<p>Memleket pen ult quryshtan qujylyp, qatyp qalghan duenie emes, uenemi damyp otyratyn tiri aghza ispetti. Ol oemir suerw ueshin zaman aghymyna sanaly tuerde bejimdewge qabiletti bolwy kerek. Zhanga zhahandyq uerdister eshkimnen suramaj, esik qaqpastan birden toerge ozdy. Sondyqtan, zamangha saejkes</p>	

<p>Eki dāwir tūyisken öliara shaqta Qazaqstanğa tübegeyli jañǵıru jāne jaña iydeyalar arqılı bolaşaǵın bayandı ete tūsudıñ teñdesiz tariyhiy mümkindigi berilip otır. Men barşa qazaqstandıqtar, äsirese, jas urpaq jañǵıru jösindegi osınaw usınıstardıñ mañızın tereñ tūsinedi dep senemin. Jaña jaǵdayda jañǵıruǵa degen işki umtıls – bizdiñ damuımızdıñ eñ bastı qaǵıydası. Ömir süru üşin özgere bilw kerek. Oǵan könbegender tariyhtıñ şaǵına kömilip qala beredi».</p> <p><i>(Mätin N.Ä.Nazarbaevtıñ «Bolaşaqqa baǵdar: ruhaniy jañǵıru» maqalasınan alındı)</i></p>	<p>zhangghyrw mindeti barlyq memleketterding aldynda tur. Synaptaj syrghyghan waqyt eshkimdi kuetip turmajdy, zhangghyrw da tarihtyng oezi siaqty zhalghasa beretin protsess. Eki daewir tuejisken oeliara shaqta Qazaqstangha tuebegejli zhangghyrw zhaene zhanga idejalar arqyly bolashaghyn bajandy ete tueswding tengdessiz tarihi muemkindigi berilip otır. Men barsha qazaqstandyqtar, aesirese, zhas urpaq zhangghyrw zhoenindegi osynaw usynystardyng mangyzyn tereng tuesinedi dep senemin. Zhanga zhaghdaıda zhangghyrwgha degen ishki umtylys – bizding damwymyzdyng eng basty qaghidasy. Oemir suerw ueshin oezgere bilw kerek. Oghan koenbegender tarihtyng shangyna koemilip qala beredi».</p> <p><i>(Maetin N.AE.Nazarbaevtyng «Bolashaqqa baghdar: rwhani zhangghyrw» maqalasynan alyndy)</i></p>	<p>jan'a i'dei'alar arqyly bolas'ag'yn bai'andy ete tu'sy'din' ten'dessiz tari'hi' mu'mkindigi berilip otyr. Men bars'a qazaqstandyqtar, asirese jas urpaq jan'g'yry' jo'nindegi osynau' usynystardyn' man'yzyn teren' tu'sinedi dep senemin. Jan'a jag'dai'da jan'g'yry'g'a degen is'ki umtylys – bizdin' damy'ymyzdyn' en' basty qag'i'dasy. O'mir su'ry' u's'in o'zgere bily' kerek. Og'an ko'nbegender tari'htyn' s'an'yna ko'milip qala beredi.»</p> <p><i>(Ma'tin N.A'.Nazarbaevtyn' «Bolas'aqqa bag'dar: ry'hani' jan'g'yry' « maqalasynan alyndy)</i></p>
--	---	---

КЛАССИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ӘЛПБИИ

(Шет тілдерінен енген дыбыстар қарамен боялып көрсетілді)

1	A a	[a]	17	L l	[л]
2	Ä ä	[ә]	18	M m	[м]
3	B b	[б]	19	N n	[н]
4	C c	[ч]	20	Ŋ ŋ	[ң]
5	D d	[д]	21	O o	[о]
6	E e	[е]	22	Ö ö	[ө]
7	F f	[ф]	23	P p	[п]
8	G g	[г]	24	R r	[р]
9	Ğ ğ	[ғ]	25	S s	[с]
10	H h	[h]; [x]	26	Ş ş	[ш]
11	I i	[i]; [и]	27	T t	[т]
12	U u	[у]	28	U u	[ү]; [у] (дифтонгілер)
13	Y y	[й]	29	Ü ü	[ү]
14	J j	[ж]	30	V v	[в]
15	K k	[к]	31	W w	[у] (дауыссыз)
16	Q q	[қ]	32	Z z	[з]

ДИГРАФ ПЕН АПОСТРОФ ЖӨНІНДЕ

Артықшылығы:

Стандартты QWERTY пернетақта пайдаланылады, ағылшын қаріпті кез келген компьютерде жаңа графемаларды орнату бойынша қосымша бағдарламаларды жүктемей-ақ, бірден теруге болады.

Кемшіліктері:

• *Диграфтар*

Омонимиялық нұсқаларды беруде қиындықтар туындайды. Мысалы, *еріңе* және *ерінге*, *желіңе* және *желінге* тәрізді сөздер – бірдей жазылады – *eringe, jelinge*.

Жазылуы кезінде қиындықтар туындайды. *Пасха* және *Паша* сияқты типтегі сөздер – *pasha* түрінде бірдей жазылады, *схолостика*, *асхана* және т.с.с. – *sholastika, ashana* және б. [шоластика], [ашана] болып оқылады.

[ш] дыбысы көп кездесетін сөздерді жазу кезінде артықтылық байқалады: *sheshe shashu shashqan* (*шеше шашу шашқан*)

• Апостроф

Ә, Ү, Ө, Ғ дыбыстары – тілдің дербес фонематикалық релевантты дыбыстары және оларды **а, ұ, о** және **г** дыбыстарының инварианттары ретінде беру (апострофты дәл сондай таңба) – ортологиялық жақтан (нормалау тұрғысынан) қажет емес. *ol* және *o'l* (*ол* «ол» және *өл* «өлу»), *bol* және *bo'l* (*бол* «болу» және *бөл* «бөлу»), *ot* және *o't* (*от* «от» және *өт* «өту») және т.б. типтегі мысалдарды салыстырыңыз, мұнда біз бірыңғай түзілімдердің нұсқаларын емес, тіптен дербес және әртүрлі бірліктерді көреміз.

• Тіпті ағылшын тіліне жақын туыстас тілдер – француз, неміс және де басқа тілдер – әрқайсысы өзінің ұлттық әліпбиіне дербес дыбыстарды берудің өзіндік және өзгеше тәсілдерін енгізді. Олармен салыстырғанда қазақ тілінің анағұрлым көптеген ерекшелік белгілері мен дербес өзгешеліктері бар.

Ұлттық әліпбиді QWERTY-пернетақтаның 26 әрпіне барынша бейімдеп, оны біріздендіру мүмкіндігі, шындығында, қазақша мәтінді кез келген ағылшындандырылған пернетақтада бірден тере беруге мүмкіндік береді. Онымен бірге, қазақ тіліндегі көптеген материалдармен жұмыс жасау кезінде грамматикалық, лексикалық және семантикалық тұрғыдағы қиындықтар пайда болып отырады, сондай-ақ психологиялық қабылдамау элементтерінің де болуын жоққа шығармауымыз қажет – тіл тұтынушы санасында әліпби ұлттық ретінде (мақтаныш пен патриотизмнің белгісі) емес, тек бір қосалқы немесе ағылшыншаға ұқсастық (сыртқы экспансия, қысым, зорлық) ретінде қабылданатын болады.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ НЕГІЗІНДЕГІ ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИГЕ КӨШІРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Кіріспе

Әлемдік қауымдастықтың тең құқықты мүшесі ретінде экономикалық, ғылыми, мәдени және адами әлеуеті мол Қазақстанның болашақтағы дамуы жаһандану үрдісіне, өз бет-бейнесін сақтай отырып, тереңдей, кең ауқыммен енуіне және рухани жаңғыруына байланысты. Бұл мәселеде қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру маңызды рөл атқарады.

Қазақ жазуын латын әрпіне көшірудің тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында Қазақстан халқының рухани дамуы туралы айтқан ой-пікірлеріне сәйкес жасалды.

Тұжырымдамада қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру қажеттігі негізделіп, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Түркіменстан мемлекеттерінің латын әліпбиіне көшкен тәжірибесі ескеріле отырып, латын негізіндегі әліпбиге көшудің кезеңдері мен механизмдері айқындалады.

Тұжырымдама мемлекеттік мақсатты бағдарлама жасауға, сондай-ақ қазақ жазуын латын әрпіне көшіру үшін оңтайлы жағдай туғызатын құқықтық-нормативтік актілер жасауға негіз болады.

Тұжырымдаманың мақсат-міндеттері

Тұжырымдаманың **мақсаты** қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіруге байланысты мемлекеттің тіл саясаты мен азаматтық қоғам қызметінің тұжырымды (концептуалды) негізін жасау болып табылады.

Жоғарыда қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін осы реформаны жүзеге асыруға құзыретті болып табылатын органдар мен мекемелердің күш-қуатын мынадай **міндеттерді** шешуге бағыттау қажет:

- қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшіру бағытында қолайлы жағдайларды қалыптастыру үшін мемлекеттің **тілдік, мәдени, ұлттық, ғылыми, білімберушілік және ақпараттық саясатын жетілдіру;**

- қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің тілтанымдық негіздерін жасау: жаңа әліпби жобасы, жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуының жаңа емле ережелері, жаңа орфографиялық сөздік, жаңа әліпби негізіндегі қазақ ономастикалық кеңістігі атауларының стандарты, жаңа әліпби негізіндегі әлемдік ономастикалық кеңістік атауларының стандарты, кирилл қарпінен латын графикасына көшіретін графикаалмастырғыш-ІТ-қосымшалар мен бағдарламалар, жаңа әліпбиді түрлі әлеуметтік топ өкілдеріне үйретуге арналған бастапқы оқулықтар мен

оқу құралдары сияқты реформаның тілтанымдық негізін құрайтын әлеуметтік маңызы мен қоғамдық сұранысы жоғары өнімдер дайындау. Бұл үшін осы мәселе бойынша біліктілігі жоғары ғылыми кадрлар шоғырланған Республикадағы ғылыми, ғылыми-әдістемелік орталық – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына жазу реформасының тілтанымдық негіздерін жасауда ресми түрде жетекшілік рөл беру, әлеуетін көтеру;

- қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшірудің технологиялық алғышарттарын қалыптастыру үшін жаңа компьютерлік техника мен ақпараттық технологияларды қолдану және латын графикасы негізінде **Қазақстанның әлемдік IT-кеңістігіне енуі процесін жеңілдетуді қоса жүргізу;**

- әлем елдеріндегі латын графикасына көшу үрдісіндегі іс-тәжірибелерін есепке ала отырып, **латын графикасына көшудің қазақ ұлттық моделін қалыптастыру;**

- қазақ жазуын латын графикасына көшіруді ұйымдастырудың әдістемелік және экономикалық тетіктерін жасау;

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің болашағы

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіруге қатысты қазақстандық қоғамның әртүрлі әлеуметтік жіктерінде сан түрлі реакциялар болатынын, елдің саяси және мәдени өмірінде күрделі әрі әртекті үрдіс тудыруы мүмкін екенін жан-жақты ескеру керек. Сондықтан әліпби реформасына қатысты ақпараттық-насихаттық іс-шаралардың дені Қазақстанның болашақтағы орта және ұзақмерзімді дамуына бұл реформаның оң әсері жоғары болатынын ашып көрсетуге бағытталуға тиіс.

Қазақ жазуының жаңа әліпбиге көшуін Қазақстанның ұлттық құндылықтары мен жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосқан қазақ мәдениетінің озық үлгілерін сақтай отырып, елдің рухани жаңғыруы, қазіргі жаһандану үрдісіне тереңдеп, әрі ауқымды түрде ену тұрғысынан қарастыру қажет. Елбасының жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт болудың, үшінші технологиялық жаңғыруына көшудің, яғни ақпараттық және коммуникациялық байланыс технологиялары, оның ішінде, жаппай компьютерлендіру, интернет, ұялы телефон жүйесі, жерсеріктік теледидар т.б. жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып саналады.

Аталған технологиялардың ұдайы әрі кеңінен тарауы латын графикасының бүкіләлемдік ақпараттық кеңістікте басым орынға ие болуына алып келері анық. Латын графикасы қазіргі әлемде ең кеңінен қолданылатын жүйе болып табылады. Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшуі, біріншіден, ұлттың рухани жаңғыруына жағдай жасайды: қазақ тілінің өзіндік ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, тілдің иммундық тетіктерін жаңғыртуға, қайта іске қосуға, екіншіден, қазақ тілінің әлемдік ақпараттық кеңістікке тиімді түрде енуінің алғышарттарын қалыптастырса, үшіншіден, Қазақстанда ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың кеңінен таралуына мүмкіндік жасайды.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы орасан. Қазіргі таңда қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастырудың басты факторы ретінде қарастырылады. Тілдің басқа да қырларының аса қажеттілігін мойындай отырып, жазудың ой мазмұнының графикалық таңба ретінде жеткізу жолдарының бірі екендігін естен шығармау қажет. Жазу ой мен сезімді объективтендіруде, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде де өзіндік дербес мәнге ие. Көптеген халықтар үшін олардың жазуы ұлттық мәдениет пен бірегейліктің ең басты элементі болып табылады. Бірқатар әлем ұлттарының, соның ішінде түркі елдерінің іс-тәжірибелері, жазудың ауысуы біртұтас ұлттық бірегейліктің алмасуында шешуші қадамдарының бірі екенін көрсетеді.

Қазақтың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру мен нығайтуда жалпы мемлекеттік бірегейлік сәйкестігінің маңызы орасан. Қазақтың ұлттық сана-сезімінде жалпы мемлекеттік бірегейлік мәдени, тарихи, тіл және т.б. қатынастарда қайталанбас мән-мазмұнға ие. Бұл фактіні сезіну қазақтардың 1980-1990 жылдардың басындағы ұлттық рухының ояну үрдісінде маңызды рөл атқарып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекетінің құрылуына себеп болды. Қазақтардың ұлттық бірегейлігі үнемі қолдау тауып отыруы қажет, өйтпеген жағдайда, ұлттық санада басқа бірегейліктердің басым орын алып, қазақтардың ұлттық бірегейлігіне теріс ықпал етуі мүмкін.

Қазақ халқының ұлттық бірегейлігін нығайтудың маңызды тетігінің бірі қазақ жазуының латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшуі болып табылмақ.

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру Қазақстан егемендігінің, жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде нығаюының, ұлттық сананың жаңғыруының мықты көрінісі болып саналады. Өткен кезеңдерде қазақ тілінің жазуына сыртқы жағдаяттар мен сыртқы мәдени өркениеттер ықпалы күштеп таңылды. Қазіргі кезде қазақ жазу-сызуын латын графикасына көшіру **қазақстандық қоғамның, қазақ ұлтының ерікті де саналы өз таңдауы болып табылады.**

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін нығайта түспек. Таяу арада, қысқа мерзім ішінде бұл мәселе бойынша түбегейлі өзгерістердің бола қоюы екіталай. Алайда келешекте, латын графикасының негізінде білім алған қазіргі өскелең ұрпағымыз өмірге араласқан кезде, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесінің шынайы кемеліне келуі мен қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің арта түсуіне қол жеткізуге болады.

Қазақ жазуын латын графикасына көшірудің негізгі қағидаттары мен құқықтық негіздері

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру төмендегідей қағидаттарға (принциптері) негізделеді:

- адам және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандығын сақтау;
- эволюциялылық және кезеңдік ұстанымды сақтау;

- қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру барысында әлеуметтік-саяси, мәдени-тарихи, ақпараттық технологиялық, лингвистикалық және экономикалық аспектілерді үйлестіріп отыру;

- билік пен азаматтық қоғамның өзара диалог пен ынтымақтастықта болуы;

- Қазақстандағы барлық этностық топтардың мүдделерін ескеру.

Тұжырымдаманы әзірлеу және жүзеге асырудың құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық Пакті, «Қазақстан Республикасының тіл туралы» Заңы, «Қазақстан-2050» Стратегиясы, «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру Стратегиясы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауы, Қазақстан Республикасында мемлекеттік бірегейлікті қалыптастыру тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту тұжырымдамасы.

Тұжырымдаманы жүзеге асырудың жолдары мен тетіктері

Тұжырымдаманы жүзеге асырудың жалпы алғанда негізгі тетіктері мыналар:

Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімдер мен пактілерді ескере отырып, ұлттық заңнаманы жетілдіру және үйлесімдігін сақтау;

- мемлекеттің ұлттық саясаты;

- мемлекеттің тіл саясаты;

- мемлекеттің білім беру саясаты;

- мемлекеттің мәдени саясаты;

- қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру барысында оның таяу және орта мерзімді келешекте Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін тигізетін экономикалық тетіктерін әзірлеу;

- ақпараттық технологиялардың талабына жаңа әліпби негізіндегі қазақ жазуын және өзге де лингвистикалық жағдайлардың үйлесімді болуын ескеру;

- Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Түркіменстанның латын графикасына көшіру тәжірибесін ескеру;

- азаматтық қоғам институттарын ұлттық, мәдени, білім беру, тілдік және тағы да басқа салалардағы рөлін көтеру;

- қазақ жазуын латын графикасына көшіруде жан-жақты ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар жүргізу;

- қазақ жазуын латын графикасына көшірудің мемлекеттік бағдарламасын жасау және олардың кезеңдерін анықтау.

Ұлттық саясат

Қазақстанда әлеуметтік-саяси жағынан біртұтас ұлт қалыптастыруға бағытталған ұлттық саясат жалпықазақстандық азаматтық қоғам негізінде жүзеге асырылады. Мұндай қауымдастық жетекші ұлттың айналасына ұйысуы тиіс азаматтық ұлт немесе мемлекет құраушы этнос – «қазақ» деп аталады. Ондай ахуалдың тек Қазақстанда орын алып отырғандығында емес, бұл жалпы әлемдік тәжірибе болып саналады. Мемлекет азаматтық ұлт шеңберінде олардың этникалық және басқа да әркелкілігіне қатыссыз өзінің барлық азаматтарына тең құқықтар ұсынады. Сонымен бірге, бұл арада негізгі, жетекші ұлттың мәселелері мен қажеттілігін ешқашан тасада қалдырмайды.

Ұлттық құрылыстың осындай моделі аталмыш мемлекетте тұратын қалған басқа этностар (диаспоралар) мемлекет құраушы ұлттың жетекшілігін мойындаған жағдайда табысты болуы мүмкін. Бұл үшін ірі ұлттың күшті бірегейлігі болуы керек. Жетекші, мемлекет құрушы этнос ретіндегі қазақтардың өзге мәдениеттердің ықпалына ұшырамайтындай анық бірегейлігінің қалыптасуы Қазақстанда азаматтық ұлттың қалыптасуына негіз болып отыр.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру ұзақмерзімді, келешекте қазақтардың ұлттық бірегейлігін, сонымен қатар қазақстандық азаматтық бірегейлікті де нығайтуға ықпал ететін маңызды реформа болып табылады.

Орыстілді және қазақтілді элита арасындағы тіл және өзге де мәселелер бойынша жік тудырмас үшін бұл жерде тек қазақтар ғана емес, орыс және өзге де этникалық топтардың мүдделерін ескеру қажет. Осы мәселеде Қазақстан халқы Ассамблеясы, ұлттық-мәдени орталықтар, саяси партиялар, БАҚ және азаматтық қоғамның басқа да институттары үлкен рөл атқаруы тиіс.

Тіл саясаты

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдері арасындағы қарым-қатынастарының жаңа қырынан ашылуына мүмкіндік туғызады. Келешекте бұл шара қазақ жазуы тұғырының нығаюына алып келетіні анық, бірақ жақын, таяу уақыттарда орта және аға буын өкілдерінің латын графикасын меңгеруінде қиындықтардың тууына әкеліп, бұның қазақи ұлттық этностық ортада белгілі бір қайшылықтар туғызуы мүмкін екенін ерекше ескеріп, алдын алу шараларын ұйымдастыру абзал.

Жалпы алғанда, орыстілді азаматтардың (қазақтардың біраз бөлігін қосқанда) Қазақстанда орыс тілі жойылады деп қауіптенуі орынсыз. Біздің елде қазақ жазуы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие, ал орыс тілі мемлекеттік мекемелер мен өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ жазуымен қатар қолданылады. Қазақ тілінің жазуын латын графикасына көшіру қазақ және орыс тілдерінің мәртебесіне ешбір кері әсер етпейді деген дұрыс ақпаратты кеңінен насихаттау тиімді.

Жалпы, тәуелсіздікке қол жеткізген кезеңнен бүгінге дейінгі экономикалық тұрақтылық жылдары мен мемлекеттік тілге қатысты қолданған либералдық (төлеранттық, төзімділік) саясаты өз жемісін беріп,

бүгінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, қолданыс аясын кеңейту, мәдениетін арттыру, мемлекеттік тілдегі кеңістіктің ауқымын ұлғайту мен мазмұнын жақсартуға қатысты қоғамның талап сұранысы жыл сайын қатты артып келеді. Сондықтан жазу реформасының сәтті жүзеге асырылуы үшін тіл саясатының институционалды формасына елеулі өзгерістер енгізіп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін де-факто орындауды ресми талап арқылы нормативтік тұрғыдан жүзеге асыру керек.

Мәдени саясат және мәдени мұраны сақтау

Қазақ жазуының латын графикасына көшуі барысында туындайтын басты мәселе – бұл болашақ ұрпақ үшін қазақ халқының кирилл қарпі негізінде жазылған бай мәдени мұрасын сақтап қалу. Кирилл қарпімен жарық көрген көркем әдебиет шығармалары, халық өнері, тарихы, мәдениеті бойынша шығармалары, әлемдік әдебиеттің қазақ тіліне аударылған туындылары, энциклопедиялар, публицистика және т.б. түгелдей латын графикасының негізінде қайта шығарылуы тиіс. Өйткені бұл шаралар іске асырылмаса, ұрпақтар арасындағы мәдени сабақтастық үзіліп, қазақ мәдениетінің дамуына нұқсан келтіруі мүмкін.

Мәдени мұраны сақтап қалу, біріншіден, болашақта гуманитарлық бағыттағы мамандық иелерін ЖОО-да кирилл графикасы негізінде оқу және жазуға үйрету, екіншіден, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жүзеге асқан бірегей «Мәдени мұра» бағдарламасының нәтижелерінен қол үзіп қалмау үшін кирилл жазуында жарық көрген шығармаларды іріктеп, қажеттісін қайта басып шығару арқылы шешуге болады. Мәдени трансформацияның маңызды аспектісі, кітап шығару және баспа жүйесін жаңаша жолға қою. Бұл үшін қысқа мерзімде полиграфиялық мекемелерді қазіргі заманға сай типографиялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет. Бұл шара арнайы техникалық, медициналық, ауылшаруашылық әдебиеттер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқулықтардың басым бөлігін қайта басып шығаруға мүмкіндік туғызады.

Білім беру саясаты

Білім беру саласы латын графикасына көшу үрдісінде маңызды орын алады. Бұл үрдіс барысында білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырайтыны анық. Бірінші кезекте латын әліпбиі негізіндегі жаңа жазу мен емле ережелерін үйретуге арналған қысқамерзімді курстар даярлау, осы курстарды жүргізетін адамдардың біліктілігін жетілдіру қажет. Бұл үшін мектеп және жоғары оқу орындары оқытушыларын жаңа графика негізінде жазу бойынша білімін жетілдіру қажет. Аға буын өкілдері үшін латын графикасын үйрететін арнайы оқулық, оқу құралдары, IT-қосымшалар, онлайн-сабақтар желісін, курстар ашу керек. Мектептер, жоғары оқу орындары үшін латын графикасымен жазылған жаңа әдебиеттер шығаруды жолға қою қажет. Осы және басқа да шараларды қысқа мерзімде жүргізу керек болады.

Ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар

Қазақ жазуын латын графикасына көшіруде мемлекет пен азаматтық қоғамның ақпараттық-түсініктемелік жұмыстар саласындағы қызметі ерекше маңызды. Қазірдің өзінде латын графикасына көшіру мәселелерін талқылау барысында қазақ зиялыларының арасында бұл шара жөнінде түрлі пікір айтыла бастады.

Латын графикасына көшу іс жүзіне асырыла бастағанда мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар тарапынан жаппай қолдау көру мақсатында білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі ұйымдарды насихаттау ісіне атсалысуға шақыру керек. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ жазуын латын графикасына көшіруді қоғамымыздың барлық топтары мемлекеттің болашақтағы дамып, өркендеуіне ерекше ықпал ететін, берері мол стратегиялық шешім ретінде қабылдауын қамтамасыз ететін Қазақстанның қоғамдық пікірін қалыптастыратындай іс-шаралар жүргізуі қажет.

Бұл жұмыста латын графикасына көшудің болашақ мүмкіндіктерін халық арасына түсіндіру мен ұғындыру мақсатында беделді тұлғалар мен мемлекеттік қайраткерлердің пікірін жариялайтын БАҚ-тың рөлі зор.

КОНЦЕПЦИЯ ПЕРЕХОДА КАЗАХСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ НА НОВЫЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ АЛФАВИТ НА ОСНОВЕ ЛАТИНСКОЙ ГРАФИКИ

Введение

Казахстан как равноправный член мирового сообщества в экономическом, научном, культурном отношениях, а также как государство с богатым человеческим потенциалом свое будущее развитие в век глобализации, сохраняя свою самобытность, в первую очередь, связывает с важной ролью перехода казахской письменности на новый алфавит на основе латинской графики.

Концепция перехода казахской письменности на латинскую графику (далее Концепция) была подготовлена в соответствии с идеями и задачами, высказанными Президентом Республики Казахстан 26 апреля 2017 года в программной статье «Курс в будущее: духовное возрождение» в газете «Егемен Қазақстан», в новом Послании от 31 января 2017 года «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность», а также речи о духовном развитии народа Казахстана на XXIV сессии Ассамблеи народов Казахстана.

В концепции обосновывается необходимость перехода казахской письменности на новый национальный алфавит на основе латинской графики с учетом практики таких государств, как Турция, Азербайджан, Узбекистан, Туркменистан, определяются периоды и механизмы перехода на алфавит на латинской основе.

Концепция может служить основой для создания государственно-целевой программы, а также способствовать формированию правовых и нормативных актов, которые обеспечат эффективные условия для перехода казахского письма на латинскую графику.

Цель и задачи концепции

Целью концепции в связи с переходом казахской письменности на новый национальный алфавит на основе латинской графики является создание концептуальной основы для государственной языковой политики и деятельности гражданского общества для решения поставленных задач.

Для достижения этих целей и осуществления данной реформы необходимо направить деятельность компетентных органов и учреждений на решение следующих **задач**:

- в целях создания благоприятных условий для перехода казахского письма на новый алфавит **оптимизировать информационную, образовательную, научную, национальную, культурную и языковую политику государства;**

- создать лингвистическую базу перехода казахской письменности на новый национальный алфавит на основе латинской графики: новый проект алфавита, новые орфографические правила казахского письма на основе

нового алфавита, новый орфографический словарь, стандарт наименований казахского ономастического пространства, основанного на новом алфавите, стандарт наименований мирового ономастического пространства, основанного на новом алфавите, перекодировщики – графикоменяющие IT-программы и дополнения для перехода от кириллицы к латинице, подготовка высококачественной продукции, отвечающей всем требованиям общества и представляющей социальную сущность лингвистической основы данной реформы, как первичные учебники и учебные пособия, предназначенные для обучения представителей различных социальных групп новому алфавиту. Для этого в целях разработки лингвистических основ письменной реформы в официальном порядке необходимо предоставить ведущую роль и повысить потенциал Института языкознания имени А.Байтурсынова Комитета науки Министерства науки и образования Республики Казахстан, который является научным, научно-методическим центром республики, где сосредоточены высококвалифицированные научные кадры нашего государства;

- для формирования технологических предпосылок перехода казахского письма на новый алфавит следует **одновременно вести процесс, облегчающий внедрение Казахстана в мировое IT-пространство** посредством применения новой компьютерной техники и информационных технологий, основанных на латинской графике;

- с учетом практики других государств мира по переходу на латинскую графику, **создать собственную казахскую национальную модель смены алфавита;**

- разработка экономических и методических механизмов организации перехода казахского письма на латинскую графику.

Перспектива перехода казахского письма на латинскую графику

Следует учесть всевозможные тенденции возникновения различных сложных явлений в культурной и политической жизни страны, возможность проявления различных реакций со стороны разных социальных слоев казахстанского общества, связанных с переходом казахского письма на новый алфавит, базирующийся на латинской графике. Следовательно необходимо тщательно вести комплекс информационно-пропагандирующих мероприятий относительно реформы письма, т.е. они должны быть направлены на высокую позитивную реакцию данной реформы в среднем и долгосрочном развитии будущего Казахстана.

Переход казахской письменности на новый алфавит необходимо рассматривать как духовное возрождение страны, глубокое и широкое внедрение в современный процесс глобализации и при этом – сохранение передовых образцов казахской культуры, внесших вклад в общечеловеческую цивилизацию и сугубо национальные ценности Казахстана. Как справедливо отметил Президент страны, нация, готовая к глобальной конкурентоспособности и к переходу к третьему технологическому возрождению, активно использует информационные и коммуникационные технологии связи, в том числе и тотальную

компьютеризацию, интернет, системы телефонной сотовой связи, спутниковое телевидение и пр. – являющиеся технологической основой тенденций глобализации.

Весьма очевидным является тот факт, что непрерывное и широкое распространение всех вышеперечисленных технологий несомненно приведет к главенствующей роли латинской графики во всем мировом информационном пространстве. В нынешнем современном мире латинская графика представляет собой наиболее широко используемую систему. Переход казахской письменности на новый алфавит, основанный на латинской графике, в первую очередь, создаст прочные условия для национального духовного возрождения: сохранения собственно национальных особенностей казахского языка, реконструкции иммунных механизмов языка, во-вторых, будет способствовать формированию предпосылок эффективного внедрения казахского языка в мировое информационное пространство, в-третьих, предоставит возможность широкого распространения информационных и коммуникационных технологий в Казахстане.

Переход казахской письменности на новый алфавит, основанный на латинской графике, имеет огромное принципиальное значение в формировании национальной идентичности казахского народа. В настоящее время казахский язык рассматривается как главный фактор в формировании национальной идентичности казахского народа. Вместе с тем, учитывая и другие важные аспекты языка, необходимо помнить, что письменность является одним из основных способов передачи содержания мысли в виде графических знаков. Письменность имеет огромное значение в объективизации мысли и чувств, а также в проблеме формирования национальной идентичности. Для многих народов письменность является главным элементом их идентичности и национальной культуры. Практика многих национальностей мира, в том числе и тюркских государств свидетельствуют о том, что смена письменности является решающим шагом в изменении единой национальной идентичности.

Важное значение имеет формирование и укрепление казахской национальной идентичности. Рост казахского национального сознания имеет огромное значение в культурном, историческом, языковом и др. отношениях. Осознание казахами данного факта сыграло важную роль в тенденции национального духовного возрождения в начале 1980-1990 гг., является первопричиной становления Казахстана как независимого государства. Национальная идентичность казахов должна постоянно поддерживаться, в противном случае в национальном сознании могут иметь место и другие идентичности, способные отрицательно влиять на собственно национальную идентичность казахов.

Одним из важных механизмов укрепления национальной идентичности казахского народа является перевод казахской письменности на новый алфавит, основанный на латинской графике.

Переход казахской письменности на новый алфавит, основанный на латинской графике будет ярким отражением укрепления независимости Казахстана, становления нового самостоятельного государства, возрождения национального сознания. В прошлом огромное влияние на казахскую письменность имели, доминируя, внешние воздействия – ситуации и определенные культурные привнесенные доминанты. В настоящее время смена казахской письменности на латинскую графику является **независимым и сознательным выбором казахстанского общества, казахской нации.**

Переход казахской письменности на латинскую графику укрепит статус казахского языка как государственного в Республике Казахстан. Конечно, трудно утверждать, что чрезвычайно скоро, в очень короткий срок произойдут коренные изменения в культурно-идеологической сфере. Однако, в будущем можно уверенно надеяться, что молодое поколение, получившее образование уже на основе латинской графики будет смело демонстрировать своей активной деятельностью однозначный позитив достижений казахского языка в статусе государственного, а также усиление национальной идентичности казахского народа.

Основные принципы и правовая база перехода казахской письменности на латинскую графику

Переход казахской письменности на латинскую графику основывается на следующих принципах:

- сохранение свободы и основных прав человека и гражданина;
- соблюдение принципов эволюционности и периодичности;
- в процессе перехода координировать социально-политические, культурно-исторические, информационно-технологические, лингвистические и экономические аспекты;
- наличие взаимного диалога и сотрудничества между властью и гражданским обществом;
- учет интересов всех этнических групп, проживающих в Казахстане.

Законодательные (правовые) основы разработки и реализации Концепции:

Конституция Республики Казахстан, Международный пакт о гражданских и политических правах, Закон Республики Казахстан «О языках», Стратегия «Казахстан-2050», «Стратегия вхождения в 30-ку конкурентоспособных стран мира», статья Президента Республики Казахстан «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», опубликованная в газете «Егемен Қазақстан» 26 апреля 2017 г., новое Послание Президента «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 г., Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан, Государственная программа развития и функционирования языков Республики Казахстан.

Пути и механизмы реализации Концепции

Основным механизмом реализации Концепции является следующее:

Усовершенствование и сохранение соответствия национальных законодательных основ с учетом международных соглашений и пактов, подписанных Республикой Казахстан;

- национальная политика государства;
- языковая политика государства;
- образовательная политика государства;
- государственная политика в области культуры;
- разработка экономических механизмов, воздействующих на социально-экономическое развитие Казахстана в процессе перехода казахской письменности на новый алфавит на основе латинской графики в ближайшей и среднесрочной перспективе;

- учет соответствия казахской письменности на основе нового алфавита требованиям информационных технологий и иных лингвистических нюансов;

- учет опыта перехода на латинскую графику Турции, Азербайджана, Узбекистана и Туркменистана;

- повышение роли гражданских общественных институтов в национально-культурной сфере, в сфере образования, языковой и иных отраслях;

- проведение всесторонней информационно-разъяснительной работы при переходе казахской письменности на латинскую графику;

- разработка государственной программы перехода казахской письменности на латинскую графику и определение его этапов.

Национальная политика

В Казахстане национальная политика, направленная на формирование единой казахстанской нации в социально-политическом аспекте, осуществляется на основе общеказахстанского гражданского общества. Таким сообществом, консолидирующимся вокруг ведущей нации, и именуемым как гражданская нация или государствообразующий этнос, являются казахи. Вне зависимости, что данная ситуация имеет место быть в Казахстане, такой подход считается цивилизованной общемировой практикой. В рамках гражданской нации государство вне зависимости от этнической и иной принадлежности наделяет всех своих граждан равными правами.

Вместе с тем, в данном случае, никогда не игнорируются проблемы и потребности ведущей нации.

Данная модель национального строительства может быть успешной в случае признания ведущей роли государствообразующей нации другими этносами (диаспорами), проживающими в данном государстве.

Для этого важным фактором является – устойчивая идентичность государствообразующей нации. Формирование четкой идентичности ведущего, государствообразующего этноса – казахов, не подверженного негативному влиянию иных культур, является основой формирования гражданской нации в Казахстане.

Переход казахской письменности на латинскую графику в долгосрочной перспективе является важной реформой, влияющей на укрепление национальной идентичности казахов, а также казахстанской гражданской идентичности.

Во избежание конфликтов по поводу языка и иных проблем среди русскоязычной и казахоязычной элиты следует учитывать интересы не только казахов, но и русских и других этнических групп. В данном вопросе большая роль отводится Ассамблее народа Казахстана, национально-культурным центрам, политическим партиям, СМИ и другим институтам гражданского общества.

Языковая политика

Переход казахской письменности на латинскую графику создаст возможность модернизации взаимоотношения казахского и русского языков. Ясно, что данная мера приведет к укреплению основ казахской письменности, однако следует учесть, что в ближайшее время, в недалеком будущем среди среднего и старшего поколения могут возникнуть трудности в освоении латинской графики и это может породить определенные противоречия в казахской национально-этнической среде, в связи с чем желательно предпринять меры предупредительного и утверждающего характера.

Неуместны и необоснованны опасения отдельных русскоязычных граждан (русскоговорящих казахов в том числе) по поводу исчезновения русского языка в Казахстане. В нашей стране казахская письменность обладает статусом государственного языка, а русский язык официально используется в государственных учреждениях и органах самоуправления наряду с казахским языком. Будет эффективной расширенная пропаганда правильной (положительной) информации о том, что переход казахской письменности на латинскую графику никоим образом не будет иметь отрицательного влияния на статус казахского и русского языков.

Таким образом, экономическая стабильность и либеральная (толерантная) политика в области государственного языка, начиная с приобретения независимости по сегодняшний день, дали свои положительные плоды в деле укрепления статуса государственного языка, в настоящее время с каждым годом значительно возрастает спрос общества относительно расширения сферы функционирования, усиления и улучшения вопросов культуры языка, увеличения пространственного объема и повышения качественных показателей содержания государственного языка. Следовательно, для успешной реализации письменной реформы необходимо ввести значительные изменения в институциональную форму языковой политики, осуществлять исполнение государственного статуса казахского языка де-факто путем официальных требований на нормативном уровне.

Культурная политика и сохранение культурного наследия

Главная проблема, возникающая при переходе казахской письменности на латинскую графику – это сохранение для будущих поколений богатого

культурного наследия казахского народа, задокументированного на основе кириллицы. Изданные на кириллице произведения художественной литературы, литература по народному искусству, истории, культуре, мировая литература, переведенная на казахский язык, энциклопедии, публицистика и др. полностью должны быть переизданы на основе латинской графики. В противном случае будет прервана культурная преемственность между поколениями и это может негативно отразиться на развитии казахской культуры.

Сохранение культурного наследия, во-первых, можно решить путем обучения в будущем специалистов гуманитарного направления в ВУЗ-ах чтению и письму на основе кириллической графики, во-вторых, чтобы не лишиться доступа к результатам единой программы «Культурное наследие», реализованной по инициативе главы государства Н.Назарбаева, можно решить данную проблему путем отбора произведений, изданных на кириллице и переиздания необходимых на новой графике.

Важным аспектом культурной трансформации является обновленная постановка задачи издания книг и адаптации всей издательской системы. Для этого необходимо в краткие сроки обеспечить полиграфические учреждения современным типографским оборудованием. Это создаст возможность для переиздания подавляющей части специальной технической, сельскохозяйственной литературы, справочников, энциклопедий, учебников.

Образовательная политика

Сфера образования играет важную роль в процессе перехода на латинскую графику. Ясно, что в процессе перехода образовательная система подвергнется кардинальным изменениям. В первую очередь, необходима организация краткосрочных курсов по обучению новой письменности на основе латинского алфавита и правилам правописания, также усовершенствование квалификации специалистов, которые будут вести эти курсы. Для этого необходимо улучшить знания и навыки учителей и преподавателей школ и высших учебных заведений по данному вопросу.

Необходимо разработать специальные учебники, учебные пособия для обучения старшего поколения латинской графике, IT-приложения, организовать онлайн-уроки, курсы. Наладить издание новой литературы на основе латинской графики для школ, высших учебных заведений. Эти и другие работы следует провести в краткие сроки.

Информационно-разъяснительная деятельность

При переходе казахской письменности на латинскую графику особо важным является деятельность государства и информационно-разъяснительной отрасли гражданского общества. В настоящее время в ходе анализа вопросов перехода на латинскую графику среди казахской интеллигенции звучат различные мнения и подходы.

С началом перехода на латинскую графику в целях всеобщей поддержки со стороны учителей, учащихся, родителей необходимо привлечь силы к содействию в разъяснительной работе и пропаганде в указанных

органах и на всех уровнях системы образования. В связи с этим необходимо проведение мероприятий, направленных на позитивное восприятие всеми группами нашего общества и формирование общественного мнения в Казахстане показывающего, что переход на латинскую графику обеспечит развитие и процветание государства в будущем и является выгодным стратегическим решением.

Важная роль отводится СМИ, которые будут публиковать мнения авторитетных личностей и государственных деятелей в целях разъяснения среди широкой общественности будущих перспектив и возможностей перехода на латинскую графику.

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ**

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту
бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның Қазақ тілі
әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс
тобының қызметін ұйымдастырудың
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРЫ

Астана-Алматы, 2017

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы жұмысының әдістемелік ұсынымдары. – Астана-Алматы, 2017.

Әдістемелік ұсынымдар Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы (әрі қарай – Жұмыс тобы) жұмысын тиімді әрі нәтижелі ұйымдастыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Әдістемелік ұсынымдар осы салада жұмыс істеуге өкілетті мемлекеттік және мемлекеттік емес қызметкерлерге, сарапшыларға, тілші-мамандарға, менеджерлерге, ЖОО оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен ғылыми қызметкерлерге ұсынылады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I. Жаңа графикаға көшу арқылы қазақ жазуын реформалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу бойынша алынған нәтижелер туралы ақпарат	5
II. Жұмыс тобы ақпараттық қызметінің тұжырымдамалық қағидаттары	6
III. Қазақ жазуын латын әліпбиі негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру болашағын түсіндіру бойынша ұсынымдар	7
IV. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы туралы Ереже	8
V. Жұмыс тобы бірінші кезеңінде жүзеге асыратын лингвистикалық міндеттердің бірізділігі (2017-2018 жж.):	11

КІРІСПЕ

Қазақстан экономикалық, ғылыми, мәдени тұрғыдан алғанда әлемдік қоғамдастықтың теңқұқылы мүшесі ретінде, сондай-ақ адами әлеуетке бай мемлекет ретінде өзінің төл ерекшелігін сақтай отырып, жаһандану ғасырындағы даму болашағын, ең алдымен, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру маңыздылығымен байланыстырады.

Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 12 сәуірде «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында, 2017 жылғы 31 қаңтарда Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында айтылған идеялар мен міндеттерге, сол сияқты Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында Қазақстан халқының рухани жаңғыруы туралы сөйлеген сөзіне сәйкес жүзеге асырылады.

Әдістемелік ұсынымдар Жұмыс тобы жұмысының регламенті мен жоспарын құрудың негізі, сонымен қатар «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» ғылыми бағдарламасын жүзеге асырудың ұйымдық ережелерін айқындайтын құжат ретінде қызмет атқарады, оның нәтижелері ғылыми негіздерді қалыптастыруға және қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру үшін тиімді жағдайлармен қамтамасыз ететін лингвистикалық өнімдерді даярлауға орасан ықпал етеді.

I Жаңа графикаға көшу арқылы қазақ жазуын реформалаудың ғылыми негіздерін әзірлеу бойынша алынған нәтижелер туралы ақпарат

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру мәселелері бойынша екі ғылыми жобаны жүзеге асырды:

1) 2007 жылы (осы жылғы зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған брошюралардың электронды нұсқалары *А* және *Б Қосымшаларында* хатқа тіркелді);

2) 2013-2015 жж. – соңғы жоба бойынша зерттеу нәтижелерін төменде қараңыз.

Осы уақыт аралығында әліпбиді латын әліпбиіне ауыстыру арқылы жазуды реформалау бағытындағы түркітілдес халықтардың, сондай-ақ латын әліпбиі қолданылатын бірқатар өзге елдердің тәжірибесі, Қазақстанның төл тарихи тәжірибесін (1929-1940 жж.) қоса алғанда, алдын ала жан-жақты зерделенді.

Нәтижелері бойынша «Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық монография жарық көрді (Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 560 б.).

Мұнымен қатар, Институт төмендегілерді әзірледі:

- Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру Тұжырымдамасының жобасы;

- Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру жөніндегі Мемлекеттік бағдарламаның жобасы;

- Жаңа ұлттық әліпби жасау қағидаттары мен алғышарттары;

- Балама әліпби жобасы;

- Негізгі алғышарттар мен қағидаттар, сондай-ақ –

- Латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпби жобасының ғылыми-теориялық лингвистикалық негіздері;

- XX ғасырдың 20-жылдарындағы түркітілдес мемлекеттер мен Қазақстанның латын әліпбиіне көшу тәжірибесін зерделеу нәтижесінде қазақ жазуын түбегейлі реформалаудың тиімді жолдары мен тетіктері айқындалды.

- Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық факторлары анықталды.

- Әрбір әріптің кездесу жиілігі бойынша статистикалық зерттеу жүргізілді. Мысалы, қазақ тілінде ең жиі кездесетін әріп – *Қ*, одан кейін жиірек кездесетіндері – *Н, Е, Д, Р, Т*, ал ең сирек кездесетіндері – *Ә, Г, Ө, У* әріптері.

Қазақ жазуының латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиі жобаларының бірнеше нұсқасы ұсынылды.

Ғылыми жоба аясында Түркияға, Өзбекстанға, Қытайға, Түркіменстанға және Әзербайжанға ғылыми іссапарлар ұйымдастырылды. Ондағы мақсат – нақты лингвистикалық мәселелер бойынша, атап айтқанда, әліпбиді

ауыстырудың нормативтік негіздерін ұйымдастыру және әзірлеу, жаңа әліпби негізінде орфографиялық, ономастикалық, терминологиялық, лингвистикалық стандарттарды әзірлеу салаларындағы тәжірибелерді зерделеу. Экспедицияның нәтижесінде осы елдердің тиімді тәжірибесін пайдалану бойынша нақты ұсыныстар жасалды.

Жоғарыда аталған елдердің ұлттық әліпбилерін латын әліпбиіне ауыстыру тарихында алғаш рет тиімді әліпби типін анықтау мақсатында «Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиінің жобаларын пайдалану сапасы: лингвистикалық талдау» лингвоэксперименті жүргізілді. Экспериментке кәсіби өмірлері жазу қызметімен байланысты сарапшылар қатысты (250 адам). Нәтижесінде оңтайлы әліпбиді қолдайтын статистикалық және деректанымдық мәліметтер алынды. Сонымен, компьютерге әзірленген әліпби емес, ұлттық дыбыс жүйесіне негізделген әліпби басты оң қорытындыға ие болды.

II Жұмыс тобы ақпараттық қызметінің тұжырымдамалық қағидаттары

1. Қазақ жазуын латын әліпбиі негізінде реформалауға қатысты мәселеде артық және орынсыз саясаттандыруды, бейкәсіби пікірталастарды болдырмау. Лингвистикалық фактордың басымдығын айқын белгілеу.

2. Қоғамдық пікірді жалпы оң сипатта қалыптастыру.

3. Қазақ жазуын латын графикасы негізінде реформалауға байланысты туындайтын тәуекелдіктерде бұл өзгерістердің жағымды сипатын дер кезінде түсіндіре отырып, асыра сілтеушіліктерді немесе жете бағаламауды, ұлтаралық, тіларалық шиеленісті жағдайларды болдырмау.

4. Қазақтар және олардың ата-бабалары қолданған кирилл, араб немесе басқа да әліпби түрлеріне қатысты теріс пікірлерге жол бермеу, осы жазу түрлерінің өмірлік тәжірибесін толық және шынайы түсінуді қамтамасыз ету.

5. Ғалымдар бұл мәселе жөніндегі сенімнің маңыздылығын сауатты түрде алға тартуы керек, яғни әліпби жобасын әзірлеуді мамандарға сеніп тапсыру қажет, ынташыл маман емес адамдардың пікірлерінің басымдығына жол бермеу.

6. Байырғы қазақы және кірме сөздерді латын әліпбиінде орфографиялау мәселелерін жан-жақты талқылауды қамтамасыз ету, қазақ жазуының жаңа ережелері бойынша бірыңғай немесе басым қоғамдық пікір қалыптастыру.

7. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ тілінің жаңа орфографиялық ережелерін әзірлеу барысында көпшіліктің пікірін тиімді пайдалану.

8. Тілдік реформаны жүргізу барысында ағымдағы экономикалық және еңбек шығындарына назар аударма бермей, ел және тұрғындар үшін болашақтағы экономикалық және мәдени-рухани құндылықтар мәселесін үнемі және сенімді түрде дәлелдеу.

III Қазақ жазуын латын әліпбиі негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру болашағын түсіндіру бойынша ұсынымдар

Қазақ жазуын латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшіруге қатысты елдің мәдени және/немесе саяси өмірінде келеңсіз құбылыстар орын алуы ықтималдығын, Қазақстан қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың сан алуан пікірлері мен көзқарастарының болуы мүмкіндігін ескерген жөн. Жазу реформасына қатысты ақпараттық-насихаттық профилактикалық іс-шаралар кешенін мұқият жүргізген абзал, яғни олар Қазақстанның орташа және ұзақ мерзімдік даму болашағында аталмыш реформаның жоғары жағымды әсеріне бағытталуға тиіс.

Қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшіруді елдің рухани жаңғыруы, заманауи жаһандану үдерісіне тереңдей және құлаштай енуі ретінде қарастырған жөн және мұнымен қатар жалпыадамзаттық өркениетке үлес қосқан қазақ мәдениетінің озық үлгілерін, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық құндылықтарын сақтау. Елбасы атап өткендей, жаһандық бәсекеге қабілеттілікке және үшінші технологиялық жаңғыруға өтуге дайын ұлт ақпараттық және коммуникациялық өзара байланыстарды, оның ішінде жаһандану үрдісінің технологиялық негізі болып табылатын жаппай компьютерлендіруді, ғаламторды, телефондық ұялы байланыс жүйесін, жерсеріктік телевидение және тағы басқаларды белсенді пайдаланады.

Жоғарыда атап өтілген барлық технологияларды үздіксіз және ауқымды тарату бүкіл әлемдік ақпарат кеңістігіндегі латын графикасының басымды рөліне сөзсіз әкелетіндігі мейлінше айқын нәрсе. Қазіргі заманауи әлемде латын графикасы анағұрлым ауқымды және әмбебап қолданылатын жүйе саналады. Қазақ жазуын латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшіру аса маңызды, бірінші кезекте Қазақстан халқының ұлттық мәдени-рухани жаңғыруының берік жағдайларын қалыптастырады:

- қазақ тілінің төл ұлттық ерекшеліктерін сақтау және дамыту;
- тілдің иммундық тетіктерін реконструкциялау және қолданысқа енгізу;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін әлемдік ақпарат кеңістігіне тиімді енгізудің алғышарттарын қалыптастыруға ықпал етеді;
- Қазақстан Республикасының өзінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кеңінен тарату мүмкіндігін береді.

Қазақ жазуын латын графикасына негізделген жаңа әліпбиге көшірудің қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда орасан қағидаттық мәні бар. Қазіргі кезде қазақ тілі қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда басты фактор ретінде қарастырылады. Сонымен қатар тілдің басқа да маңызды аспектілерін ескере отырып, жазу ой мазмұнын графикалық таңбалар түрінде берудің негізгі тәсілдерінің бірі болып табылады. Ой мен сезімді объективтендіруде, сол сияқты ұлттық бірегейлік пен ұлттық мәдениетті қалыптастыру мәселесінде жазудың маңызы аса зор.

IV Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы (әрі қарай – Жұмыс тобы) Елбасы Н. Назарбаевтың 2017 жылы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында белгіленген міндеттер бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында құрылды.

2. Жұмыс тобының құрамы Қазақстан Республикасының жетекші ғалымдары мен мамандарының қатарынан, сондай-ақ сарапшылардан, мемлекет және қоғам қайраткерлерінен құралады, олар Жұмыс тобы жанындағы Сараптау кеңесі және Серіктестік қолдау тобы тәрізді қосымша кеңестердің құрамына кіреді. Бұл қосымша кеңестер Жұмыс тобының қызметіне ұдайы қосыла бермейді, тек өндірістік қажеттілік туындағанда ғана тартылады. Жұмыс тобы және Сараптау кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің шешімімен бекітіледі.

3. «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» ғылыми бағдарламасын Тіл білімі институтының мамандары Жұмыс тобы тақырыптық бөлімдерінің мүшелерін барынша жұмылдыра отырып жүзеге асырады. Жұмыс тобының мүшелері Жұмыс тобының бекітілген іс-шаралар жоспарында белгіленген бағдарламалық міндеттерді орындайтын ғылыми қызметкерлерден, сарапшылардан, мамандардан тұрады.

Жұмыс тобының ғылыми-ұйымдастыру қызметі аталмыш бағдарлама есебінен және соның аясында қаржыландырылады және үйлестіріледі, Қазақстан Республикасында және шетелде кеңестер мен семинарлар, оның ішінде вебинарлар өткізуді қоса алғанда, тақырып бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік және қолданбалы әдебиеттер шығарылады, жоспарланған басқа да іс-шаралар жүзеге асырылады.

4. Жұмыс тобы өз қызметінде мыналарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру жөніндегі жұмыс тобы қызметінің Жоспарлары;

8	<p>Принятие Постановления Правительства Республики Казахстан по утверждению плана мероприятий по реализации Комплексной межведомственной программы поэтапного перехода казахского письма на латиницу с учетом конкретных мероприятий на 2018-2020 гг. по разработке и изданию адаптированных учебников и учебных пособий на новом алфавите на основе латинской графики в рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников на казахском языке» и в соответствии с образовательными планами начального, среднего и высшего образования, организационно-методической и научно-образовательной деятельности, создания серии вспомогательных мобильных приложений и комплекса IT-программ для ускоренного изучения нового алфавита на основе латинской графики, включая автоматическую перекодировку текстов с кириллицы на латиницу и др., этапам перехода с учетом параллельного функционирования алфавита на кириллице и планомерного внедрения нового казахского алфавита, издания орфографического и орфоэпического словарей, переиздания существующих одноязычных, двуязычных и многоязычных словарей и иной необходимой литературы, включая начало выпуска большим тиражом произведений классиков казахской литературы для массового читателя на новом алфавите на основе латинской графики и т.д.</p> <p>Продолжение работы координационно-консультационного методического вебинара в специально</p>	ноябрь т.г.

<p>оборудованной студии Института языкознания им. А.Байтурсынулы МОН РК. Вебинар по утвержденному графику проведения лекций и консультаций будет регулярно приглашать ведущих ученых и специалистов для оперативной связи и разъяснительной работы по актуальным вопросам перехода казахского письма на латиницу в режиме онлайн.</p> <p>Освещение результатов работы в СМИ, на ТВ и радио, информационных интернет порталах, публикации статей и интервью.</p>	
---	--

**Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың
«Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласының негізгі ережелерін
түсіндіру мен тапсырмаларды жүзеге асыру бойынша 2017 жылғы іс-шаралардың
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**Ұлттық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті
жанындағы Ұлттық комиссия**

**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЛАТЫНҒА КӨШІРУ ЖӨНІНДЕГІ
ЖҰМЫС ТОБЫ**

№/ №	Іс-шаралар атауы	Өткізу мерзімдері	Жауаптылар	Ескерту, қосымша ақпараттар
1.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің бірыңғай біріздендірілген латын әліпбиін «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту» қысқамерзімді ғылыми жобасы аясында әзірлеу.	мамыр - тамыз а.ж.	Е.З.Қажыбек К.Ж.Асыллов	Маңызды ерекшелік: бірыңғай біріздендірілген латын әліпби бекітілгенге дейін бұл мәселе бойынша БАҚ, ТВ, радио және т.б. маман еместер арасындағы жалпы (танымдық-ақпараттық және басқа сипаттағы) пікірталастар мен бейкәсіби талқылаулар, мүмкіндігінше, болмауы тиіс. ҚР ЖОО-лары мен ғылыми ұжымдардың көптеген жеке бастамалары мен ұсыныстары ҚР ғылыми жұмыс органы – БҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл

				білімі институтында жинақталады және жұртшылыққа ашық жария етусіз талқыланады.
2.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің бірыңғай біріздендірілген латын әліпбиінің емле және орфография, орфоэпиялық нормаларын бөлімдер бойынша (фонетика және фонология, грамматика, лексикология, ономастика, терминдер мен арнайы аталымдар (жалпы қабылданған аббревиатуралар және т.б. қоса), қолданбалы тіл білімі, тарихи кезең, этнолингвистика, тіл мәдениеті, әлеуметтік тіл білімі және т.б.), «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуын жаңғырту» қысқамерзімді ғылыми жобасы аясында әзірлеу.	мамыр - желтоқсан, а.ж.	Е.З.Қажыбек Ә.Жүнісбек	Бұл зерттеу жұмысы ҒЗИ және республика ЖОО-ларының ғалымдарымен бірлесе, сондай-ақ шетелдік сарапшыларды тартумен өткізіледі.
3.	Үйлестіру-кеңес беру жиындары: - Түрік тіл білімі академиясында (Türk Dil Kurumu) (Анкара, Түркия); - ТЮРКСОЙ (Анкара, Түркия); - Стамбұл университетінде (Стамбұл, Түркия). Латын әліпбиіне көшу бойынша Түркия тәжірибесін талдау.	мамыр	Е.Қажыбек Ә.Жүнісбек Ө.Айтбайұлы	
4.	Үйлестіру-кеңес беру жиындары: - Әлішер Новаи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университетінде (Ташкент, Өзбекстан).	маусым	Е.Қажыбек Ә.Жүнісбек У.Қалижанұлы	

	Латын әліпбиіне көшу бойынша Өзбекстан тәжірибесін талдау			
5.	Үйлестіру-кеңес беру жиындары: - Довлетмаммет Азади атындағы Түркімен Ұлттық әлем тілдері институтында және Мақтұмқұлы атындағы Түркіменстан Ғылым академиясында (Ашхабад, Түркіменстан). Латын әліпбиіне көшу бойынша Түркіменстан тәжірибесін талдау	шілде	Ә.Жүнісбек Е.Тілешов Е.Қажыбек	
6.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің бірыңғай латын әліпбиінің Жобасын ҚР БҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысында бекіту	тамыз	Е.Қажыбек Ә.Жүнісбек Е.Тілешов	Авторлық ұжым – республикалық және шетелдік сарапшылар кворумы қамтамасыз етіледі
7.	Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласының негізгі ережелерінің мәдени-тарихи, гуманитарлық құрамдастарын және мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру қажеттілігін түсіндіру	Жыл ішінде – кесте бойынша: ай сайын екі іс-шарадан	Ә.Хамедов Б.Мамраев Б.Тілеухан А.Сарым Д.Көшім Ә.Асқаров Н.Жүсіп Ж.Кенжалин К.Бегманов	
8.	Тестік түсіндіру отырыстарын және оқу семинарларын өткізу үшін аймақтарға көшпелі жиналыстар өткізу: аймақтық меморгандар веб-сайттарының әкімшілері үшін;	тамыз	Тілші-лингвистер тобымен бірге жұмыс тобы мүшелері	

	<p>аймақтық БАҚ веб-сайттарының әкімшілері үшін;</p> <p>8.1. Батыс Қазақстан (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары)</p> <p>8.2. Шығыс Қазақстан (Шығыс Қазақстан облысы)</p> <p>8.3. Солтүстік Қазақстан (Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстары)</p> <p>8.4. Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы)</p> <p>8.5. Оңтүстік Қазақстан (Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстары)</p>	<p>тамыз</p> <p>қыркүйек</p> <p>қыркүйек</p> <p>қыркүйек</p>	<p>барады:</p> <p>Н.Капаков С.Борбасов С.Шадқам</p> <p>Ұ.Есдаулет К.Бегжанов Д.Ахмет-Заки Д.Көшім Б.Аяған Ә.Асқаров Х.Әбжанов Т.Доскенов Б.Мамраев А.Әміртай У.Қалижан Е.Тілешов</p>	
9.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің бірыңғай латын әліпбиін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерінің бірлескен алқасында талқылау және қабылдау	қыркүйек	Б.С.Әбдрасілов в К.Ж.Асыллов Е.З.Қажыбек	
10.	Тесттік түсіндіру отырыстарын және оқу семинарларын өткізу: - орталық меморгандар веб-сайттарының		Тілші-лингвистер тобымен бірге	

	<p>әкімшілері үшін; - орталық БАҚ веб-сайттарының әкімшілері үшін 10.1. Алматы 10.2. Астана</p>	<p>қазан қазан</p>	<p>жұмыс тобы мүшелері барады: Т.Мамашев М.Жұрынұлы Ж.Кенжалин С.Нұрбек Д.Қыдыралы Й.Шамилұлы</p>	
11.	<p>ҚР БҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының арнайы жабдықталған студиясында үйлестіру-кеңес беру әдістемелік вебинарының жұмысын бастау. Вебинар дәрістерді және кеңес беруді өткізудің бекітілген кестесі бойынша қазақ тілін латынға көшірудің өзекті мәселелері бойынша жетекші ғалымдар мен мамандарды жедел байланыс және түсіндіру жұмыстары үшін онлайн режимінде жүйелі шақыратын болады.</p>	<p>қараша</p>	<p>А.Жүнісбек Д.Ахмет-Заки Е.Р.Сүлейменов Е.Тілешов</p>	
12.	<p>Қазақ тілінің латын графикасын, орфография және орфоэпия ережелерін, қазақ тілін латыншаға кезең бойынша көшіру бағдарламасын халықаралық отырыстарда ұсыныстық шешімдер арқылы мынадай халықаралық ұйымдарда талдау: - Түркі кеңесі (Стамбұл, Түркия);</p>	<p>қараша</p>	<p>Е.Қажыбек Е.Тілешов К.Ж.Асыллов</p>	

	- «Қазақ тілі» халықаралық қоғамы – кезекті Халықаралық құрылтайда (Түркістан).			
13.	ҚР БҒМ А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының үйлестіру-кеңес беру әдістемелік вебинарының жұмысын жалғастыру. Вебинар қазақ тілін латынға көшірудің өзекті мәселелері бойынша жетекші ғалымдар мен мамандарды жедел байланыс және түсіндіру жұмыстары үшін онлайн режимінде шақырады.	қараша	Е.Қажыбек А.Жүнісбек Е.Тілешов	
14.	Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің бірыңғай біріздендірілген латын әліпбиін, латын графикасындағы қазақ тілінің орфографиясы мен орфоэпия ережелерін және қазақ тілін латыншаға кезең бойынша 2018-2020 жж. нақты іс-шараларды есепке ала көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту бойынша, бастауыш, орта және жоғары білім берудің білім беру жоспарларымен, ұйымдастыру-әдістемелік және ғылым-білім беру қызметіне сәйкестікте латын графикасында бейімдендірілген оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу мен шығару бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулы жобасын даярлау, латын графикасын жедел меңгеруге арналған қосалқы мобильдік қосымшалар	желтоқсан	Б.С.Әбдрасіло в Е.З.Қажыбек К.Ж.Асыллов	Ғылыми-ұйымдастыру іс-шаралардың көрсетілген тармақтары рәсімдік ережелерге сәйкес саналады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым, Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жүйесі бойынша 2018-2020 жж. жоспарға енгізіледі.

<p>мен IT-бағдарламалар кешенін мәтіндерді кирилден латыншаға қайта кодтау және т.б. қоса жасау, өту кезеңін кирилдегі әліпбидің қатар қызмет етуін ескере отырып және 2018 жылдан бастап жаңа латын әліпбиін жоспарлы енгізумен белгілеу, орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер даярлау мен шығару, қолданыстағы біртiлді, қостiлді және көптiлді сөздіктерді және басқа да қажетті әдебиеттерді, жалпы оқырман үшін қазақ әдебиеті классиктерінің шығармаларын латын графикасында үлкен тиражбен шығаруды бастауды қоса отырып қайта шығару және т.б.</p>			
--	--	--	--

**Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын
іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияға қарасты
Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге
көшіру бойынша Жұмыс тобының және Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының**

«ЖАҢА ҰЛТТЫҚ ӘЛІПБИ: ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЖАҢҒЫРТУ»

**атты зерттеу жобасы бойынша
2017 жылдың қыркүйек айында атқарылатын**

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Өткізілетін мерзімі	Жауаптылар	Ескертулер мен қосымша ақпараттар
1	Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының реформаға ақпараттық қызмет, тәжірибелік-әдістемелік қолдау көрсету бағыты бойынша			
1.1	Астана қаласында өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының жиыны	15 қыркүйек, 2017 жыл	Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша баяндамашы – Институт директорының ғылым жөніндегі орынбасары А.Фазылжанова	
1.2	Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияға қарасты <i>Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру</i> жұмыс	15 қыркүйек, 2017 жыл	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты	

	тобы мен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бірлескен кеңейтілген мәжілісінде 11 қыркүйек Қазақстан Республикасы Парламентінде стандартты латын әліпбиінің жобасына қатысты тыңдауды талқылау және Комиссияның алдағы жұмысын бекіту		
1.3	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Ғылым ордасы» бірлескен ғылыми кадрларды дайындау орталығының оқытушы-профессорлары мен Институт ғалымдарының қатысуымен өтетін «Жазу реформасын сәтті жүзеге асырудағы тілтанушылардың рөлі» атты семинар	29 қыркүйек, 2017 жыл	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
1.4	Қажыбек Ерденнің жазу реформасы туралы мақаласы (Ұлттық БАҚ)	қыркүйек, 2017 жыл	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
1.5	«Хабар» арнасының «Латын әліпбиі» тақырыбына арналған «Сана» бағдарламасы (Институт ғалымы Құралай Күдеринованың қатысуымен)	қыркүйек, 2017 жыл	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
1.6	Алматы облысы «Жетісу» арнасының «Болмыс» ток-шоуында «Латын әліпбиі» тақырыбындағы хабар (Институт ғалымдары Зейнеп Базарбаева мен Назира Әміржанованың	қыркүйек, 2017 жыл	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

	қатысуымен)			
2	Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» атты зерттеу жобасы бойынша атқаратын зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, концептуалдық бағыттары бойынша			
2.1	«Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» атты зерттеу жобасын орындаушылар мен Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының қызметтерін үйлестіруші концептуалдық құжаттар дайындалып жатыр	қыркүйек, 2017 жыл	Е.Қажыбек	Құзырлы органдар мен реформаға жауапты ресми мекемелерге және тұлғаларға бағытталған құжаттар (анықтама, тұжырымдама, хаттар, ұсыныстар)
2.2	Әліпбиді латынға көшіру негізінде қазақ жазуын реформалаудың әлеуметтік-тілтанымдық, саяси-тілтанымдық аспектілері айқындалып, Қазақстанның ұлттық саясаты мен мәдениаралық қарым-қатынас саласындағы қауіп-қатер мен тәуекелділіктің пайда болу себептерін анықтау мәселесі бойынша қоғам мен сараптамалық қоғамдастық арасында контент-талдау, социолінгвистикалық зерттеу жасалмақшы (Реформаны жүзеге асырушыларға арналған аналитикалық талдау нәтижелері беріледі)	қыркүйек, 2017 жыл	А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ мамандары	Әлеуметтік сауалнама мен контент талдау нәтижелерінің жарияланымы (Ғылыми басылымдар мен БАҚ, әлеуметтік желіде)
2.3.	Жаңа қазақ жазуының фонетика-	қыркүйек,	А.Байтұрсынұлы	Дыбыстардың артикуляциялық

	фонологиялық негіздері: төл және кірме сөз орфограммаларының модельдері мен тетіктері дайындалуда	2017 жыл	атындағы ТБИ мамандары	модельдерінің негізінде әзірленген латын графикасы негізіндегі бастапқы курсты оқыту жобасын дайындау, латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби бойынша қазақ жазуының кірме сөздерге арналған орфографиялық Нұсқаулығының проспектісін және «Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің өзекті тілтанымдық мәселелері» атты ғылыми мақалалар жинағы әзірленеді.
2.4.2	Латын графикасы негізіндегі әліпби бойынша қазіргі қазақ жазуының орфографиялық ережелерінің жобасы дайындалып жатыр	қыркүйек, 2017 жыл	А.Байтұрсынұлы атындағы ТБИ мамандары	Латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби бойынша алғашқы емле жобасы, Қазақ диаспорасы тіліндегі жоғары терминологиялық әлеуетті инновациялық сөзқолданыстарына лингвистикалық талдау жасау, латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби бойынша жаңа терминологиялық сөздік реестрін толықтыру, қазіргі қазақ тілінің сөздігіне енбеген информатика және есептеуіш техника, медицина, ауыл шаруашылығы,

				<p>заң, математика, химия, биология, экология, энергетика т.б. салаларда қолданылатын кәсіби сөздерді латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби бойынша жинау, жүйелеу, экономика, қаржы, құрылыс және архитектура, медицина, ауыл шаруашылығы, заң, математика, химия, биология, экология, энергетика т.б. салаларда кеңінен қолданылатын қазіргі қазақ тілінің сөздігіне енбеген арнаулы кәсіби сөздерді жаңа әліпби емлесіне сәйкес жазудың қағидаттары негізделеді, 4 ғылыми мақала, 1 монография (қосымша сөздікпен) әзірлену үстінде.</p>
--	--	--	--	---

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ЖОБАСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияға қарасты *Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру* бойынша Жұмыс тобы Президент әкімшілігі (бұдан әрі – ПӘ) және Премьер-Министр Кеңесінің (бұдан әрі – ПМК) жоспары негізінде жұмыс істеуде. ПӘ мен ПМК Мемлекеттік тілді латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық жазуға көшіруге байланысты Кеңестері Хаттамасында жүктелген тапсырмалар дер кезінде орындалды.

Латын әліпбиі жобасының төмендегі жұмыс нәтижелері қазақ және орыс тілдерінде бекітуге жолданды:

1. «Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиі» жобасының бағдарламасы;

2. «Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиі» жобасының концепциясы;

3. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының ұйымдастыру қызметінің әдістемелік ұсыныстары;

4. «Жаңа ұлттық әліпбиі: қазақ жазуын жаңғырту» жобасы мемлекеттік тапсырма аясында Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жоспарына сәйкес;

5. Құрамы:

5.1. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобы;

5.2. Басқару кеңесі;

5.3. Сарапшы топ;

5.4. Қолдаушы-серіктес топ;

6. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдар;

7. Қаржымен қамтамасыз ету қызметінің жобасы;

8. Сонымен қатар келесідей ғылыми-ұйымдастыру іс-шаралары өткізілді:

8.1. Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиевтің төрағалығымен Білім және ғылым министрлігі, Мәдениет және спорт министрлігі, Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту республикалық орталығы және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қатысуымен өткен үйлестіру кеңесі;

8.2. Жұмыс тобының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті және Қазақстан қолданбалы лингвистика ассоциациясының (AALK) қатысуымен өткен үйлестіру кеңесі;

8.3. Жұмыс тобының ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтымен бірлескен үйлестіру-әдістемелік кеңесі;

8.4. Жұмыс тобының 4 кеңесі;

8.5. Жұмыс тобының Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлескен қазіргі қазақ терминжасамның бағыттарын айқындау (орфографиялық қағидағтар) мәселелеріне арналған республикалық әдістемелік-үйлестіру кеңесі (Астана қаласында);

8.6. Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлескен Жұмыс тобының ономастика мен жалқы есімдердің халықаралық және ұлттық стандарттары мәселелері бойынша республикалық әдістемелік-үйлестіру кеңесі (Шымкент қаласында);

8.7. Халықаралық Түрік академиясының ұйымдастыруымен өткен Халықаралық түркологиялық семинар (Латын әліпбиіне арналған материалдар жинағының тұсаукесері);

8.8. «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: Зерттеу, жүйелеу және насихаттау» атты республикалық кеңес;

8.9. Жұмыс тобының Абай атындағы ҚазҰПУ ұжымымен бірге өткізген «Рухани жаңғыру: Қ.Жұбановтың мұрасы» атты кеңес;

8.10. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің қатысуымен өткен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі (2 рет);

8.11. Жұмыс тобының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Әдебиет және өнер институты, Тіл білімі институты, Тарих және этнология, Философия, саясаттану және дінтану институты, Шығыстану институттарымен бірлескен кеңесі;

8.12. Жұмыс тобы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ұйымдастырған ғылыми-әдістемелік семинар («Жасанды интеллект» ғылыми-зерттеу институтының директоры, техника ғылымдарының докторы, профессор А.Шәріпбаев баяндама жасады);

8.13. Астана қаласында өткен семинар;

8.14. Ақтау қаласында өткен семинар;

8.15. Алматы қаласында өткен семинар.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А.Ғ. Балаеваның төрағалығымен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында жүктелген негізгі тапсырмаларға байланысты Астана мен Ақтау қалаларында ағымдағы жылғы 14, 15 және 18 шілдеде өткен семинарда Жұмыс тобының жетекшісі осыған дейін атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді;

8.16. 2017 жылғы 7 шілдеде Стамбұл қаласында өткен Халықаралық түркология құрылтайында Жұмыс тобының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Е.З.Қажыбек латын әліпбиіне байланысты баяндама жасады;

8.17. Алматы облысы әкімшілігімен бірлескен Жұмыс тобының «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы» атты көшпелі отырысы (Талдықорған қаласы, 2017 жылдың 4 тамызы);

8.18. Ағымдағы жылдың сәуір-тамыз айларында 4 мақала жинағы шықты:

- «Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: Зерттеу, жүйелеу және насихаттау»;
- «Тамыры терең әліпби»;
- «Түркі ортақ латын әліпбиі» (Халықаралық Түрік академиясымен бірге);
- «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы» (Талдықорған).

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ КЕҢЕСІНЕ БЕРІЛГЕН АҚПАРАТ

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық комиссияның латын бойынша құрылған жұмыс тобы 20-дан аса ғылыми-ұйымдастырушылық, ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік іс-шаралар өткізді.

Негізгі іс-шаралар

Білім және ғылым министрі Е.К. Сағадиевтің төрағалығымен ҚР БҒМ, ҚР МСМ, Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы және ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қатысуымен өткен Жұмыс тобының үйлестіру кеңесіне 7 адам қатысты.

«Тамыры терең әліпби» атты республикалық кеңесіне Қазақстанның әр өңірлерінен тілші-мамандар тыңдармандарды қоса есептегенде 300-дей адам қатысты.

Жұмыс тобының әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Қазақстан қолданбалы лингвистика қауымдастығының қатысуымен өткізген үйлестіру кеңесіне 30-ға жуық адам қатысты.

Жұмыс тобының Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтымен бірлесіп өткізген әдістемелік-үйлестіру кеңесінде 50-60 қатысушылар болды.

Жұмыс тобының төрт тақырыптық отырысында шақырылған қонақтар мен ғалымдарды қоса алғанда 200-400 адам болды.

Жұмыс тобының ҚР МСМ Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлесіп өткізген терминология және терминжасам мәселелері (орфографиялау қағидаттары) бойынша республикалық ұйымдастыру-үйлестіру кеңесіне тыңдармандарды қоса есептегенде 150-ден аса адам қатысты (Астана қаласында).

Жұмыс тобының ҚР МСМ Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлесіп өткізген ономастика және жалқы есім (халықаралық және ұлттық стандарттар) мәселелері бойынша (Шымкент қаласы) республикалық ұйымдастыру-үйлестіру семинарына тыңдармандарды қоса есептегенде 150-ден аса адам қатысты.

Латын бойынша шығарылған материалдар жинағының таныстыру рәсіміне Халықаралық Түркі академиясының Халықаралық түркологиялық семинарына тыңдармандарды қосқанда 70-тей адам қатысты.

«А.Байтұрсынұлы мұрасы: Зерттеу, жүйелеу және насихаттау» республикалық кеңесіне тыңдармандарды қоса алғанда 200-дей адам қатысты.

Жұмыс тобының Абай атындағы ҚазҰПУ-мен бірге өткізген «Рухани жаңғыру: Қ.Жұбанов мұрасы» атты кеңесіне тыңдармандарды қосқанда 300-ден аса адам қатысты.

ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғылыми кеңесі мен тіл саясатын шеңберінде уәкілетті орган – ҚР МСМ Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетімен бірлесіп өткізген отырысқа шақырылған қонақтар мен Институттың ғалымдарын қоса есептегенде 100-дей адам қатысты.

Жұмыс тобының Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, ҚР БҒМ ҒК Тіл білімі институты, Әдебиет және өнер институты, Тарих және этнология институты, Философия, саясаттану және дінтану институты, Шығыстану институттарының бірігіп өткізген отырысына 100-дей адам қатысты.

Жұмыс тобының ҚР БҒМ ҒК Тіл білімі институтының ғылыми-әдістемелік семинарымен (ЕҰУ «Жасанды интеллект» ғылыми-зерттеу институтының директоры, т.ғ.д., проф. А.Шәріпбаевтың баяндамасы) бірігіп өткізген кеңесіне шақырылған қонақтарды есептегенде 70-тей адам қатысты.

ҚР ПӘ-нің жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 14, 15 және 18 шілдеде Астана (350-дей адам), Ақтау (100-дей адам) және Алматыда (100-дей адам) семинар өтті. ҚР ПӘ Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі А.Ғ.Балаеваның төрағалығымен өткен ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын талқылау семинарларында Жұмыс тобының жетекшісі есеп берді.

Жұмыс тобының жетекшісі, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Е.З. Қажыбек 07.07.2017 ж. Стамбұл қаласында өткен Халықаралық түркологиялық құрылтайда ғалымдар арасында латын әліпбиіне қатысты мәселелерді талқылады. Қатысқан адамдар саны – 100.

Сонымен бірге жұмыс тобының мүшелері телевизиялық каналдарда және радиодағы әртүрлі телебағдарламаларға, өзекті сұхбаттарға, жарыспалы дискуссияларға, «сұрақ-жауап» бағдарламаларына қатысып, БАҚ-та, электронды (порталдар, сайттар, әлеуметтік желілер) форматта халықпен тығыз қарым-қатынас жасап, жастар арасында кездесулер ұйымдастырды.

Осылайша, жалпы практикалық іс-шараларға соңғы 2-3 айдың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарының аудиториясын есептемегеннің өзінде екі жарым мыңдай адам қатысты.

Енді аймақтарда өтетін кешенді жұмыс жақын арада жоспарланып отыр: алыс жақтарда өтетін отырыстар, Қазақстанның орталық, батыс, шығыс, оңтүстік және солтүстік өңірлеріне семинар-тренингтер.

Жұмыс тобының алғашқы отырысы 2017 жылғы 4 тамызда Алматы облысында өтті.

Есептік кезеңде әзірленген материалдар

- Латын әліпбиіне көшіруге арналған бағдарлама
- Латын графикасына көшудің тұжырымдамасы
- Мемлекеттік тілді латын графикасына ауыстыру бойынша ұйымдық жұмыс жүргізудің әдістемелік нұсқаулығы
- «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» ғылыми жобасы
- Латын графикасына өтуге арналған іс-шаралар жоспары

• Мемлекеттік тілді латын графикасына көшіру туралы ақпараттық-анықтамалық материалдар.

Құрамы:

• Жұмыс тобы – ағылшын тілінің, кирилл қарпінің, АТ және компьютерлік техника саласының мамандарымен толықтырылған

- Басқару кеңесі
- Сарапшылар тобы
- Серіктес қолдаушы топтар
- Тиісті өңірлік бірліктер

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің латын әліпбиіне арналған бірыңғай стандартты әліпбиін әзірлеу және бекіту туралы:

- Назарды таңдаулы графемаларға аудару
- Дауыссыз – өріс екі негізгі және бір «енгізілген» дыбыс / белгіге дейін тарылады (ң, ш, ч);
- Дауысты – өріс төрт графемаға дейін тарылады (ә, ө, ү, ы).
- Жеке деректерді міндетті түрде толтырумен – нұсқалар сатыланып, әліпби жобаларын жасаған авторларды іріктеу өлшемшарттары бекітілді
- Аты-жөні
- Ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса)
- Ұсыныстар бойынша жұмыстар (бар болса, шолу жасау)
- Мемлекеттік тілді игеру деңгейі
- Лингвистикалық материалдардың (фонологиялық, лексикалық, семантикалық параметрлер) заңдылықтары мен қағидаттарынан хабардар болу деңгейі
- Негізгі ұсыныстар мен жобаларды есепке алу
- Жобаның құрылымы:
- Алғы сөз (қысқаша кіріспе)
- Негізгі мазмұн
- Көрнекі материалдар (мәтіндер)
- Қорытынды (жаңалық және басқа да тиісті ерекшеліктер)
- Байланыс ақпараттары: үй және іскерлік мекенжайлары, телефондары және электронды пошта
- Өтінім берген уақыты, қолы
- Мазмұны:
- 1. «Пернетақта» нұсқасы – ағылшын әліпбиіне бейімдеу
- 2. UNICODE – техникалық сынақ (инженерлік)
- 3. Филологиялық нұсқалар
- 4. Интернет, IT-нұсқалары
- 5. Аралық және «жинақталған типтер»
- 6. «Әуесқой шығармашылық»
- «География» және қатысушыларды кәсібіне қарай бөлу:
- гуманитарлық ғылымдар ғалымдары және техникалық сала өкілдері
- Парламент пен мәслихат депутаттары, мемлекеттік корпус
- Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары

- Шетелдік отандастар, жақын және алыс шетел азаматтары
- Дипкорпус
- «Жеке бастама» (оқытушылар, студенттер, зейнеткерлер және т.б.)

Ең басты мақсат – қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін есепке алу – ұлттық жазбаларды жаңғырту, жаңа емле ережелерін жасау:

- I. Фонетика, фонология, интонология, орфоэпия
- II. Грамматика, морфология, үлгі бойынша талдау, сөзжасам
- III. Лексикология, фразеология, лексикография, орфография
- IV. Терминология, аударма ісі, арнайы белгі
- V. Ономастика, тиісті атаулар
- VI. Тіл мәдениеті, стилистика, көрнекі ақпарат
- VII. Этнолингвистика, историзмдер, архаизмдер
- VIII. Тіл тарихы, түркология, компаративистика, этимология (көне, ежелгі, ортағасырлық кезеңдер, ескі қазақ)
- IX. Қолданбалы лингвистика, математикалық лингвистика, IT-лексикон
- X. Әлеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШУ БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒДАРЛАР

2018 жыл – ағымдағы жылы «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-І Заңына және басқа да заңдар мен заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізуді қоса алғанда, тілдік саясат пен тілдік құрылыс мәселелерін реттеу жөніндегі нормативтік құжаттарды, Үкіметтің жарғылары мен қаулыларын, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тілі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлеуге кірісу қажет.

Қоғамдық сананы жаңғырту жөніндегі Ұлттық комиссия басшылығымен тиісті орталық және өңірлік мемлекеттік органдардың, түрлі типтегі қоғамдық ұйымдардың, республиканың білім беру, ғылыми мекемелерінің қатысуы арқылы тілді тұтынушылардың әртүрлі топтарынан әлеуметтік, талдамалық, әлеуметтік-лингвистикалық және басқа да өлшемдер, тестер мен сауалнамалар, тандаулы және жаппай (аралас) сауалнама алумен, практикалық, ғылым-білім беру және ғылыми-практикалық іс-шаралар өткізу арқылы нақты жоспарлар мен ортологиялық дербес нормативтік, лингвомәдениеттанымдық жұмыстардың нәтижелері бойынша ұсынымдар, сындарлы ұсыныстар, нұсқаулар, мақсатты ұсыныстар қабылдаумен мемлекеттік тілдің Бірыңғай стандартын латын графикасында сынақтан өткізу жүзеге асырылатын болады.

Жыл басынан бастап ғылыми бағдарлама аясында республиканың ғылыми қоғамдастығы күшімен (бас ұйым – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тілі білімі институты) емле және айтылудың лингвистикалық ережелері, орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер, қазақ тілін латын графикасында терминологиялық, ономастикалық, лексикографиялық, лексика-семантикалық, фонетика-фонологиялық, морфемдік-сөзжасамдық, тарихи-мәдени (архаизмдер мен неологизмдер, кірме сөздер, тіл мәдениеті), социолингвистикалық нормалаудың негіздері әзірлене бастайды.

2018 жылы қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктерін латын графикасында, сондай-ақ байырғы және кірме лексиканың емле ережелерін, қазақ антропонимдері анықтамалығын латын графикасында шығару қажет.

Жалпы алғанда, ұлттық білім беру және ғылым жүйесінде, тіл саясаты мен тіл құрылысы саласында мынадай жұмыс түрлері жүзеге асырылатын болады:

- Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі мекемелері мен орта мектептің бірінші сыныптарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу және шығару;
- Қазақстан Республикасы Парламентінде «Қазақстан Республикасының латын графикасындағы мемлекеттік тілі туралы» Заңын әзірлеу және қабылдау;

• Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында 2019-2025 жылдары жаңа латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшудің мемлекеттік бағдарламасы мен тәртібін» бекітуі;

• Қазақ антропонимдерін латын графикасы негізінде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу. Қазақ есімдері мен тектерінің салғастырмалы анықтамалығын кирилл және латын графикаларында әзірлеу;

• Жазу реформасын лингвистикалық қамтамасыз етуді жалғастыру.

Жаңа латын әліпбиіне көшудің мемлекеттік бағдарламасында мыналарды қарастыру қажет болады:

2019 ж.:

• Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі мекемелері мен орта мектептің бірінші сыныптарында жаңа графиканы оқыту;

• Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі мекемелер мен орта мектептің екінші және үшінші сыныптарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

• Оқушылар үшін оқу радиосы мен телехабарлар ұйымдастыру;

• Мектепке дейінгі және мектеп мекемелерінің мұғалімдеріне, ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарын ұйымдастыру;

• Топонимиялық және антропонимиялық сөздіктер әзірлеу және шығару;

• Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқыту курстарын ұйымдастыру:

○ мемлекеттік қызметкерлерді;

○ АҚ және жеке сектор қызметкерлерін;

○ қоғамдық ұйымдарды және т.б.

• Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық бірліктерінің атаулары мен физикалық-географиялық атауларының анықтамалығын латын графикасында әзірлеу;

• Орфографиялық ережелерді, топонимдердің емлесін әзірлеу;

• Жазу реформасын лингвистикалық қамтамасыз етуді жалғастыру.

2020 ж.:

• Орта мектептің екінші және үшінші сыныптарына жаңа графиканы оқыту;

• Қазақстан Республикасы орта мектебінің төртінші және бесінші сыныптарына, жоғары оқу орындарының бірінші курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

• Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар ұйымдастыру;

• Мектеп мекемелерінің мұғалімдеріне, ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарын ұйымдастыру;

- Географиялық карталарды, атластарды, әкімшілік-аумақтық материалдар әзірлеу және шығару;

- Шетел мемлекеттері, әлем астаналары, мұхит, теңіздердің және т.б. шетелдік ономастикалық атауларды (экзонимдерді), «Әлемнің саяси картасын» қазақ тілінде латын графикасы негізінде транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу;

- Шетелдік есімдерді транслитерациялаудың ережелерін әзірлеу;

- Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқытудың курстарын ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру:

- мемлекеттік қызметкерлерді;

- АҚ және жеке сектор қызметкерлерін;

- қоғамдық ұйымдарды және т.б.

- Жазу реформасын лингвистикалық қамтамасыз етуді жалғастыру.

2021 ж.:

- Қазақстан Республикасы орта мектебінің төртінші және бесінші сыныптарында және жоғары оқу орындарының бірінші курстарында жаңа графиканы оқыту;

- Қазақстан Республикасы орта мектебінің алтыншы және жетінші сыныптарына, жоғары оқу орындарының екінші және үшінші курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу мен шығару;

- Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;

- Мектеп мекемелері мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

- Қазақстан Республикасындағы ономастикалық қызметтің тұжырымдамасын латын графикасы негізінде әзірлеу;

- Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқытудың курстарын ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру:

- мемлекеттік қызметкерлерді;

- АҚ және жеке сектор қызметкерлерін;

- қоғамдық ұйымдарды және т.б.

- Жергілікті мемлекеттік органдардағы іс жүргізуді жаңа графикаға көшіру.

2022 ж.:

- Қазақстан Республикасы орта мектебінің алтыншы және жетінші сыныптарында және жоғары оқу орындарының екінші-үшінші курстарында жаңа графиканы оқыту;

- Қазақстан Республикасы орта мектебінің сегізінші және тоғызыншы сыныптарына, жоғары оқу орындарының төртінші (бесінші) курс студенттеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу және шығару;

- Оқушылар мен студенттерге арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;
- БАҚ-ты латын графикасына көшіру (жоспар бойынша);
- Мектеп мекемелері мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;
- Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқыту курстарының жұмыстарын жалғастыру:
 - мемлекеттік қызметкерлерді іс жүргізудің ерекшелігіне бағдарлау;
 - АҚ және жеке сектор қызметкерлерін есептік және өндірістік құжаттамаға бағдарлау;
 - қоғамдық ұйымдарды және т.б.
- Орталық мемлекеттік органдардағы іс жүргізуді жаңа графикаға көшіру.

2023 ж.:

- Қазақстан Республикасы орта мектебінің сегізінші және тоғызыншы сыныптарында және жоғары оқу орындарының төртінші (бесінші) курстарында, магистратурада жаңа графиканы оқыту;
- Қазақстан Республикасы орта мектебінің оныншы, он бірінші және он екінші сыныптарына, магистранттар мен (PhD) докторанттарға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын жаңа графикада әзірлеу және шығару;
- Оқушылар мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған оқу радиосы мен телехабарлар жұмысын жалғастыру;
- БАҚ, баспалар мен полиграфияларды латын графикасына көшіруді жалғастыру (жоспар бойынша);
- Мектеп мекемелері мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларына, ғалымдарға арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;
- Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқыту курстарының жұмыстарын жалғастыру:
 - мемлекеттік қызметкерлерді іс жүргізудің ерекшелігіне бағдарлау;
 - АҚ және жеке сектор қызметкерлерін есептік және өндірістік құжаттамаға бағдарлау;
 - қоғамдық ұйымдарды және т.б.
- Ғылым, мәдениет және білім беру мекемелеріндегі іс жүргізуді жаңа графикаға көшіру.

2024 ж.:

- Орта мектептің оныншы, он бірінші және он екінші сыныптарына, магистратура мен (PhD) докторантурада жаңа графиканы оқыту;
- Ғылыми әдебиеттер, терминологиялық сөздіктер әзірлеу;

- Оқушылар мен студенттерге, магистранттар мен докторанттарға арналған оқыту хабарларының жұмысын жалғастыру;

- БАҚ, баспалар мен полиграфияларды латын графикасына көшіруді жалғастыру (жоспар бойынша);

- Мектеп мекемелері мұғалімдері мен ЖОО оқытушыларына, ғалымдарға арналған жаңа әліпби мен емле ережелерін оқыту курстарының жұмысын жалғастыру;

- Жаңа әліпби мен ортодологияға халықтың түрлі топтарын оқыту курстарының жұмыстарын жалғастыру:

- мемлекеттік қызметкерлерді іс жүргізудің ерекшелігіне бағдарлау;

- АҚ және жеке сектор қызметкерлерін есептік және өндірістік құжаттамаға бағдарлау;

- қоғамдық ұйымдарды және т.б.

- Сыртқы жарнамаларды, түрлі типтегі көрсеткіштерді жаңа графикаға көшіру.

2025 ж.:

- Білім беру жүйесінде оқыту толықтай жаңа графикада жүргізіледі;

- Ғылыми зерттеулер жаңа графикаға көшіріледі;

- Республиканың барлық БАҚ, баспалары мен полиграфиялары жаңа әліпбиде жұмыс жасайды.

- Біліктілік арттырудың барлық типтері жаңа графикада жүргізіледі;

- Халықтың түрлі топтарына арналған ортодологиялық курстары жаңа графикада жүргізіледі;

- Қазақ тіліндегі интернет кеңістігі латын графикасында жұмыс жасайды;

- Мемлекеттік органдар жаңа графикада жұмыс істейді.

Жылдар бойынша **қаржылық көрсеткіштер** мен шығындар санын түрлі ведомстволар бір-бірімен келісуі қажет және қызметтің әрбір түрі бойынша тек нақты мерзімдер, көлемдер және басқа да шынайы көрсеткіштер бекітілгеннен кейін ғана толықтай анықталуы мүмкін.

Жаңа ортодологиялық тілдік ережелер мен нормаларды қалыптастыру жөніндегі тереңдетілген ғылыми және ғылыми-ұйымдастыру жұмысы республикалық ауқымда бас жоғары оқу орындары мен ҒЗИ – бас ұйым Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қатысуымен жүргізілетін болады.

Қызметтің мұндай нақты бағытына жылдық шығындар сомасы жаппай сұраныстағы сөздіктерді және және басқа оқу құралдарын мол таралыммен шығаруға шығындарды (Қазақстан бойынша тасымалдауды) есептемегенде – жылына 250 млн. теңге шегінде белгіленді, бұл ҒЗИ-дің мұндай тақырыптық жоспардағы дәстүрлі орташа бюджеті болып табылады, яғни аталған бағытта көп көлемде қосымша қаржы құюдың қажеттілігі жоқ. Ұйым мемлекеттік бюджеттен қаржыландыруды қалай алса, сол бойынша өздерінің жоспарлары

мен бағдарламаларын қойылған мақсаттар мен міндеттерге бейімдеу арқылы өз жұмысын жалғастыра береді.

Жаңа латын графикасына көшу бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарды уақытында орындаудың маңыздылығын ескере отырып, аталған қаржыландыруды БНҚ жүйесі бойынша конкурстан тыс рәсімдер – мемлекеттік тапсырма түрінде жүзеге асырған орынды болады.

Ғылыми-әдістемелік өнімдерді мол таралыммен көбейту мен тарату үшін қаржы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бюджетіне қосылуы және немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне мемлекеттік жеке тапсырма түрінде әрбір өтінімге тең мөлшердегі қосымша гранштармен бөлінуі қажет.

Басқа да қызмет түрлері мен тиісінше шығындар сомалары мен орындау мерзімдерін – әрбір орталық және өңірлік мемлекеттік органдар өздерінің ерекшеліктеріне бейімдеп, жалпы жинақтау үшін Үкіметпен келісіп отыруы керек.

Барлық ғылыми-педагогикалық қауымдастық өздерінің негізгі ғылым-білім беру қызметтерін орындаудан бөлек, министрліктің басшылығымен үлкен көлемдегі мақалалар жариялап, БАҚ-та сөз сөйлеп, халық арасында (оқушылар, студенттер, оқытушылар, журналистер, мемлекеттік қызметкерлер және т.б.) түсіндіру-насихаттау жұмыстарына аса белсенді қатысатын болады.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШКЕН ТҮРКІТІЛДЕС МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ТӘЖІРИБЕСІ БОЙЫНША АНЫҚТАМА

Әзербайжан

Әзербайжан бірінші болып шешімді 1991 жылы қабылдады, бірақ нақты іске асыруға уақыт өткізіп барып кірісті.

Нәтижесінде, арада он шақты жыл өтсе де, яғни 2001 жылы жаңа әліпби республикада барынша толыққанды қолданыла қоймады.

Гейдар Алиев 2001 жылдың 18 маусымы мен 9 тамызында шұғыл түрде тағы да екі Жарлық шығаруға мәжбүр болды. Онда республикада кез келген баспа өнімін кирилл қарпімен шығаруға мүлде тыйым салынды.

Сонымен, бір мәселе бойынша Әзербайжан Республикасы Президентінің 5 жарлығы мен бір өкімі жарық көрді.

Тек осындай қатаң мемлекеттік реттеудің нәтижесінде ғана жағдайды түзетуге мүмкіндік туды. Қазір Әзербайжанда 9 тамыз – Ана тілі мен жазуының күні болып аталып келеді.

Түркіменстан

Түркімендер әліпбиді 1993 жылы қонаққа жағымды тарту ретінде, республикаға Түркия президентінің келуімен орайластыра ауыстырды.

Бұл асығыстықтың нәтижесінде жаңа әліпбиде бұрынғы араб әліпбиі мен 20-30-жылдардағы латын әліпбиінің бірінші нұсқасындағы байырғы [к] және [ғ] дыбыстары болмады. Басқаша айтқанда, бұл дыбыстар (әріптер) «жоғалып кеткен» орыс әліпбиінің таза көшірмесі болып шықты.

Ескерту:

Осындай ахуалды бастарынан өткерген әзербайжандар кирилл қарпімен жазуда «ұмыт болған» өздерінің байырғы [к], [ң] және [ә] дыбыстарын жаңа графикада қайта қабылдады. Егер әзербайжандар бұрын мысалы, *гардаш, гарындаш* деп жазып және айтса, бұл жай қателік қана емес, ол ұлттық айтылым ерекшелігіне орасан зардабын тигізді, ал қазір олар дұрыс айтып, дұрыс жазады: *қардаш [qardaş], қарындаш [qarındaş]*.

Түркия

Кезінде түріктер де қатты асығыстықтың әсерінен байырғы [к], [ң] және [ә] дыбыстарын беретін әріптерді ұмыт қалдырды.

Ататүрік өте қысқа мерзімде, бар-жоғы жарты жыл, ары кетсе бір жылдың ішінде әліпбиді ауыстыра салғандығы мәлім.

Осының салдарынан қазіргі кезде түрік тілі бұл дыбыстарды мүлде жоғалтты, сөйтіп тілдің морфонологиялық құрылымына мейлінше теріс ықпал етті. Жастар *гүзел [güzel], койун [koyun], камун [katun]* деп айтады, ал бұл сөздер бұрын *гүзәл [güzäl], қойун [qoyun], қамун [qatun]* деп айтылатын болған. Осылайша, түріктер аса маңызды сингармонизм заңын бұзды, оның негізінде түркі тілдерінде [a], [ы], [ұ], [o] дауысты дыбыстарымен тек [қ, q] дауыссыз дыбыстары, ал [к, k] дауыссыз

дыбыстарымен тек [ə], [i], [y], [ø] тіркесуі керек. Қазір біз түрік тілінде аталған орфоэпиялық нормалардың толық араласып кеткендігін байқап отырмыз.

Өзбекстан

Өзбек тілінің әліпбиін ауыстыруда қиындықтар басым болғандығын атап өткен жөн. 1993 жылғы 2 қыркүйектегі бірінші Жарлықта латын әліпбиіне көшу бюджеттен тыс қаржылардың есебінен жүзеге асырылатындығы айтылды. Бұл, әрине, жеткіліксіз болды. Сөйтіп, басталған кезден-ақ бәрі тығырыққа тірелді, әліпбидің өзі үш рет ауысып, нақтыланды.

2000 жылға дейін жаңа графикаға көшіру жоспары іске аспады.

Оны жаңа мерзімге – 2005 жылға дейін де аяқтау мүмкін болмады.

Міне, содан бері ширек ғасырдан астам уақыт өтті, бірақ ұлттық валюта (қағаз) және көптеген нәрселер – әлі де кирилл қарпімен шығарылып отыр, яғни елде екі графика – бұрынғы және жаңа – қатар қолданылуда. БАҚ, ғаламтор, теледидар және басқа да көптеген республикалық басылымдар қазір екі тілде кезектесе шығады. Ал металл мәнеттер, тіптен екі тілде – латынша және кирилл қарпімен шығарылады.

Қарақалпақстан

Ал қарақалпақтардың әліпбиін «инновациялық» деп атауға болады. Мәселен, [ə], [ғ], [ң], [ø], [y] дыбыстарын олар еш қиындықсыз дәйекшелер [‘] қосу арқылы берді: а’, г’, н’, о’, у’.

Ойтастам

Қазір көптеген тілші-мамандар кейбір жұп дыбыстарды таңбалау үшін әліпбиде дәйекшені қолдануға қарсылық танытып отыр. Олар Ахмет Байтұрсынұлының осындай мақсаттарда дәл осы дәйекшені (апостроф) белсендірек қолданған абзал деп жазғанын ескерусіз қалдырған сыңайлы. «...Дәйекші тұрса, ол сөздің әріптері жіңішке айтылады...» – деген еді ол.

Әр дыбыста жеке таңба болу керектігі жиі айтылады, ол да үнемі ақиқат нәрсеге жанаса бермейді.

Мысалы, неміс тілінде 42 дыбыс және 26 әріп, ағылшын тілінде 44 дыбыс және 26 әріп, испан тілінде 44 дыбыс, 14 дифтонг (қосар дыбыстар) және 4 трифтонг (үш дыбыс) – барлығы 27 әріп.

Байқап отырғанымыздай, көп жағдайда әріпке қарағанда, дыбыс анағұрлым басым.

Егер қазақ тілінде 26-28 дыбыс болса, онда әліпбиде қанша әріп болу керек? Әрине одан аз болуы тиіс.

Қазір бізде қарама-қайшы жағдай орын алып отыр. Сондықтан біз ахуалды саламатты ойлау бағытына қарай өзгертуіміз қажет. Біз дәл қазір екіұдай күй кешудеміз. Аяққа тік тұратын кез келді.

Арабша «төте» жазуда бір әріппен төрт дыбысты берген: [o], [y], [ə] және [y], сондай-ақ осы бір әріппен тағы бірнеше дифтонгты, тіпті бір дауыссыз еріндік дыбысты (!) таңбалаған.

Қайталап айтамыз, осының бәрін бір әріппен берген!

Осыған қарамастан, «төте» жазу кезінде араб графикасындағы ең ыңғайлы және ең ықшамды әліпбилердің бірі болып танылғандығы қызық жайт.

Қазақ және қарақалпақ тілдері өзара бір-біріне ұқсас екендігі белгілі. Кезінде қарақалпақ тілінің ең үлкен және күрделі грамматикасын жазған белгілі кеңес түркітанушысы Николай Александрович Баскаков бұл тілді қазақ тілінің диалектісі деген болатын. Ғалымдар, жұмыс топтарының мүшелері осы тілдің тәжірибесін мұқият зерттегендері жөн.

Ала-құлалық басқа халықтарда да кездеседі.

Поляктар, чехтар, немістер мен ағылшындар бірыңғай немесе жақын стандарттар жасай алмады. Керісінше, еуропалықтар ұқсас дыбыстарды әртүрлі таңбалаумен ерекшеленеді.

Қазіргі жағдай

Жаңа қазақ әліпбиінің құрамы бойынша қазір қандай ұсыныстар бар? Олардың аясы екі нұсқамен шектелді:

- ұсынылған жалпытүркілік стандартқа жақын классикалық нұсқа (оны тілші-филологтар қолдап отыр);
- «айтишниктер», технарлар мен бағдарламашылар нұсқасы, яғни «ағылшыншаланған» нұсқа.

Қорытынды

Ұлттық комиссияның жұмыс тобы бұл аса маңызды мәселеге қатысты заманауи көзқарас ұстанды. Өйткені бүгінде интернет пен компьютерлік технологиялар «сілкінісі» заманында біз өз тілімізді, оның күллі графемдік жиынтығын неғұрлым ыңғайлы да қарапайым етіп жасауымыз қажет. Ғылыми зерттеулердің басты стратегиясы тек осылардан тұрады. Қазіргі стандартты пернетақталық терім бізге көптеген мүмкіндіктер береді.

Қазақ тілінің өз заңдылықтарын, оның сөздерінің жазылым және айтылым қағидаттарын ескеру қажет. Емленің түсінікті де айқын ережелерін әзірлеу – бұл мәселенің одан арғы жалғасы.

2025 жылға дейін бізге елді жаңа латындандырылған әліпбиге толықтай және сапалы көшіруіміз керек: бұл мемлекеттік органдардың іс жүргізуі, білім берудің барлық саласы, БАҚ және баспа қызметі, мемлекеттік тілдегі интернет, біздің барлық ұлттық ақпараттық кеңістігіміз.

Әліпби қабылданғаннан кейінгі алғашқы екі жылды – 2018-2019 жж. – әдістемелік және нормативтік, норма шығармашылық жұмысқа бөлу қажет. Бұл процесті ешбір жағдайда жасанды өткізіп жіберуге болмайды. Оның неге әкеліп соғарын бәріміз де көрдік.

Үлкен тираждармен орфографиялық және орфоэпиялық сөздіктер, қазақ тілінің жетілдірілген грамматикасын, мектепке дейінгі, мектепте және жоғары оқу орындарында оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу, даярлау, шығару, мемлекеттік қызметкерлер, мұғалімдер мен оқытушылар, БАҚ қызметкерлері, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес сектор сайттары мен порталдарының әкімшілері үшін курстар мен семинарлардың ауқымды жүйесін ұйымдастыру қажет.

Мындаған мамандарды оқытуымыз және тек содан кейін ғана жаңа әліпбиді мемлекеттің мемлекеттік және қоғамдық өмірінің барлық саласына кезең бойынша енгізуге кірісу қажет.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

1. Латын графикасындағы мемлекеттік тілдің бірыңғай стандартын енгізу кезінде жүйелілік, кешенділік, ғылыми-әдістемелік, жабдықтаушылық және оны әзірлеудің кезеңділігі, сынақтан өткізу және практикаға енгізу қағидаттарын сақтау қамтамасыз етілсін.

2. Қойылған міндеттерді орындауды орталықтандырылған ұйымдастыру, үйлестіру, жүзеге асыру мен бақылауды, тіл саясаты және тілдік құрылыс мәселелерінде үлкен тиімділікке қол жеткізуді, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қызметін кеңейту мен тереңдетуді және республика көлемінде үштілділіктің тиімді қызмет етуін, қазақ жазуын жаңғырту процестерінің жоспарлылығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы өкілетті мемлекеттік орган құру мүмкіндігі қарастырылсын.

3. ҚР Үкіметі ағымдағы жылдың соңына дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін жаңа әліпбиге қаржыландыру көлемімен және орталық әрі жергілікті деңгейлерде нақтылау арқылы көшіру жөніндегі кезең бойынша іс-шараларының толық Жоспарын әзірлесін және ұсынсын.

4. Жазуды жаңғырту мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілін дамыту саласындағы жобаларды қаржылық-материалдық және ұйымдастырушылық қолдауға бағытталған жеке тұлғалар мен шетелдіктерді қоса, меншік иелерінің барлық формаларындағы ұйымдардың бастамаларын ынталандырудың тетіктері қарастырылсын.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ғылым-білім беру практикасына барлық ортологиялық ережелерді, орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды, ұлттық терминологиялық және ономастикалық қорды қалыптастыру, тіл мәдениеті, фонетика, этно, әлеуметтік және математикалық тіл білімі мен қазақ тілінің тарихын қоса, лексикология мен лексикография бойынша міндеттерді әзірлеу, сынақтан өткізу мен енгізу жөнінде шаралар қолдансын.

6. Әділет министрлігі Мәдениет және спорт, Білім және ғылым, Ақпарат және коммуникациялар министрліктерімен бірлесіп, тіл саясаты мен тілдік құрылыс, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің дамуы мен қызмет етуі саласындағы заңнамаларды жетілдіру жөнінде шаралар қабылдасын.

7. Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасында жазуды реформалауға және қолданыстағы ресми және жалпықолданыстағы аталымдарды графикалық беруді түзетумен байланысты халықаралық атаулар мен түрлі деңгейдегі белгіленімдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу саласындағы халықаралық келісімдерді қолданыстағы рәсімдер мен бекітілген регламенттер аясында ратификациялау бойынша мәселелерді зерттесін.

8. Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар министрліктері жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесіп, жаңа әліпбиді насихаттау бойынша бірыңғай ақпараттық имидждік саясат қалыптастырсын.

9. Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тілі білімі институты базасында шетелдік сарапшыларды тарту арқылы кешенді ұзақмерзімді «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің жазуын жаңғырту бағдарламасын» жасасын, жаппай сұраныстағы сөздіктерді, қазақ тіл білімінің негізгі бөлімдері бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуге, елдің білім беру және ғылым жүйесіне арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға кіріссін.

10. Қазақстан Республикасы Үкіметі, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің жазуын жаңғырту бағдарламасы» нәтижелерін әзірлеу, сынақтан өткізу мен енгізу бойынша ақпараттық-әдістемелік және ғылыми-ұйымдастыру жұмыстары көлемдерінің артуына байланысты, ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Солтүстік, Батыс, Шығыс және Орталық Қазақстандағы Астанадағы бас кеңсесі мен аймақтық филиалдарын оның ғылыми-әдістемелік мәртебесін көтеру арқылы құру мәселесін қарастырсын.

11. Жаңа әліпбиді енгізу бойынша кешенді шараларды жүзеге асыру кезінде осы саладағы шетелдік мемлекеттердің сәтті және сәтсіз тәжірибелерін ескеру, бірыңғай бекітілген әдістемеге сүйену және әсіресе, кей жерлерде популизм фактілеріне, асығыстық пен оқиғалардан негізсіз оза беруге жол бермей шешімдер қабылдауда келісілген жалғастықты сақтау қажет.

12. Мәдениет және спорт, Ақпарат және коммуникациялар, Білім және ғылым министрліктері жергілікті мемлекеттік органдармен бірлесе тиісті сертификаттар беру мен атқарылған жұмыс нәтижелері бойынша сапа бақылауымен тренингтер, семинарлар, оқыту коллоквиумдары мен түрлі деңгейдегі курстар өткізудің ауқымды жүйесін ұйымдастыру мүмкіндігін қарастырсын.

13. Білім және ғылым министрлігі ЖОО бағдарламаларына ісқағаздарын мемлекеттік тілге жаңа графикаға көшіру бойынша мамандарды даярлау мен қайта даярлауды енгізу мәселелерін қарастырсын: нақты саладағы терминолог (экономика және қаржы, техникалық салалар, инновациялар мен IT және т.б.), арнайы мәтіндер аудармашысы, лингвомәдениеттанушы және социолінгвист, орфограф-ортолог, іс жүргізуші-референт және т.б.

14. Зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс тақырыбы аясында жаңа жазуға көшу процестерін қарқындату, аталған салада жобалар мен бастамалардың перспективалық жиынтығын қалыптастыру бойынша халықтың түрлі топтарын қолдау және меншіктің түрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша гранттар санын арттыру қарастырылсын.

15. Қоғамның қоғамдық белсенділігін көрсететін және ынталандыратын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің жазуын

жаңғырту саласындағы қызметтердің саламатты нарығын құрудың кешенді шаралары әзірленіп, енгізілсін.

16. Тілдік құрылыс саласындағы ғылыми-әдістемелік және ұйымдастыру жұмыстарының барлық кешендері бойынша бюджеттік және демеушілік қаржыларды бір мамандандырылған Қорда мемлекет басқаруында шоғырландыру мен бөлу мүмкіндігі қарастырылсын.

17. Қазақстан Республикасында тілдердің дамуы және қызмет етуінің Мемлекеттік бағдарламасы мен қазақ жазуын латын негізінде жаңа әліпбиге көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының аясында бекітілген іс-шараларды өз уақытында және толық көлемде қаржыландыру мәселелері бақылауға алынсын.

18. Телевидение, БАҚ және жарнамалық нарықты қоса, аудиовизуалды және көрнекі ақпараттарды біріздендіру мен стандарттаудың негізгі бағыттары анықталсын.

19. Осы саладағы шағын және орта бизнес субъектілері үшін инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға арналған жағдайлар жасалсын.

20. Мемлекеттік тілдің дамуы мен қызмет етуі мәселелерімен айналысатын қайырымдылық және демеуші ұйымдар мен тұлғалар үшін салықтық шегерімдерді 4%-дан 5%-ға дейін арттыру арқылы преференциялар жүйесі құрылсын.

21. Жаппай сұраныстағы сөздіктерді (біртөмдік түсіндірме, қазақша-орысша, орысша-қазақша, қазақша-ағылшынша, фразеологиялық, синонимдер, омонимдер, антонимдер, орфографиялық, орфоэпиялық, диалектологиялық және терминологиялық сөздіктер) үлкен данамен әзірлеу, сынақтан өткізу мен шығару үшін жағдайлар жасалсын.

22. Сараптамалық қоғамдастық, өкілетті органдар, веб-сайттар мен порталдар, БАҚ, ТВ және радио әкімшілері, блогерлер, жетекші университеттер мен білім берудің басқа деңгейлерінің – колледждер, академиялар, ғылыми-зерттеу институттарының және т.б. өкілдері қатысқан, аймақтық қағидат бойынша орындалған бөліктер мен келешекке жоспарлар жөнінде жыл сайынғы қорытындылар шығару мен тиісті қарарлар қабылдау арқылы түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, форумдар мен жиналыстар тұрақты өткізілсін.

23. Бірнеше объективтік себептермен шетелдерде тұрып жатқан қазақ этносы мен диаспораларын топтастыру мақсатында қазақ тілін жетік білетін шетелдік азаматтардың белсенді қатысуымен, оның әлемнің көптеген елдерінде жүргізілетіні тәрізді жыл сайын дәстүрлі «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің Халықарлық білім күні» өткізілсін.

24. Салалық терминологиялық сөздіктерді Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясында іріктеу мен бекіту рәсімдерін жетілдіру жөніндегі ғылыми-ұйымдастыру кешенін әзірлеу мен жүзеге асыруға күш салынсын, 50 ірілендірілген бағыттан тұратын тақырыптық секциялар құрамы құрылсын, ұлттық терминологиялық қорды халықарлық стандарттарды және республиканың ғылымы мен өндірісі

қажеттіліктерін ескере отырып дамыту бойынша жұмыстар кешенінің жоспарлары мен бағдарламалары қарастырылып, бекітілсін.

25. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің ономастикалық лексикасын жаңа латын графикасында жүйелендіру бойынша бірқатар нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілсін.

26. Іс жүргізуді мемлекеттік тілге жаңа әліпбиді енгізу мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілдің дамуы мен қызмет етуі процестерін жетілдіру бойынша әзірленген және қабылданған нормативтік құжаттарды ескере отырып көшірудің қолданыстағы жоспарлары мен рәсімдеріне тиісті түзетулер енгізілсін.

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БАЯНДАМАЛАР

Қадірменді Нұрлан Зайроллаұлы!

**Құрметті Президент Әкімшілігі, Үкімет және Парламент мүшелері!
Қадірлі жиналысқа қатысушы әріптестер!**

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияға қарасты Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіру бойынша Жұмыс тобының жетекшісі әрі кәсіби лингвист ретінде айтарым: **мен өз басым және мен білетін зиялы қауым өкілдері, қалың жұртшылық – тәуелсіз Қазақстан тарихын екі маңызды кезеңге бөледі.**

Бірінші кезең – 2017 жылдың 12 сәуіріне дейінгі тарих.

Екінші кезең – одан кейінгі уақыт.

2017 жылдың 12 сәуірінен бастап еліміз дүниежүзіндегі ең озық, дамыған, өркениетті мемлекеттердің ұстанымы бойынша өмір сүре бастады. Бұл ұстанымды жалпақ тілмен қайырсақ – *парасат басымдығы* деуге болады.

Енді ұлттық саясатымыздың басты мақсаты, мемлекетіміздің қоғам алдына қойған негізгі талабы –

*рухани тазару,
рухани жаңғыру,
рухани кемелдену*

болып табылады.

Қаржы-экономика, байлық-билік, құрсақ тоқтығы ғана емес – негізгі адами қасиеттер:

*ар-намыс,
зерде-зейін,
сана-абырой*

үстемдік етпек.

Мұның өзі – еліміздің жоғары биік деңгейге көтерілгенінің бұлтартпас дәлелі, Елбасының сындарлы саясатының жемісі екені даусыз.

Мұның өзі «малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұлттық рухани құндылықтарымызға түбегейлі бетбұрыс басталғанының сәтті қисыны.

Елбасы: «Алдымен экономика, содан соң саясат» – деген ұстанымын тиянақтап, енді халқымызды «тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерімізді қайта түлетуіміз керек» деп, **жаңа белестерге жетеледі.**

Олар, атап айтсақ, заман талабына сай –

*бәсекеге қабілеттілік,
прагматизм,
ұлттық бірегейлік,
білім салтанаты,*

*эволюциялық даму және
сана ашықтығы.*

Осылардың **дінгегі, іргетасы, мазмұны әрі формасы** – тіл екені бесенеден белгілі.

Олай болса, латыннегізді қазақ жазуының реформасы – рухани жаңғыруымыздың **белортасы, шешуші факторы, терең мәнге ие бастама.**

Бұл тек қана тілдің реформасы емес – діл реформасы, жанымыздың жаңғыруы, **маңызды стратегиялық бағдарлама.**

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұлағатты пайымның ұлыстық, этностық шеңберінен шығып, ұлттық, мемлекеттік, азаматтық мәртебеге ие болуының айқын айғағы бұл.

Бұл – болашағымыздың тізгінін өз қолымызға алудың, Президент сөзімен айтсақ, «болашаққа бағдар», «рухани жаңғырудың» өзегі, Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарында сап түзеуінің жарқын кепілі.

Ұлт Көшбасшысы – Елбасы тапсырмасына сәйкес бұл келелі мәселе қалың жұртшылықтың белсене қатысуымен қолға алынууда.

Елдің түкпір-түкпірінен, шетелден, ауылдан да, қаладан да, халық қалаулылары мен мемлекеттік қызметкерлер, ғалымдар мен зейнеткерлер, жастар мен сырттағы отандастарымыз – бәрі де өз үлестерін қосуға тырысуда, бәрі де баталарын беріп, тілеуін тілеуде, хаттарын жазып, жобаларын жолдауда.

Қуантатыны – бүгін қазақстандықтардың басым көпшілігі осы үрдісті сана-сезімімен, шын жүрегімен, жан-тәнімен қолдайды.

Өйткені тіл – ұлттық кодтың бастысы, рухани жаңғырудың арнасы, халықтың жан дүниесі, мемлекеттің бет-бейнесі.

Мемлекеттік тіліміз – біздің арымыз да, барымыз да, ғасырлар бойы бабалар даналығы сіңген, бай тарихымыз, кемел рухымыз шалқыған байрағымыз, баға жетпес мақтанышымыз, Елбасы айтқандай, жарқын болашағымыз – осы мемлекеттік тілде.

Олай болса, тілімізді бүгінгі «тұсауланған» күйінен арылту, заман талабына икемдеу – ана тіліміздің алдындағы азаматтық та, перзенттік те борышымыз.

Біздің әліпби ауыстыруымыздың негізгі себебі – таза тілдік қажеттілікке тікелей байланысты. Бұдан саяси астар іздеушілер қателеседі.

Дүниежүзінде әр тілде әріп құрамы төл дыбыстар санынан әлдеқайда аз – бізде ғана олар көп болды.

Дүниежүзінде әр тілде тек қана төл дыбыстары көрініс табады – біздің тілімізде ғана бөгде тілдік таңба-дыбыстары қойдай өріп жүрді.

Дүниежүзінде сауатты, емле қатесіз жазу үйреншікті дәстүрге айналған – бізде ғана ережені бұзып жазуға етіміз үйреніп кетті.

Дүниежүзінде әр тіл өз заңдылықтарына сүйенеді, бізде ғана олар өрескел бұзыла береді.

Уақыттарыңызды көп алмау үшін слайд-кестеде үндіеуропа тілдерінің ең басты грамматикалық қағидаттарын көрсеттік.

Фонологиядағы буындар, морфологиядағы морфемалар (яғни түбір мен жұрнақтар), сөз таптары (зат есім, етістік, сын есім) – бұлардың бәрі бір-біріне ұқсамайды, бәрі әртүрлі.

Бәрі бірдей болса – грамматикалары да онда мүлде басқа болар еді.

Біз дәл осындай, дәл осы грамматиканы өзімізге көшіріп алдық.

Осы тұрғыдан келгенде, дәл осыған ұқсас жағдай тек тілімізге ғана тән емес – әдебиетімізге де, тарихымызға да, мәдениет пен өнерімізге де тікелей қатысы бар.

Басқасын былай қойғанда, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты Елбасының бағдарламалық мақаласының тарихи миссиясы – осындай олқылықтардың алдын алу, жетіспеушіліктердің орнын толтыру екенін әрдайым есте тұтқан абзал.

Сондықтан бар-жоғымызды түгендей отырып, Жұмыс тобы жан-жақты жұмыс атқарды.

Менен кейін сөз сөйлейтін баяндамашы Ербол Тілеш мырза жүзден астам жоба ішінен сұрыпталып шыққан Жұмыс тобы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты және Шайсұлтан Шаяхметов атындағы Тіл орталығы бекіткен қазақ тілінің бірыңғай жаңа әліпбиімен сіздерді арнайы таныстырады.

Мен бұл жерде латынға бізден бұрын көшкен түркітөктес мемлекеттер мен ЕО елдерінің тәжірибесі мұқият сарапталғанына назарларыңызды аударғым келеді. Кемшіліктері анықталып, артықшылықтары тізілді.

Кейбір тілдерде маңызды дыбыстар ескерілмей, түсіп қалды.

Кейбір тілдерде ғылыми-әдістеме жасалмай, реформалары тоқырап қалды, ұзаққа созылды.

Кейбіреулерінде науқаншылық басым болды.

Бізде мұның бәрі жан-жақты ескерілді.

Келесі айлардан бастап жоспарымыз бойынша кешенді түсіндіру мен насихаттау жұмыстары, тренинг пен семинарлар республиканың барлық өңірлерінде – батыста да, шығыста да, солтүстікте де, оңтүстікте де, орталық Қазақстанда да жалғаспақ.

Ең бастысы, маңызды орасан зор бұл келелі іс

жүйелі,

кешенді,

кезең-кезеңімен,

жоспарлы түрде,

науқаншылдыққа бой алдырмай,

белгіленген тәртіппен

қолға алынады.

Бір маңызды нәрсенің басын ашып алу қажет.

Көпшілік қауым тілдік реформаны әріп алмастыру деп жаңсақ түсініп жүр.

Алфавит қабылдау – айсбергтің ұшы ғана, қыруар жұмыстың бастамасы, алғышарты ғана.

Елбасы нақты атап өткендей, «алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілу тиіс».

Жаңа қазақ жазуының – әр қыры мен сырына байланысты жан-жақты ережелік, менгертуге арналған тәжірибелік-үйлестіру, нормативтік, ғылыми және ғылыми-әдістемелік, біліктілік пен тиімділікті арттыру бағытында – көптеген жұмыстар қолға алынбақ.

Тағы бір өте маңызды мәселе.

Қазақстан бұл тарихи шешімге өз еркімен **алғаш рет** қадам басты.

Мұны Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің бағдарламалық мақаласында ашық көрсетті.

Басында бізде көне түркі руна жазуы болды.

Одан кейінгі араб және кирилл жазуын біз өз еркімізбен таңдаған жоқпыз.

Жиырманшы жылдары латынға көшуді бастаған да – Кеңес үкіметі. Слайдта көрсетілгендей, КСРО-да жазуы қалыптасқан ұзын саны 72 тілдің басым көпшілігі, дәлірек айтсақ, 66-сына латын әліпбиі жасалынып, ресми түрде 50 тіл жаңа латын жазуына көшірілді.

Бұл тұрғыдан келгенде, Елбасы сөзінен артық айту мүмкін емес:

«Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы – негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді».

Дөп басып дәл айтылған сөз!

Қазақстан таңдау жасауға асықпады.

Соңғы ширек ғасыр ішінде Елбасы бір емес, бірнеше рет арнайы тапсырма берді.

Баса айту керек, Елбасы шешімі – Қазақстан халқының ортақ таңдауы.

Бұл – ұлттың рухани жаңғыруы мен ел дамуының орасан зор, ең маңызды, басты алғышарты болып табылатын – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілінің қажеттілігі мен дамуы жолында ерікті түрде қабылданған пайым, тәуелсіз таңдау.

Дамыған өркениетті елдердің қатарына ену үшін мемлекеттік тіл, Елбасымыз айтқандай, қоғамдық өмірдің және мемлекеттің барлық саласында толыққанды қолданыста болуы керек.

Олай болса, баяндамамды Президент сөзімен аяқтауға рұқсат етіңіздер: «Латынға көшу – қисынсыз мәселе емес, заман талабы».

Осы кесімді тұжырым – біздің реформамыздың квинтэссенциясы.

Назарларыңызға рақмет!

Құрметті Әділбек Рыскелдіұлы! Қадірлі Ұлттық комиссия мүшелері!

Жұмыс тобының жетекшісі әрі кәсіби лингвист ретінде айтарым: біз тамыры терең тарихи шешім қабылдайтын ұлы өзгерістің алдында тұрмыз.

Көпшілік қауым әліпби ауыстыруды әріп алмастыру деп жаңсақ түсініп жүр.

Шындығында, солай ма!? Жоқ! Бұл – теріс пікір.

Жаңа ұлттық әліпбиіміз – тағдыр сыйы, болашақтың бағдары, бұл – халық тандауы.

Тағы да тілтанушы ретінде баса айтқым келеді: Қазақстан халқы әртүрлі жағдайларға байланысты **соңғы мыңжылдықта дербес әрі ерікті түрде дәл осындай маңызды шешімді алғаш рет қабылдады.**

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің тарихи-бағдарламалық мақаласында ежелгі заманда ата-бабаларымыз көне түркі руна жазуын пайдаланғаны жөнінде атап өтті.

Одан кейінгі араб жазуын біз өз еркімізбен таңдаған жоқпыз, тіпті, кирилл жазуын меңгеруіміз де салқын саясат ықпалымен халықтың қалауынсыз жүзеге асқанын сіз де, біз де жақсы білеміз.

Қалай ойлайсыздар, латын графикасына көшу – кімнің идеясы?

Осы орайда көпшіліктің ойына Ататүрк есімі оралатыны сөзсіз. Бірақ ол емес. Латын графикасына толық көшудің негізін қалаған басқа адамдар болатын.

Сонда кім болуы мүмкін? Бірден топшылау қиын-ақ, себебі біз ақиқаттан алыстадық. Дегенмен шындық та, жауап та біреу-ақ: 1918 жылдан бастап КСРО-ны латыншаға аудару бастаған Ленин. Идеяны жүзеге асыру Луначарскийдің өзіне жүктелген. Нәтижесінде, КСРО-да жазу-сызуы қалыптасқан ұзын саны 72 тілдің басым көпшілігі, дәлірек айтсақ, 66-сына латын әліпбиі жасалды және ресми түрде 50 тіл жаңа латын жазуына көшірілді. Сол кезде орыс тілін де латын графикасына көшіру үшін дайындықтың бәрі жасалған еді.

Ғасырлар бойы барша бауырлас елдермен ортақ араб жазулы кеңістікте тұтас болған түріктер бізден ірге ажыратпау үшін бізден кейін іле-шала латынға көшті.

Сөйте тұра, Ленин қайтыс болған соң Сталин тыйым салып, үзілді-кесілді толықтай бас тартады.

Өткен ғасырдың 20-30-жылдарында әліпби ауыстыруға белсенді араласқан қазақтың көрнекті қайраткерлері латын әліпбиіне көшу бастамасы – халықтан емес, Одақ билігі тарапынан бастау алады деп айтқанының мәні осында.

Бұл тұрғыдан келгенде, Елбасы сөзінен артық айту мүмкін емес: «Қазақ тілінің әліпбиін өзгерту тарихы негізінен нақты саяси себептермен айқындалып келді». Дөп басып дәл айтылған сөз!

Олай болса, біз тарихымызда алғаш рет тұңғыш президентіміздің бастамасымен әрі тікелей басқаруымен, ешқандай саяси себептерге байланысты емес, сыртқы әсерсіз, тек қана, ең алдымен, қарқынды дамып келе жатқан елдің – Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің төл табиғаты мен заңдылықтарына әрі ішкі қажеттілігіне сәйкес өзіндік жазу жүйесін қалыптастыруды қолға алдық.

Қазақстан таңдау жасауға асықпады.

Соңғы ширек ғасыр ішінде жаңа ұлттық жазу мәселесін жүзеге асыруда кездесетін қиындықтар мен әралуан қоғамдық пікірді білу үшін Елбасы бір емес, бірнеше рет арнайы тапсырма берді. Қазіргі уақытта «алдымен экономика, содан соң саясат» бағдарламасы нәтижелі жүзеге асқаннан кейін, Нұрсұлтан Әбішұлы латын графикасына көшу туралы тарихи маңызы зор шешім қабылдады.

«Латынға көшу – қисынсыз мәселе емес, заман талабы». Н.Ә.Назарбаевтың осы кесімді сөзі – біздің бағдарламамыздың квинтэссенциясы.

Жұмыс тобы – бағдарламаны іске асыруға дайын.

Өткен бір айдың ғана ішінде мынадай құжаттар әзірленіп, көптеген жұмыстар атқарылды, олар:

✓ Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшірудің Концепциясы;

✓ Жұмыс тобы қызметінің әдістемелік нұсқаулығы;

✓ Ақпараттық-анықтамалық материалдар: Таяу жылдар күн тәртібі;

✓ Жұмыс тобының құрамы ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми-сараптама қауымдастықтарының білікті қызметкерлерінен жасақталды. Қазақ тілінің ғалымдарымен қатар – кирилл жазуы, ағылшын тілінің, IT және компьютерлік лингвистика, тіл символдарын бағдарламалау мен кодтау бойынша мамандар да кірді.

Сонымен қатар Жұмыс тобының:

○ Басқарушы кеңестің;

○ Сарапшы кеңестің;

○ Қолдаушы серіктес тобының;

○ Өңірлік бөлімшелердің

– құрамы мен қызметтері анықталды;

✓ «Жаңа ұлттық әліпби: Қазақ жазуының модернизациясы» атты кешенді ғылыми-зерттеу бағдарламасы әзірленді;

✓ Қазақ жазуын латын графикасына көшіру жөніндегі Жұмыс тобының Жоспары дайындалды;

✓ Қазақстанның барлық өңірінен кәсіби мамандардың қатысуымен «Тамыры терең әліпби» атты республикалық конференция ұйымдастырылды;

✓ Латын графикасына көшу мәселесіне байланысты:

- ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтымен;
- Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазҰАУ және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен;
- ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті және Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығымен бірлескен жиындар;
- ✓ Жұмыс тобының алғашқы жұмыс отырысы өтті.

2017 жылға нақты жұмыс жоспары бекітілді. Онда мыналар қамтылған:

I. Жұмыс тобы мен оның бөлімшелерінің отырыстары барысындағы ғылыми-ұйымдастыру, сараптамалық және іске асыру іс-шараларында латын графикасына төл сөздер мен кірме сөздерді бір жүйеге келтіру, жаңа жазу жүйесінің белгілерін төменде көрсетілген негізгі салалар бойынша қазақ тілінің табиғатына сәйкес дыбыстық жүйесіне бейімдеу:

1. Сөз мәдениеті, орфография;
2. Математикалық, IT-лингвистика;
3. Әлеуметтік лингвистика;
4. Фонетика, фонология, интонология, орфоэпия;
5. Грамматика, морфология, сөзжасам;
6. Лексикология, фразеология, лексикография;
7. Терминология, аударма ісі, арнаулы атаулар;
8. Ономастика, жалқы есімдер;
9. Этнолингвистика, архаизмдер;
10. Тіл тарихы, компаративистика.

II. Латын әліпбиіне көшкен елдердің тәжірибесін талдау.

III. Зерттеу жұмысының қорытындылау кезеңінде Қазақстанның батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік, орталық өңірлерінде және Алматы мен Астана қалаларында оқыту-тренингтік семинарларын ұйымдастыру.

IV. Үйлестіру, кеңес беру бағытындағы әдістемелік онлайн режимдегі Вебинар жұмысын және ҚР БҒМ Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының порталында орналасқан «Сұрақ-жауап» белсенді ақпараттық қызметінің жүйесін іске қосу.

V. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің латын графикасы негізіндегі бірыңғай жаңа әліпбиі мен емле жүйесін бекіту кезеңінің рәсімдерін (іс-шараларын) іске асыруды төмендегі ұйымдардың:

- ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамыту республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының қатысуымен өтетін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кеңейтілген Ғалымдар кеңесінде;

- ҚР Білім және ғылым, ҚР Мәдениет және спорт, ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрліктерінің бірлескен Коллегиясында;
- Жоба кураторы келісімімен әрі қарай басқа да жоғары инстанцияларда (ҚР Үкіметі, ҚР Президент Әкімшілігі) талқылай отырып, қамтамасыз ету.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН КИРИЛЛИЦАДАН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ АРАЛЫҚ ЕСЕБІ

Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру бойынша Жұмыс тобының бес отырысы өтті.

Нәтижесінде:

– Жұмыс тобының мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру бойынша жұмыс жоспары;

– Латын графикасына көшу бағдарламасы;

– Латын әліпбиіне көшірудің тұжырымдамасы;

– Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру бойынша Жұмыс тобын ұйымдастыру қызметінің әдістемелік ұсыныстары;

– «Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту» атты ғылыми жоба;

– Латын әліпбиіне көшіру бойынша іс-шаралардың жоспары;

– Мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру бойынша ақпараттық-анықтамалық материалдар әзірленді.

Өткізілген іс-шаралар:

– Қазақстанның әр аймақтарынан мамандар мен ғалымдарының, АҚШ-тың Вискон университеті мен Түркияның Стамбұл университетінің профессорларының қатысуымен өткен «Тамыры терең әліпби» халықаралық конференция;

– «А.Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және енгізу» республикалық конференция;

– «Рухани жаңғыру және әліпби реформасы» республикалық дөңгелек үстел;

Латын әліпбиіне көшу мәселелері бойынша басқа мекемелермен бірлесіп өткізілген Жұмыс тобының отырыстары мен кеңестері:

– Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеу институты;

– Назарбаев Университеті мен ұлттық университеттер (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ және ҚазҰАУ);

– Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті мен Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы:

а) Терминология бойынша (орфографиялау қағидаттары);

ә) Ономастика бойынша (халықаралық және ұлттық стандарттар).

– Абай атындағы ҚазҰПУ-мен бірге «Рухани жаңғыру: Қ.Жұбанов мұрасы»;

– Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, Тіл білімі институты, Әдебиет және өнер институты, Тарих және этнология институты, Философия, политология және дінтану институты, Шығыстану институты;

- Халықаралық Түркі академиясы;
- «Қазақстан – 2050» демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясы;
- «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент мектебі;
- «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Мирас» республикалық кеңесі;
- Қазақстан халқы Ассамблеясы.

Жұмыс тобы «Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы» Парламенттік тыңдауға қатысты.

20-дан аса ғылыми-практикалық және ғылыми-әдістемелік форумдарда 2,5 мыңнан астам ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Бұл мәселе ағымдағы жылдың шілде айында Стамбұл қаласындағы түркологиялық құрылтайда халықаралық дәрежеде талқыланып, қолдау тапты.

Тек БАҚ-та 2 мыңдай мақала мен шолулар жарияланды.

Әлеуметтік желілерде 1800-ден астам мазмұнды жарияланымдар жарияланды.

Ұлттық әліпбиді латын графикасына көшіру бойынша шетелдік тәжірибені талдау

Еуропа мемлекеттері мен түркітілдес елдердің тәжірибелері қолданылып, мұқият талданды, кемшін тұстары мен ұтымды жақтары есепке алынды.

- Еуропа елдері, Ұлыбритания;
- Түркітілдес елдер (Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Түркіменстан).

Осы елдерде жазуға жүргізілген реформаның кемшіліктері мен артықшылықтары, ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталып, оларға талдау жасалынып, сараптамалық баға берілді, қазақ жазуын жаңғыртудың негізгі аспектілері бойынша нақты ұсыныстар тұжырымдалды.

Бұл мәселеге қатысты қоғамның пікірін қалыптастыру мен барлау, әртүрлі саясиландыру әрекеттерінен аулақ болу үшін түсіндіру жұмыстарын дұрыс жүргізу

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес, бұл мәселені талқылау жұмыстары жалпы жұртшылықтың қатысуымен жүзеге асырылуда. Атап айтқанда: ғалымдар мен мемлекеттік қызметкерлер, жеке секторлар мен республикамыздағы жоғары оқу орындары, жастар мен зейнеткерлер, шетелдік отандастарымыз бен шетелдік сарапшылар, жазушылар мен депутаттық корпус, компьютерлік ғылым саласының, ағылшын тілінің мамандары, қазақ тілінің мамандары мен түркологтар т.б.

Жұмыстың қыр-сырына келер болсақ, азаматтар мен Жұмыс тобы бастама жасай отырып, әрбір ұсынысты мұқият зерттеп, жауап қайтарады, жеке қатысушыларды түрлі іс-шараларға шақырады, осылайша халық арасында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін жаңа әліпбиге

ауыстырудың тарихи маңызды кезеңіне ортақтастық ахуалын қалыптастырады.

Нұсқаларды сатылау мен іріктеу өлшемшарттары

Іріктеу өлшемшарттары:

Бекітілген сауалнамалық деректерді авторлардың міндетті түрде толтыруы;

Ақпараттық сипаттамалардың маңыздылығы;

- Пернетақтаның ағылшынша жазуға бейімдендірілген нұсқасы;
- UNICODE – техникалық бейімдеу (инженерлік);
- Филологиялық нұсқалар;
- Интернет, IT-нұсқа;
- Аралық және «алдын ала дайындалған үлгілер»;
- «Әуесқойлық шығармашылық».

«География» және қатысушыларды кәсіби бөлу

• Гуманитарлық бағыттағы ғалымдары және техникалық профиль өкілдері;

• Парламент пен мәслихаттардың депутаттары, мемлекеттік корпус;

- Жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтары;
- Шетелдік отандастар, жақын және алыс шетелдердің азаматтары;
- Еуропалық (поляк және чех) тәжірибе, АҚШ сарапшылары;
- Түркітілдес елдер сарапшыларының қалауы бойынша;
- Дипкорпус;
- «Жеке бастама» (оқытушылар, студенттер, зейнеткерлер және т.б.).

БАСТЫ МАҚСАТ

Латын жазуына негізделген қазақ әліпбиін қайта құруда «басы артық» и, у, ю, е, я және т.б. графемаларды қолдану арқылы туындаған заманауи орфографиялық, орфоэпиялық және жазу нормаларындағы «бұрмалау» мен «қайшылықтарды» жою.

Тіл бөлімдеріне сәйкес қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін есепке алу – ұлттық жазбаларды жаңғырту, жаңа емле ережелерін жасау.

Есеп кезеңіндегі жарияланымдар

1. «А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы: Зерттеу, жүйелеу, насихаттау». Ғылыми-тәжірибелік мақалалар жинағы



2. «Тамыры терең әліпби» ғылыми-тәжірибелік мақалалар жинағы



3. «Түркі ортақ әліпби» (авторлары – Жұмыс тобының мүшелері) ғылыми-тәжірибелік мақалалар мен нормативтік материалдар жинағы



4. «Латын әліпбиіне көшу: дайындық барысы» атты материалдар жинағы



5. «Төл әліпби – төл жазу мәселелері» атты монография баспаға жіберілді

ҚАЗАҚ ЖАЗУЫН ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА КӨШІРУ БОЙЫНША ТАЯУ ЖЫЛДАРДА ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшуі

Президент «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне кезең-кезеңімен көшуін бастама етіп көтерді. Бұл ретте, латын әліпбиіне көшудің негізінде, бір жағынан, терең тарихи логика, ал екінші жағынан, Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінің ерекшелігі, қазіргі ХХІ ғасырдағы ғылым-білім беру процесі үшін маңызы зор әлемдегі технологиялық орта және коммуникация ерекшеліктері жатыр.

Қазақ жазуының даму тарихы

Халықтың үлкен өнертабыстарының бірі – жазу. Жазу қоғамның жинап-түйген тәжірибесінің бәрін бір жерге шоғырландырып, оны ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беруге мүмкіндік береді. Жазу ұлттық кодтарды қалыптастырып, қарым-қатынас жасаудың уақыттық және кеңістіктік шектеулерін жояды.

Өзінің дамуы барысында қазақ тілі нақты тарихи кезеңнің талаптарына бейімделе отырып, жазуын бірнеше рет өзгертті.

VI-VII ғасырларда көне түркі халқы, ата-бабаларымыз, оның ішінде қазіргі қазақтардың ата-бабалары ғылымда орхон-енисей жазуы деген атаумен белгілі көне түркі руна жазуын пайдаланған. Бұл – әріптік жазудың көне түрінің бірі. Мұндай көне жазу нұсқаларының бірі 1896–1897 жылдары Қазақстанда Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) маңынан анықталған. Ол жерден көне түркі жазуы жазылған 5 тас табылды. 1940 жылы Шығыс Түркістанда VIII ғасырдың ортасындағы жақсы сақталған 4 көне түркі жазуы анықталды. XV ғасырға дейін түркі тілі Еуразияның басым бөлігінде ұлтаралық қарым-қатынас тілі болған. Мысалы, моңғолдың Бату және Мөңке атты хандары басқарған кезде Алтын Ордадағы ресми құжаттардың бәрі, халықаралық келіссөздер моңғол тілінен бөлек, түркі тілінде де жүргізілген.

Қазіргі Қазақстан аумағына ислам діні келгеннен бастап, яғни X ғасырдан бастап араб жазуына көшкен, бұл жазу ХХ ғасырдың басына дейін қолданылған. Қазақ тілінің араб жазуына көшудегі маңызды фактор – ол тілдің халықаралық деңгейде кеңінен қолданылуы болды. Араб жазуы Қазақстанда рухани және ақсүйектер мектебінде, сондай-ақ ресми келіссөздерде қолданылған, өйткені араб тілі халықаралық қарым-қатынас тілі болған. Араб жазуының әсем ою-өрнектерімен ғимараттарды безендірген, ғалымдар мен ақындар еңбектерін араб тілінде жазып, олардың беттерін жоғары көркемдік деңгейде салынған суреттермен өрнектеген.

1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуына негізделген қазақ жазуын сол заманның талаптарына бейімдеу мақсатында оған реформа жасап, бұл жазуды шетелде тұратын миллиондаған қазақтардың

пайдалануына мүмкіндік берді. «Жаңа емле» деп аталатын жаңа әліпбиді Қытай, Ауғанстан және Иранда тұратын қазақтар әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Сондай-ақ сол дәуірдің зерттеушілері мен қоғам қайраткерлерінің пікірінше, қазақ тілінің дамуында маңызды рөл атқарған араб жазуы (халық арасында «төте жазу» деп аталады) өзінің әлеуетін төмендетті.

1929 жылдан бастап Қазақстан аумағында жаңа, латынға бейімделген әліпби – «Бірыңғай түркі әліпбиі» пайда болды. Латын жазуына негізделген бұл жазу 1939 жылға дейін қолданылып, 11 жылдан кейін латын жазуының орнына кирилл әліпбиі келді. 1940 жылы «Латын жазуына бейімделген қазақ жазуын орыс жазуының негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы» Заң қабылданды.

Кезең-кезеңмен көшу және ойластырылған тәсіл – маңызды талаптар

Қазақстан саясатының ерекше белгісі – белгілі бір бастамалар мен реформаларды іске асыру тәсілдерінің ойластырылғандығы болып табылады. Френсис Бэкон: «Уақытында жасалмаған іс – бекер іс», – деген екен.

Қазақ тілін латын жазуына көшіру туралы ұсыныс, жаңа әліпби дайындау және құжат айналымы мен кітап басып шығаруды латын тіліне ауыстыру қазақстандықтар үшін кенеттен туындаған мәселе емес. Бұл мемлекеттің мақсатты түрде және кезең-кезеңмен бет алған бұрыннан мәлімделген мақсаты. Сондай-ақ бұл бастама «сырттан» келген жоқ, оны бастама етіп көтерген Қазақстан азаматтары.

Латын жазуына көшудің қажеттігі туралы мәселені Қазақстанның қоғам қайраткерлері мен тіл білімі саласындағы мамандар тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ ұсынған болатын. Қазақ тілінің жазуын өзгертудің орындылығы туралы мәселе алғаш рет 1992 жылы бұрынғы КСРО аумағында тұратын түркітілдес халықтардың өкілдері қатысқан Түркияда өткен Түркологиялық Конгресс аясында айтылған болатын.

Конгрестен кейін Тіл білімі институтының директоры, академик Әбдуәли Қайдар Президент Н.Ә. Назарбаевқа хат жолдады, хатта көптеген түркітілдес елдер Кеңес одағы құлағаннан кейін латын әліпбиін игергенін, сондықтан Қазақстан да сол елдердің ізімен жүруі керек екендігін атап жазған болатын. Хатқа Тіл білімі институты әзірлеген латын жазуына көшудің тұжырымы және латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінің алғашқы жобасы тіркелді. Ұсыныс мұқият қарастырылды. Алайда сараптамалық бағалар қоғамның мұндай күрт өзгерістерге дайын еместігін көрсетті.

Бұл мәселе 2006 жылы тағы да күн тәртібіне қойылды, Қазақстан халқы Ассамблеясында Елбасымыз әлемдік коммуникациялық кеңістікте латын жазуының басым екенін айтып, мамандарды латын жазуына көшу мүмкіндігі туралы мәселені талқылауға шақырды.

Латын жазуына кезең-кезеңмен көшу туралы мәселенің жаңа «Қазақстан – 2050» стратегиясында» көтерілуі қисынды. Президенттің 2012

жылғы «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында қазақ тіліне жаңғырту жүргізетін кез келді делінген. Қазақ тілі «Қазақстан халқын біріктіруші болуға тиіс».

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз... Осылай тәуелсіздігіміз бүкіл ұлтты ұйыстыратын ең басты құндылығымыз – туған тіліміздің мерейін үстем ете түседі. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», – деді Президент. Сол кезде қазақ жазуының латын жазуына көшуінің нақты уақыты 2025 жыл деп көрсетілген.

Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қазақ жазуын латын графикасына көшіру тақырыбын нақтылай келе, мамандар мен Үкіметтің алдына мынадай міндеттер қойды:

- 2017 жылдың соңына дейін жаңа графикадағы қазақ әліпбиінің бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау;
- 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді оқытатын кадрлар даярлау мен орта мектептерге арналған оқулықтар даярлауды бастау;
- қазақ тілін латын қарпіне көшірудің нақты кестесін әзірлеу;
- 2025 жылдан бастап ісқағаздарын латын қарпінде жүргізу, мерзімді баспасөзді, оқулықтар мен басқа басылымдардың барлығын латын қарпінде жариялау.

Қазақ жазуын латын графикасына көшіру қажеттілігі туралы айта келе, Ұлт Көшбасшысы қазақ тілін латын қарпіне көшіру процесі жақсы дайындықпен және байыпты түрде жүргізілуге тиіс деп атап көрсетті. Бұл біздің әлемдік өркениетпен ықпалдасуымызға, ағылшын тілін және интернет тілін үйренуімізге жағдай жасайды.

Не үшін латын қарпі таңдалды?

Латын графикасына көшуге байланысты жиі қойылатын сұрақтардың бірі: «Не үшін кирилл қарпінен бас тартуымыз керек және не үшін қазақтар пайдаланған арабтың өрме жазуын емес, латын қарпін таңдаймыз?»

Мәселенің басты себебі – әлемнің жаһандану процесіне ұмтылуында. Латын қарпі қазіргі кезде жаһанданудың графикасына айналды. Латын қарпі жаңа технологиямен, компьютермен, сапалық жетістіктермен байланыстырылады. Тіпті жапон тілінде аталатын жапон фирмаларының өздері атауларын латын қарпімен жазғанды дұрыс санайды. Тіпті, Қытайда экономиканың бірнеше секторында әлемдік нарыққа шығу үшін, әлемдік деңгейдегі тұтынушыға түсінікті болу үшін латын қарпі қолданылатындығы белгілі. Латын қарпі брендтік графикаға айналып отыр. Латын қарпіне көшу уақыт талабынан қалмау үшін, әлемдік кеңістікке табысты интеграциялану үшін, бір қызығы, интеграцияланып қана қоймай, өзінің кескін-келбетін сақтап қалу үшін маңызды болып отыр.

Кирилл қарпін, керісінше, әлемнің көп елі біле бермейді. Ресей, Украина, Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Болгария, Сербия және Македония сияқты елдерді қоспағанда, оны тіпті ешкім қолданбайды десе де болады. Кейбір славян мемлекеттері, мысалы, Польша, Чехия кирилл қарпін емес, латын қарпін қолданады және бұрынғы кеңестік елдер, мысалы, түркітілдес мемлекеттерді айтпағанда, Молдавия бірден латын қарпіне көшіп, жалпыәлемдік ақпараттық кеңістікке еніп отыр.

Шет елдерде тұратын қазақтар өз қандастарымен ана тілінде сөйлескенде, латын қарпіне негізделген заманауи ақпараттық желілерді пайдалануды барған сайын арттырып отыр. Қазақстан жастарының шет тілдерін меңгеруге деген ұмтылысы, қоғамды компьютерлендіру, интернетті пайдалану, шығыс мәдениетінің телевидение, кино арқылы ықпал етуі, еуропалық сапаға ұмтылу – осының барлығы біздің қоғамды «латын қарпінің құшағына» еріксіз әрі біртіндеп тартып келеді.

Қазақстан қазіргі кезде әлемдік экономикалық процестердің белсенді қатысушысы болып табылатындықтан, латын графикасына көшудің де мультипликативті әсері болады. Қазақстан жүргізіп отырған саясаттың тұрақтылығы мен болжалымдылығы, Қазақстанда бизнес жүргізуге жасалған қолайлы жағдайлар шетелдік компанияларды Қазақстан аумағына барған сайын тартуда. Атап айтқанда, Бәсекеге қабілеттілік индексінің рейтингінде Қазақстан 2015-2016 жылдары 42 орынды иеленді. «Жәдігерлер қоры» («Фонд наследия», The Heritage Foundation) Америкалық зерттеу орталығының Экономикалық бостандық рейтингінде де 2016 жылы Қазақстан 42 орыннан көрінді. Doing Business Дүниежүзілік банктің рейтингінде Қазақстан 35 орынға тұрақтап, қатарынан төрт жыл бойы үздік реформатор ретінде мойындалып келеді. Шетелдік азаматтардың Қазақстанға деген қызығушылығының артуы олардың қазақ тілін білуге деген мүддесін де ынталандырады. Қазақстанмен экономикалық байланыстарын кеңейтуді жоспарлай отырып, көптеген шетелдік компаниялар өз қызметкерлерінің қазақ тілін үйренуіне жағдай жасауда. Осы ретте шетелдіктердің қазақ тілін латын қарпі арқылы үйренуі оңай екендігі даусыз. Сонымен қатар қазақ жазуының латын графикасына көшуі Қазақстанның туризм саласына да қолайлы жағдай туғызады.

Латын графикасына көшудің таза лингвистикалық сипаттағы бірқатар себептері де бар. Латын қарпіне көшу қазақ тілін дамытуға жаңа серпін береді. Өйткені бұл процесс тілдің грамматикалық, әсіресе фонетикалық жүйесін үйлестіруге жәрдемдеседі. Ғалымдар латын графикасы пайдалануға өте қолайлы әрі қазақ тілінің фонетикалық жүйесін дәл береді деген пікірде. Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар, оның 33-і орыс тілінің және тоғызы – қазақ тілінің төл әріптері. Ал қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі дыбыс саны – 28. Лингвистика заңдарына сәйкес, дыбыстарға қарағанда әріптер саны аз болуы керек. Ал қазақ тілінде керісінше болып отыр, өйткені біз орыстың барлық әріптеріне қазақ тіліне тән дыбыстарды білдіретін әріптерді

костық. Егер біз латын қарпіне көшсек, бір дыбыс белгілі бір әріппен ғана таңбаланатын болады.

Мәселені саясиландыру орынсыз

Кейбір адамдарда латын қарпіне көшу мәселесі қандай да бір басқа мүдделерге, мысалы, геосаяси мәселелерге қатысты жасалып отыр деген пікір қалыптасқан. Қазақстан латын қарпіне көшсе, Ресейден іргесін аулақ салады деген сөздерді де естіп қаламыз. Бұл сын көтермейтін тұжырым деп есептейміз. Қазақстанның Ресеймен құрлық шегарасы – әлемдегі ең ұзын шегара, ортақ тарихи, мәдени, экономикалық, туыстық байланыстар – мұның бәрі екі елдің бір-бірінен алшақтауына мүмкіндік бермейді. «Өркениетті таңдау» деген ұғымды «геосаяси таңдау» деген түсініктің синонимі ретінде қабылдауға болмайды. Қазақстан Республикасының Президенті бірнеше дүркін атап өткеніндей, біз орыс тіліне байыппен қараймыз, орыс тілін білу мәдениетіміздің деңгейінің көрсеткіші болып табылады.

Шымкент қаласында жұртшылықпен кездесу кезінде сөйлеген сөзінде Президент: «Біз кирилл қарпінен қол үзіп кете алмаймыз және орыс тілі мен мәдениетін ұмыта алмаймыз. Бұл қазақтар үшін мүмкін нәрсе емес. Біз орыс тілі арқылы әлемдік мәдениетті, әлемдік прогресті таныдық. Сондықтан ол әрқашан бізбен бірге. Адам қанша көп тіл білсе, ол соншалықты зиялы. Ресей – біздің үлкен көршіміз, құдай қосқан көршіміз және біз әрқашан бірге боламыз».

Сонымен, тілдік графика реформасын қазақ тілін жаңғырту тұрғысынан ғана қарастыру керек. Бұл – графикаға ғана қатысты жүргізілетін реформа. Біз қандай да бір өзге тілге көшіп кетпейміз, графиканы ғана жаңғыртамыз.

Қазақстандық сарапшылардың пікірінше, түркітілдес мемлекеттердің барлығы дерлік (Әзербайжан, Түркіменстан, Өзбекстан) латын әліпбиіне өтіп болғандығы латын графикасының түркі тілдерінің фонетикалық құрылымын дәл бейнелейтіндігін растайды. Осы ретте латын графикасына көшу бұл елдердің сыртқы саяси бағыт-бағдарына әсер етпегендігін атап айтуымыз қажет.

Егер мәселеге сезімге берілмей, прагматикалық тұрғыдан келетін болсақ, онда бұл тілдің қызмет етуі мен практикалық қолданысының мәселесі болып табылады.